



Xerox® B1025

Көпфункционалды құрылғысы

Пайдаланушы нұсқаулығы

© © Xerox Корпорациясы, 2018 ж. Барлық құқықтар қорғалған. Xerox®, Xerox және Design® АҚШ-тағы және басқа елдердегі Xerox корпорациясының тауар белгілері болып табылады.

Apple®, AirPrint®, Bonjour®, Mac® және Mac OS® АҚШ-тағы және басқа елдердегі Apple Inc. компаниясының тауар белгілері және тіркелген тауар белгілері болып табылады.

Google Cloud Print™ веб-баспа қызметі, Gmail™ веб-пошта қызметі және Android™ мобильдік платформасы Google, Inc компаниясының тауар белгілері болып табылады.

HP-GL®, HP-UX® және PCL® АҚШ-тағы және басқа елдердегі Hewlett-Packard корпорациясының тіркелген тауар белгілері болып табылады.

Microsoft®, OneDrive®, Windows Vista®, Windows® және Windows Server® АҚШ-тағы және басқа елдердегі Microsoft корпорациясының тіркелген тауар белгілері болып табылады.

McAfee®, ePolicy Orchestrator® және McAfee ePO™ АҚШ-тағы және басқа елдердегі McAfee Inc. компаниясының тауар белгілері және тіркелген тауар белгілері болып табылады.

Mopria - Mopria Alliance тауар белгісі болып табылады.

UNIX® АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген, X/Open Company Limited компаниясы арқылы эксклюзивті лицензиясы бар тауар белгісі болып табылады.

Wi-Fi CERTIFIED Wi-Fi Direct® - Wi-Fi Alliance ассоциациясының тауар белгісі болып табылады.

1 Қауіпсіздік	9
Қауіпсіздік техникасы жөніндегі хабарл.....	10
Электр қауіпсіздігі	11
Жалпы нұсқаулықтар	11
Қуат көзінің баусымы	11
Электр қуат көзін апаттық ажырату	12
Лазерлік жабдықпен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шаралары	12
Пайдалану кезіндегі қауіпсіздік	13
Пайдалану жөніндегі нұсқаулар	13
Озонның бөлініп шығуы	13
Принтерді орналастыру	14
Принтерге арналған шығын материалдары	14
Қызмет көрсету кезіндегі қауіпсіздік техникасы	15
Принтердегі белгілер	16
Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша жүгінуге арналған байланыс деректері	18
2 Жұмыстың басталуы	19
Принтердің тораптары мен бөлшектері	20
Алдынан көрінісі	20
Артынан көрінісі	20
Ішкі құрамдас бөліктері	21
Түпнұсқаларды бергіш	21
Басқару панелі	23
Ақпараттық беттер	25
Ақпараттық беттерге қолжетімділік және оларды басып шығару	25
Конфигурация туралы есепті басып шығару	25
Жүйелік әкімші атқарымдары	26
Xerox® CentreWare® Internet Services	26
Xerox®CentreWare® Internet Services қосымшасына қолжетімділік	26
Принтердің IP-мекен-жайын анықтау	26
Деректерді автоматты жинау	27
Қызмет көрсету жөніндегі көмекші	27
Есепке алу және пайдалану есептегіштерін қарау	28
Қосымша мәліметтер	29
Орнату және баптау	30
Орнату және баптау жөніндегі қысқаша мәліметтер	30
Принтерге арналған орнату орнын таңдау	30
Принтерді қосу.....	30
Желі баптауын орнату.....	34
Принтерде сканерлеу режимін қосу	34
Энергия үнемдеу режимі	35
Драйверді орнату	35
WSD веб-қызметі ретінде принтерді орнату	39
Mopria и Google Cloud Print қызметінің көмегімен мобильдік құрылғылардан басып шығару	40
3 Қызметтерді пайдалану	41
Көшірмелеу	42

Көшірмелеу	43
Көшірмелеу баптауларын өзгерту	44
Кітапты көшірмелеуді таңдау	50
Мұқабаларды көшірмелеу	50
Брошюралар құру	51
Сканерлеу (қайда)	52
Сканерлеу кескіндемесін шығу құрылғысына жіберу	52
Электронды поштаға сканерлеу	53
Желідегі компьютердегі жалпы папкаға сканерлеу	55
Компьютерден сканерлеуді іске қосу	58
USB-жинақтағышқа сканерлеу	58
Сканерлеу параметрлерін баптау	59
Электронды пошта	65
Электронды поштаға сканерлеу	65
Факс	68
Факсты жіберу	68
Факс параметрлерін орнату	69
Факстің пошта жәшіктерін пайдалану	73
Сауалнама	74
Куәлікті көшірмелеу	76
Куәлікті көшірмелеу	76
USB	78
USB-жинақтағышқа сканерлеу	78
USB-жинақтағыштан басып шығару	78
Сақталған жұмыстар	80
Сақталған жұмыстар тізімінен басып шығару	80
Мекен-жай кітабы	81
Мекен-жай кітабына байланысты қосу	81
Байланыс жазбасын мекен-жай кітабына импорттау	82
Xerox® CentreWare® Internet Services қосымшасының көмегімен мекенжай кітабындағы байланыстарды өзгерту және жою	82
Жұмыс мәртебесі	83
Басқару панеліне жұмыс мәртебесін тексеру	83
Баспаның орындалатын жұмыс жою	83
Аппараттың мәртебесі	84
Принтердің IP-мекен-жайын анықтау	84
Басқару панеліндегі ескертулерді қарау	84
Принтердің шығын материалдарының жай-күйін тексеру	85
Есепке алу есептегішінің көрсеткіштерін тексеру	85
4 Басып шығару	87
Басып шығару туралы қысқаша мәліметтер	88
Басып шығару параметрлерін таңдау	89
Принтер драйверінің анықтамалық жүйесі	89
Windows басып шығару параметрлері	90
Macintosh басып шығару параметрлері	91
Linux жүйесінде басып шығару параметрлері	91
Мобильдік басып шығару параметрлері	94
«-тен Басып шығару» атқарымын пайдалану	94
Басып шығару атқарымдары	96

Жұмыстарды басқару	96
Арнайы түрдегі жұмыстарды басып шығару	97
Басып шығаруға арналған қағаз параметрлерін таңдау ..	98
Масштаптау	98
Екі жақты басып шығару	98
Айналық кескіндемелерді басып шығару	99
Бір бетте бірнеше парақтарды басып шығару	99
Баспаның сапасы	99
Брошюраларды басып шығару	99
Мұқабаларды басып шығару	100
Windows жүйесіндегі су белгілерін басып шығару	101
Парақтар бағдарын таңдау	101
Пайдаланушы форматындағы қағазды пайдалану	103
Стандартты емес өлшемдегі қағазда басып шығару	103
Қағаздың бапталатын өлшемін көрсету	103
5 Қағаз және басқа да материалдар	107
Қолдау көрсетілетін қағаз түрлері	108
Қағазға тапсырыс беру	108
Науаларға қағазды салу жөніндегі жалпы нұсқаулар	108
Принтерді зақымдайтын қағаз	108
Қағазды сақтау жөніндегі ұсыныстар	109
Қағаздың қолдау көрсетілетін түрлері мен тығыздығы	109
Қағаздың қолдау көрсетілетін стандартты форматтары	110
Қағаздың қолдау көрсетілетін стандартты емес өлшемдері	110
Автоматты екі жақты баспаға арналған қағаздың қолдау көрсетілетін түрлері мен тығыздығы	110
Автоматты екі жақты баспаға арналған қағаздың стандартты форматтары	111
Автоматты екі жақты баспаға арналған қағаздың қолдау көрсетілетін стандартты емес форматтары	111
Қағазды науаларға салу	113
Қағазды 1 науаға салу	113
Қағазды 2 опционалдық науаға салу	115
Қағазды айналма науаға салу	117
6 Қызмет көрсету үшін	121
Принтерді тазалау	122
Жалпы сақтық шаралары	122
Сыртқы беттерін тазалау	122
Сканерді тазалау	122
Шығын материалдарына тапсырыс беру	125
Шығын материалдарына қашан тапсырыс беру керек	125
Принтердің шығын материалдарының жай-күйін тексеру	125
Шығын материалдары	125
Тұрақты ауыстырылатын модульдер	126
Тонер-картридждер.....	126
Принт-картридждер.....	128
Шығын материалдарын екінші рет қайта өңдеу	128
Принтердің орнын ауыстыру	129
Есепке алу есептегіштерінің көрсеткіштерін тексеру	131

7 Ақаулықтарды жою	133
Жалпы ақаулықтарды жою	134
Принтерді қайта жүктеу	134
Принтер қосылмайды	134
Принтер жиі қайта жүктеледі немесе өшіріледі	134
Құжат көрсетілмеген науадан басып шығарылады	135
Автоматты екі жақты басып шығару кезіндегі қиындықтар	135
Қағазға арналған науа жабылмайды	135
Басып шығару тым көп уақыт алады	136
Жұмыс басып шығарылмайды	136
Принтердегі бөгде шуыл	137
Принтердің ішіндегі конденсация	137
Тонер-картридждің жай-күйі туралы хабарламалар	138
Принт-картридждің жай-күйі туралы хабарламалар	138
Қағаздың тұрып қалуы	139
Қағаздың тұрып қалуының алдын алу	139
Тұрып қалған қағазды табу	140
Тұрып қалған қағазды шығарып алу	141
Қағаздың тұрып қалуын жою	154
Баспа сапасымен қиындықтар	156
Баспа сапасын бақылау	156
Баспа сапасымен болатын қиындықтарды жою	156
Көшірмелеу және сканерлеу кезіндегі қиындықтар	160
Факспен қиындықтар	161
Факстерді жіберу кезіндегі қиындықтар	161
Факстерді қабылдау кезіндегі қиындықтар	162
Көмек алу	164
Басқару панеліндегі хабарламалар	164
Ақаулықтарды жоюдың кіріктірілген құралдарын пайдалану	164
Ақпараттық беттер	165
Online Support Assistant (Онлайн қолдау көмекшісі)	166
Қосымша мәліметтер	167
A Сипаттамалары	169
Принтердің конфигурациялары мен опциялары	170
Қолжетімді конфигурациялар	170
Стандартты атқарымдар	171
Габариттік өлшемдері мен салмағы	173
Салмағы және габариттік өлшемдері	173
Стандартты конфигурациялардағы аппараттардың өлшемдері	173
Габариттік талаптар	174
Қоршаған ортаға қойылатын талаптар	175
Температура	175
Салыстырмалы ылғалдылық	175
Теңіз деңгейінен биіктік	175
Электр қуат көзі	176
Кернеу және қуат көзінің жиілігі	176
Энергия тұтыну	176
Пайдалану сипаттамалары	177

Принтерді қыздыру уақыты	177
Басып шығару жылдамдығы	177
В Стандарттарға сәйкестік туралы ақпарат	179
Негізгі стандарттарға сәйкестік	180
Аппарат ENERGY STAR® талаптарын қанағаттандырады.....	180
Еуропалық Одақ	180
Кескіндемелерді жасауға арналған жабдық бойынша ЕО келісімі (4-топ).	
Экологиялық ақпарат	181
Еуразиялық экономикалық қоғамдастық сертификациясы	182
Германия	182
Түркия үшін зиянды заттардың құрамын шектеу ережелері.....	183
2,4 ГГц сымсыз желінің адаптеріне арналған нормативтік ақпарат.....	183
Көшірмелеуге қойылатын талаптар	184
Көшірмелеуге қойылатын талаптар	184
Факстерді табыстауға қойылатын шектеулер	185
Жіберілетін факстердің тақырыптарына қойылатын талаптар	185
Еуропалық Одақ	185
ОАР факстерді табыстауға қойылатын шектеулер	185
Material Safety Data Sheets (Материалдардың қауіпсіздігі туралы деректер)	186
С Екінші рет қайта өңдеу және кәдеге ж	187
Барлық елдер	188
Еуропалық Одақ	189
Тұрмыстық пайдалану	189
Кәсіби пайдалану	189
Еуропалық Одақтағы корпоративтік пайдаланушылар	189
Еуропалық Одақтан тыс кәдеге жарату	189
Акумуляторларға арналған ескерту символдары	190
Акумуляторларды шығарып алу	190
Басқа елдер	191
D	
Атқарымдар	193

Қауіпсіздік

Бұл принтер және ұсынылатын шығын материалдары қауіпсіздік бойынша қатаң талаптарды ескере отырып әзірленген және осы талаптарға сәйкестігі тексеруден өтті. Келесі ережелерді нақты сақтау Xerox принтерінің ұзақ және қауіпсіз жұмысын қамтамасыз етеді.

Тараудың мазмұны:

• Қауіпсіздік техникасы жөніндегі хабарламалар	10
• Электр қауіпсіздігі	11
• Пайдалану кезіндегі қауіпсіздік	13
• Қызмет көрсету кезіндегі қауіпсіздік техникасы	15
• Принтердегі символдар	16
• Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша жүгінуге арналған байланыс деректері	18

Қауіпсіздік техникасы жөніндегі хабарламалар

Принтерді пайдалануға кіріспес бұрын төменде көрсетілген нұсқаулармен мұқият танысыңыз. Атап көрсетілген нұсқауларды сақтау принтердің ұзақ және қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Херох® принтері мен шығын материалдары қатаң қауіпсіздік талаптарына сәйкес әзірленген және тексерілген. Бұл тексерулердің құрамына қауіпсіздік жөніндегі агенттіктермен жүргізілетін сынақтар, электромагниттік үйлесімділік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі белгіленген стандарттарға сәйкестігін бекіту және растау кіреді.

Бұл аппараттың қауіпсіздігін және жұмыс істеуін тексеру тек қана Херох® материалдарын пайдаланумен орындалды



Ескертпе. Жаңа функцияларды қосуды немесе сыртқы құрылғыларды жалғауды қоса алғанда, кез келген рұқсатсыз өзгерту аппараттың сертификаттау талаптарына сәйкестігіне әсер етуі мүмкін. Қосымша ақпаратты Херох өкілдігінен алуға болады.

Электр қауіпсіздігі

Жалпы нұсқаулықтар



ЕСКЕРТУ.

- Принтердің саңылаулары мен тесіктеріне ешқандай заттарды қоймаңыз. Электр байланыстарына қол тигізу немесе қысқа тұйықталу өртке немесе электр тоғымен зақымдануға әкелуі мүмкін.
- Қосымша жабдықты орнату және арнайы нұсқауларды орындау жағдайларын қоспағанда, бұрандалармен бекітілген қақпақтар мен қоршауларды алып тастамаңыз. Осындай операцияларды орындаған кезде, принтердің қуат көзін ажыратыңыз. Қосымша жабдықты орната отырып, розеткадан қуат сымының ашасын алыңыз. Орнатылған қосымша жабдықтардан басқа, осы қақпақтардың астында пайдаланушы қызмет көрсетуге тиісті компоненттер жоқ.



ЕСКЕРТУ. Келесі жағдайларда сіздің қауіпсіздігіңізге қауіп туындайды:

- Қуат баусымы зақымдалған немесе тозған.
- Принтерге сұйықтық тиген.
- Принтер ылғалданған.
- Принтер түтіндеген немесе беті әдеттегіден көп қыза түскен.
- Принтер әдеттен тыс шуыл немесе иіс шығарады.
- Принтердің әсерінен автоматты ажыратқыш, сақтандырғыш немесе басқа да құрғаныс құрылғысы іске қосылады.

Атап көрсетілген жағдайлардың кез келгені туындаған жағдайда келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Принтерді дереу өшіріңіз.
2. Қуат көзінің баусымын розеткадан суырып алыңыз.
3. Уәкілетті сервистік өкілдікке жүгініңіз.

Қуат көзінің баусымы

Принтерді жеткізу жиынтығына кіретін қуат көзінің баусымын қолданыңыз.

- Ұзартқыштарды пайдаланбаңыз. Қуат көзі баусымының ашасын алуға және түрлендіруге тыйым салынады.
- Қуат көзінің баусымын тікелей дұрыс жерге тұйықталған электр розеткасына қосыңыз. Баусымның екі жағы да сенімді қосылғанына көз жеткізіңіз. Егер розетканың жерге тұйықтағанын білмесеңіз, маманнан оны тексеруді сұраңыз.
- Принтерді жерге тұйықталу байланысы жоқ желілік розеткаға қосу үшін жерге тұйықталуы бар адаптер ашасын қолданбаңыз.



ЕСКЕРТУ. Принтердің жерге тұйықталуы электр тоғымен зақымданудан қорғайды. Дұрыс қолданылмаған кезде электр құрылғылары қауіп төндіруі мүмкін.

- Принтердің электр қуат көзінің дұрыс параметрлері бар желінің розеткасына қосылғанына көз жеткізіңіз. Қажет болған жағдайда маманмен бірге электр техникалық сипаттамаларды тексеріңіз.
- Принтерді қуат көзінің баусымы кездейсоқ басылуы мүмкін жерге орналастырмаңыз.

- Қуат көзінің баусымына заттар қоймаңыз.
- Қуат көзінің баусымы зақымданған немесе тозған кезде оны ауыстырыңыз.
- Электр тоғымен зақымдануды және қуат көзінің баусымының зақымдануын болдырмау үшін оны розеткадан ажырату кезінде ашадан ұстаңыз.
- Желілік розетка принтерге тікелей жақын жерде орнатылуы тиіс, ал оған қол жетімділік қиын болмауы тиіс.

Қуат көзінің баусымы принтердің артқы панеліндегі ұяшық арқылы қосылады. Егер принтердің электр қуат көзін толығымен өшіру қажет болса, қуат көзі баусымының ашасын розеткадан суырып алыңыз.

Электр қуат көзін апаттық ажырату

Келесі жағдайлардың кез келгені туындаған жағдайда аппараттың қуат көзін дереу ажыратыңыз. Қуат көзі баусымының ашасын розеткадан суырып алыңыз. Келесі жағдайларда Xerox авторластырылған сервистік орталыққа хабарласу қажет:

- Аппарат әдеттен тыс шуыл немесе иіс шығарады.
- Қуат көзінің баусымы зақымданған немесе тозған.
- Қабырға автоматты ажыратқышы, сақтандырғыш немесе басқа да қорғаныс құрылғылары іске қосылды.
- Принтерге сұйықтық тиген.
- Принтер ылғалданған.
- Принтердің кез келген құрамдас бөлігінің зақымдануы орын алған.

Лазерлік жабдықпен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары

Бұл принтер үкіметтік, мемлекеттік және халықаралық ұйымдар белгілеген лазерлік жабдыққа арналған стандарттарға сәйкес келеді және 1 класты лазерлік құрылғы ретінде сертификатталған. Бұл принтер қауіпті сәуле көзі емес, өйткені сәуле қолданушылардың барлық пайдалану және техникалық қызмет көрсету кезеңдерінде қаптамалармен толық жабылған.



Лазердің қауіпі туралы ескерту. Осы жерде сипатталмаған реттеулерді, баптауларды немесе процедураларды пайдалану лазер сәулесінің қауіпті әсеріне әкелуі мүмкін.

Пайдалану кезіндегі қауіпсіздік

Принтер мен шығын материалдары қауіпсіздік техникасының қатаң талаптарына сәйкес әзірленген және осы талаптарға сәйкестікке тексеруден өткен. Бұның құрамына қауіпсіздік техникасы жөніндегі агенттіктермен жүргізілген тексеру мен бекіту, сонымен қатар белгіленген қоршаған ортаны қорғау стандарттарына сәйкестігі кіреді. Сіздің атап көрсетілген шарттарды орындауыңыз принтердің ұзақ және қауіпсіз жұмысын қамтамасыз етеді.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулар

- Баспа процесінде қағазды науалардан шығарып алмаңыз.
- Баспа уақытында есіктерін ашпаңыз.
- Баспа уақытында принтердің орнын ауыстырмаңыз.
- Қолдарыңыз, шаштарыңыз, галстук және т.б. шығару және беру роликтерінің арасына түспеуін қадағалаңыз.
- Принтердің қауіпті учаскелері аспаптың көмегімен шешілетін қақпақшалармен жабылған. Қорғаныс қақпақшаларын шешіп алмаңыз.



Күйік шалу қаупі туралы ескерту. Фьюзер учаскесіндегі металл беттер қызады. Осы учаскеде тұрып қалған қағазды алу кезінде металл бетке қол тигізбеу үшін, сақтық шараларын қолданыңыз.

- Электрлік және механикалық бұғаттау құрылғыларын бұғаттауға тыйым салынады.
- Принтердің терең ішіне тұрып қалған қағазды шығарып алуға тырыспаңыз. Принтерді дереу ажыратыңыз және Xerox компаниясының өңірлік өкілдігіне хабарласыңыз.
- Барлық науалар жылжытылған кезде, аппараттың аударылуын болдырмау үшін оны жылжытпаңыз.

Озонның бөлініп шығуы

Принтердің әдеттегі жұмысы процесінде озон бөлініп шығады. Бөлініп шығатын озон мөлшері көшірмелеу көлеміне байланысты. Озон ауадан ауыр және денсаулыққа зиян келтіру үшін жеткіліксіз мөлшерде бөлінеді. Принтерді жақсы желдетілетін үй-жайда орнату қажет.

Қосымша ақпаратты Xerox өңірлік өкілдігінде немесе

www.xerox.com/environment_europe мекен-жайы бойынша алуға болады.

Принтерді орналастыру

- Принтерді оның салмағын көтере алатын тегіс, берік және тұрақты бетке орналастыру қажет. Принтердің салмағы туралы мәліметтерді [Габариттік өлшемдері мен салмағы](#) бөлімінен қараңыз.
- Принтердің саңылаулары мен тесіктерін бұғаттамаңыз және жаппаңыз. Бұл саңылаулар принтерді желдету және қызып кетуінің алдын алуға арналған.
- Принтерді жұмыс істеу мен қызмет көрсету үшін жеткілікті бос орын қалатындай етіп орналастырыңыз.
- Принтерді шаң басқан үй-жайлар мен кеңістіктерде орнатуға болмайды.
- Принтерді жоғары және төмен температуралар немесе ылғалдылық жағдайларында сақтауға және пайдалануға болмайды.
- Принтерді жылу көзінің жанына орнатпаңыз.
- Принтерді жарыққа сезімтал құрамдас бөліктердің зақымдануын болдырмау үшін, тікелей күн сәулесінің әсеріне ұшырауы мүмкін жерлерге орналастырмаңыз.
- Принтерді кондиционерден шығатын суық ауа ағынының жолына орналастырмаңыз.
- Принтерді жоғары діріл деңгейі бар жерлерге орналастырмаңыз.
- Принтердің барынша жақсы өнімділігі [Теңіз деңгейінен биіктік](#) бөлімінде көрсетілген биіктікте қамтамасыз етіледі.

Принтерге арналған шығын материалдары

- Принтердің осы моделіне арналған шығын материалдарын пайдаланыңыз. Сәйкес келмейтін материалдарды пайдалану принтер жұмысының нашарлауына және қауіпті жағдайлардың туындауына әкелуі мүмкін.
- Принтерде, қосымша құрылғыларда және шығын материалдарында немесе оларға жеткізілетін құжаттамаларда бар барлық нұсқаулардың талаптарын орындаңыз.
- Шығын материалдарын олардың орамдарында келтірілген нұсқауларға сәйкес сақтаңыз.
- Шығын материалдарын балалардың қол жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Тонер - , принт-картридждерді және қалдықтар жинақтарын ашық отқа тастамаңыз.
- Картридждермен (тонер-картридж тәрізді) жұмыс істеу кезінде сақтық шараларын сақтаңыз – көздеріңіз бен дененің қорғалмаған жерлерін сақтаңыз. Картридждің ішіндегісі көзге тиген кезде тітіркену мен қабыну пайда болуы мүмкін. Картриджді бөлшектеуге әрекет жасамаңыз – ішіндегісі көзге немесе дененің қорғалмаған жеріне тиіп кетуі мүмкін.


Қызмет көрсету кезіндегі қауіпсіздік техникасы

- Принтердің құжаттамасында көрсетілмеген қызмет көрсету бойынша ешқандай операцияларды орындамаңыз.
- Принтерді құрғақ түгі жоқ матамен үртіңіз.
- Шығын материалдарын және тұрақты ауыстырылатын модульдерді отқа жақпаңыз.
- Xerox шығын материалдарын кәдеге жарату бағдарламалары туралы ақпарат www.xerox.com/gwa мекен-жайы бойынша мазмұндалған.



ЕСКЕРТУ. Аэрозоль тазалағыштарды қолданбаңыз. Электр механикалық жабдықтармен байланыс кезінде аэрозоль тазалағыштар жарылысқа және өртке қауіпті болуы мүмкін.

Принтердегі символдар

Белгі	Сипаттамасы
	Абай болыңыз! Абайсызда ауыр жарақатқа немесе тіпті өлімге алып келуі мүмкін қауіптілік көрсетіледі.
	Лазерлік сәулелену туралы ескерту Осы жерде сипатталмаған реттеулерді, баптауларды немесе процедураларды пайдалану лазерлік сәулеленудің қауіпті әсеріне әкелуі мүмкін екенін көрсетеді.
	Күйік қаупі туралы ескерту Принтердің сыртқы немесе ішкі беті қызуы мүмкін. Жарақат алуды болдырмау үшін сақ болыңыз.
	Назар аударыңыз Материалдық залалды болдырмау үшін орындалуы қажет міндетті іс-әрекет көрсетіледі.
	Осы бөлшектерге немесе принтер учаскесіне қол тигізбеңіз.
	Принт-картридждерге тікелей күн сәулесінің әсеріне жол бермеңіз..
	Тонер-картридждерді отқа жақпаңыз.
	Принт-картридждерді отқа жақпаңыз.
	Осы бөлшектерге немесе принтер учаскесіне қол тигізбеңіз.

Белгі	Сипаттамасы
	Қапсырмалары бар қағазды қолданбаңыз.
	Бекіткіштері бар қағазды қолданбаңыз.
	Бүктелген, ширатылған, оратылған және мыжылған қағазды қолданбаңыз.

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша жүгінуге арналған байланыс деректері

Осы принтермен және Херох шығын материалдарымен байланысты еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша қосымша ақпарат үшін EHS-Europe@xerox.com мекен-жайы бойынша (Еуропа үшін) хабарласыңыз.

Еуропа үшін принтер қауіпсіздігі туралы мәліметтерді www.xerox.com/environment/europe мекен-жайы бойынша қараңыз.


Жұмыстың басталуы

Тараудың мазмұны:

• Принтердің тораптары мен бөлшектері	20
• Ақпараттық беттер	25
• Жүйелік әкімшінің атқарымдары	26
• Қосымша мәліметтер	29
• Орнату және баптау	30


Принтердің тораптары мен бөлшектері

Алдынан көрінісі




- | | |
|--|--|
| 1. 250 параққа арналған қосымша бергіштің 2 науасы | 7. Түпнұсқаларды бергіштің жоғарғы қақпағы |
| 2. 250 параққа арналған 1 науа | 8. Түпнұсқаларды бергіштің кіру науасы |
| 3. Алдыңғы есіктің қақпағы | 9. Түпнұсқаларды бергіштің шығу науасы |
| 4. Шығу науасы | 10. Бүйір қақпақтың ілмегі |
| 5. Сенсорлық экран | 11. Айналымды науа |
| 6. Басқару панелі | 12. USB порт |

Артынан көрінісі



- | | |
|------------------------|---|
| 1. Қуат көзінің ұяшығы | 4. USB порты, А түрі |
| 2. USB порты, В түрі | 5. Факс желісіне арналған ұяшық (опция) |
| 3. Ethernet қосқыш | |

Ішкі құрамдас бөліктері




- | | |
|-----------------------|----------------------------------|
| 1. Тонер-картридж | 4. Экспонирлеу шынысының қақпағы |
| 2. Принт-картридж | 5. Түпнұсқаларды бергіш |
| 3. Экспонирлеу шынысы | |

Түпнұсқалардың бергіші

Түпнұсқалардың бергіші принтердің стандартты конфигурациясына кіреді.

Түпнұсқалардың бергішін пайдалану



- Түпнұсқалардың бергішінің максималды сыйымдылығы тығыздығы 80 г/м² болатын 100 бетке жуық қағазды құрайды.
- Беттерді екі жақты басып шығару үшін түпнұсқаларды бергішке 60-128 г/м² (16–34 фунт) тығыздықтағы қағазды салуға болады.

Жұмыстың басталуы


- Түпнұсқаларды бергішке келесі форматтағы қағаз салынады:
 - Бір жақты беттер үшін: 140 x 130 мм-ден (5,5 x 5 дюйм) 297 x 432 мм-ге (11,7 x 17 дюйм) дейін
 - Екі жақты беттер үшін: 148 x 210 мм-ден (5,8 x 8 дюйм) 297 x 432 мм-ге (11,7 x 17 дюйм) дейін
- 1. Түпнұсқаларды бірінші беті сізге қарайтындай етіп беткі жағымен жоғары автобергішке салыңыз.
- 2. Бағыттаушыларды түпнұсқалардың өлшемі бойынша қойыңыз.

Түпнұсқаларды бергішті қолдану жөніндегі нұсқаулықтар

Түпнұсқаларды бергішке салған кезде келесі ережелерді орындаңыз:

- Түпнұсқаларды беткі жағымен жоғары қаратып, бергішке алдымен парақтың жоғарғы жиегі кіретіндей етіп қойыңыз.
- Автобергішке тек қана бекітілмеген қағаз парақтарын салыңыз.
- Түпнұсқалардың өлшемі бойынша бағыттаушыларды орнатыңыз.
- Құжаттарды беру құрылғысына қағазды сия толығымен кепкеннен кейін ғана қою керек.
- Түпнұсқаларды барынша толтыру сызығынан жоғары салмаңыз.

Экспонирлеу шынысын пайдалану



1. Экспонирлеу шынысының қақпағын көтеріңіз.
2. Бірінші бетті бет жағымен төмен экспонирлеу шынысының жоғарғы сол жақ бұрышына орналастырыңыз.
3. Түпнұсқаны шынының жиегі бойынша қағаз форматының белгілерімен үйлестіру қажет.

Экспонирлеу шынысын пайдалану жөніндегі нұсқаулар


Экспонирлеу шынысына арналған қағаз өлшемдері: 297 x 432 мм (11,67 x 17 дюйм) дейін. Экспонирлеу шынысы түпнұсқалардың келесі типтерін көшірмелеуге және сканерлеуге арналған.

- Қыстырғышы және бекіткіші бар қағаз.
- Қатпарлары, бүктелу іздері бар, жыртылған немесе мыжылған қағаз.
- Өздігінен көшірмеленетін қағаз және мата, металл сияқты материалдар.
- Кітаптар.

Басқару панелі

Басқару панелінде сенсорлық экран, әріптік-сандық пернетақта және принтер атқарымдарын басқаруға арналған батырмалар орналасқан. Басқару панелі келесі тапсырмаларды орындау үшін қолданылады:

- Принтердің ағымдағы жұмыс жағдайын тексеру.
- Принтер атқарымдарына қолжетімділік.
- Анықтамалық материалдарға қолжетімділік.
- «Жүйелік құралдар» және «Баптау» мәзіріне қолжетімділік.
- «Ақаулықтарды іздестіру және жою» мәзіріне және бейнероликтерге қолжетімділік.
- Науалардағы қағаздың және шығын материалдарының жағдайын тексеру.
- Принтерге арналған қателер мен ескертулерді тексеру.



Параметр	Атауы	Сипаттамасы
1	Аппараттың жай-күйі батырмасы	Сенсорлық экранға аппараттың ағымдағы жай-күйі туралы ақпаратты шығару үшін.
2	Жұмыс мәртебесі батырмасы	Сенсорлық экрандағы барлық орындалатын, қорғалаған және аяқталған жұмыстарды көрсету үшін.
3	Режимдер батырмасы	«Жұмыс мәртебесі» немесе «Аппараттың мәртебесі» терезесінен беленді режимге, немесе алдын ала орнатылған режимге қайтару үшін.
4	«Негізгі режимдер» батырмасы	Сенсорлық экрандағы, көшірмелеу, сканерлеу және факс сияқты принтердің режимдеріне қолжетімділік үшін.
5	Сенсорлық экран	Сенсорлық экранда ақпарат көрсетіледі және принтердің атқарымдарына қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

Параметр	Атауы	Сипаттамасы
6	Кіру/Шығу батырмасы	Парольмен қорғалған атқарымдарға қолжетімділік үшін.
7	Анықтама (?) батырмасы	Сенсорлық экранда таңдалған элемент жөніндегі ақпаратты көрсету үшін.
8	Тіл батырмасы	Сенсорлық экранның тілін және пернетақтың параметрлерін ауыстыру үшін.
9	Энергия үнемдеу батырмасы	Принтердің төмен энергия үнемдеу, одан шығу және принтерді сөндіру режиміне өтуі үшін.
10	Барлығын тазалау батырмасы	Ағымдағы параметр үшін алдыңғы және өзгертілген баптауларды алып тастау үшін. Барлық атқарымдар үшін үндемеу бойынша мәндерді қалпына келтіру үшін және сканерлеудің қолда бар кескіндемелерін жою үшін, осы батырманы екі рет басыңыз.
11	Тоқта батырмасы	Ағымдағы жұмысты уақытша тоқтату үшін. Жұмысты жою немесе жаңарту үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
12	Старт батырмасы	Көшірмелеу, сканерлеу, факс немесе басып шығару, мысалы USB- жинақтаушыдан, жұмыстарды орындауды іске қосу үшін.
13	Тоқтата тұру батырмасы	Барынша жедел баспаны, көшірмелеуді немесе факсты орындау кезіндегі ағымдағы жұмыстарды тоқтата тұру
14	Терудег үзіліс батырмасы	Факсты жіберу кезінде терілетін телефон нөміріне үзіліс қою үшін.
15	С (Тазалау) батырмасы	Сандық мәндерді немесе әріптік-сандық пернетақтамен енгізілген соңғы санды жою үшін
16	Әріптік-сандық пернетақта	Факстың тексатын және телефон нөмірлерін енгізу үшін.

Ақпараттық беттер

Принтер үшін басқару панелінің сенсорлық экранынан қолжетімді ақпараттық беттерді жиынтығы қарастырылған. Бұл беттерде қолдау қызметіне, орнатылған опциялар және т.б. қолжетімділік туралы мәліметтер мазмұндалады.

Ақпараттық беттерге қолжетімділік және оларды басып шығару

Принтерге арналған ақпараттық беттерге қолжетімділік:

1. Принтердің басқару панелінде **Өзіне-өзі қызмет көрсету (?)** батырмасын басыңыз.

Басып шығаруға арналған ақпараттық беттерді тізімі көрсетіледі.

2. Беттердің тізімін айналдыру үшін мәзірге қол тигізіңіз және оны жоғары немесе төмен жылжытыңыз. Бетті таңдаңыз және **Басып шығару** басыңыз.



Ескертпе. Барлық ақпараттық беттерді басып шығару үшін, **Барлық ақпараттық беттер** таңдаңыз және **Басып шығару** басыңыз.

3. Негізгі режимдер экранына қайтып оралу үшін **X** батырмасын басыңыз.

Конфигурация туралы есепті басып шығару

Конфигурация туралы есепті принтердің басқару панелінен басып шығаруға болады. Конфигурация туралы есепте орнатылған опциялар, желілік баптаулар, порттардың баптаулары, науалар және т.б. туралы мәліметтерді қоса алғанда, принтер туралы ақпарат мазмұндалады.



Ескертпе. Конфигурация туралы есепті автобасып шығаруды ажырату тәртібін www.xerox.com/office/B1022_B1025docs мекен-жайы бойынша *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімші нұсқаулығы) жарияланамынан қараңыз.

1. Принтерді басқару панелінде **Анықтама** батырмасын басыңыз.
2. **Жүйе конфигурациясын** басыңыз.
3. **Басып шығару** батырмасын басыңыз.
4. Негізгі режимдер экранына оралу үшін, **Негізгі режимдер** батырмасын басыңыз.

Жүйелік әкімші атқарымдары

Жүйелік әкімші міндеттерінің сипаттамасын www.xerox.com/office/B1022_B1025docs мекен-жайы бойынша *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімшінің нұсқаулығы) жарияланымынан қараңыз.

Xerox® CentreWare® Internet Services

Xerox® CentreWare® Internet Services — бұл принтердің кіріктірілген веб-серверіне орнатылатын әкімшілік етуге және баптауға арналған бағдарламалық қосымша. CentreWare Internet Services қосымшасы принтерді баптауды орындауға және браузердің көмегімен оны басқаруға мүмкіндік береді.

Xerox® CentreWare® Internet Services қосымшасының жұмысы үшін қажет етіледі:

- Windows, Macintosh, UNIX немесе Linux ортасында принтер мен желі арасындағы TCP/IP хаттама бойынша қосылыс.
- Принтерде TCP/IP және HTTP хаттамалары қосылуы тиіс.
- Желіге қосылған JavaScript қолданылатын веб-браузері бар компьютер.

Xerox® CentreWare® Internet Services қосымшасына қолжетімділік

1. Компьютерде браузерді ашыңыз.
2. Мекен-жайлар өрісінде принтердің IP-мекен-жайын енгізіңіз.
3. **Enter** немесе **Return** пернесін басыңыз.

Принтердің IP-мекен-жайын анықтау

Принтердің IP-мекен-жайын басқару панелінен немесе конфигурация туралы есептен білуге болады.

Желілік принтерге арналған драйверлерді орнату үшін оның IP-мекен-жайын білу қажет. IP-мекен-жай сондай-ақ принтер баптауларына қолжетімділікті алу үшін және оларды Xerox® CentreWare® Internet Services қосымшасына орнату үшін қажет етіледі.

Принтердің IP-мекен-жайын басқару панелінен тексеру:

1. Принтерді басқару панелінде **Аппараттың мәртебесі** батырмасын басыңыз.
2. **Аппарат туралы ақпарат** тармағын таңдаңыз.
Егер жүйелік әкімші IP-мекен-жайды көрсету үшін Желі баптауын көрсету баптауын орнатқан болса, ол Аппарат туралы ақпарат тізімінің басында көрсетіледі.



Ескертпе. Егер IP-мекен-жай көрінбейтін болса, конфигурация туралы есепті басып шығару қажет немесе жүйелік әкімшіге жүгіну қажет.

3. Терезені жабу үшін, **X** батырмасын басыңыз

Деректерді автоматты жинау

Принтер үшін деректерді автоматты жинау және оларды ұйымнан тыс сенімді жерге табыстау қарастырылған. Xerox компаниясы немесе тағайындалған жеткізуші бұл деректерді техникалық қолдау мен принтерге қызмет көрсету үшін, сонымен қатар шығын материалдарының қорларын тарифтеу, толықтыру және өнімді түрлендіру үшін қолданады. Табысталатын деректердің құрамына бұйымның тіркелуі, есептегіштердің көрсеткіштері, шығын материалдары қорының деңгейі, принтердің конфигурациясы мен баптаулары, бағдарлама нұсқасы және қателіктер кодтары кіреді. Бұл Xerox компаниясына принтерде сақталған немесе ол арқылы келетін немесе ақпаратты басқару жүйесіндегі қандай да бір құжаттарды оқуға, қарауға немесе жүктеуге мүмкіндік бермейді.



Ескертпе. Smart eSolutions қызметі жүйелік әкімшінің деректемелері бойынша ажыратылады.

Отключение автоматического сбора данных:

1. деректерді автоматты жинауды ажырату.
2. Мекен-жайлар өрісінде принтердің IP-мекен-жайын енгізіңіз.
3. **Enter** немесе **Return** пернесін басыңыз.
4. Xerox® CentreWare® Internet Services қосымшасындағы сәлемдесі бетінде автоматты режимдерге қатысты сілтемені басыңыз.

Xerox® CentreWare® Internet Services терезесінде Smart eSolutions Орнату беті ашылады. Осы бетте Smart eSolutions атқарымы жүйелік әкімшімен ажыратылады. Атқарымды ажырату үшін **Тіркелмеген – Қолдану** таңдаңыз.

Қызмет көрсету жөніндегі әкімші

Бұл принтер кіріктірілген диагностика жүйесімен жабдықталған, оның көмегімен диагностикалық деректерді Xerox компаниясына жіберуге болады. Қызмет көрсету жөніндегі көмекші ақауларды жоюды, көмек алуды және диагностика және жөндеу процестерін автоматтандыруды жеңілдететін диагностиканың қашықтағы құралы болып табылады.

Қызмет көрсету жөніндегі көмекші атқарымын қосу

Дайындау:

Егер желіде прокси-сервер қолданылатын болса, принтер интернетке қосылуы үшін оның баптауларын орнатыңыз.

1. Компьютерде браузерді ашыңыз.
2. Мекен-жайлар өрісінде принтердің IP-мекен-жайын енгізіңіз..
3. **Enter** немесе **Return** пернесін басыңыз.
4. Xerox® CentreWare® Internet Services қосымшасында Xerox аппаратында **Мәртебе** → **Smart eSolutions** таңдаңыз.
5. «Smart eSolutions» бөлімінде **Қызмет көрсету жөніндегі көмекшіні** таңдаңыз.
6. Xerox жүйесіне жай-күйі туралы ақпаратты жіберу үшін, www.xerox.com сайтында **Ақаулықтарды жою сеансын бастау** таңдаңыз.
7. Принтердің деректерін Xerox® CentreWare® Internet Services қосымшасымен жөнелткеннен кейін браузерде www.xerox.com сайты ашылады, ол жерде ақаулықтарды жою сеансы басталады.

Есепке алу және пайдалану есептегіштерін қарап шығу

Есепке алу және пайдалану есептегіштері «Есепке алу» экранында көрсетіледі.

Таңбалардың көрсетілетін санынан шыға отырып төлем жүргізіледі.

Осы ақпаратты қарап шығу туралы ақпаратты Қызмет көрсету тарауындағы [Есепке алу есептегіштерінің көрсеткіштерін тексеру](#) бөлімінен қараңыз.

Қосымша мәліметтер

Принтер туралы қосымша мәліметтерді келесі дереккөздерден алуға болады:

Ресурс	Орналасқан жері
Орнату жөніндегі нұсқаулық	Принтердің жиынтығына кіреді және сондай-ақ жүктеу үшін www.xerox.com/office/B1022_B1025docs мекен-жайы бойынша қолжетімді.
Принтерге арналған өзге де құжаттама	www.xerox.com/office/B1022_B1025docs
Принтерге арналған техникалық қолдау, соның ішінде интернет-қолдау қызметі, Online Support Assistant жүйесі (Онлайн қолдау көмекшісі) және жүктеуге арналған принтер	www.xerox.com/office/B1022_B1025support
Ақпараттық беттер	Доступ к информационным страницам и их печать
Мәзір және қателер туралы хабарламалар туралы ақпарат	Басқару панеліндегі анықтама (?) батырмасы
Принтерге арналған шығын материалдарына тапсырыс беру	http://www.support.xerox.com
Сауда және техникалық қолдаудың өңірлік орталықтары	www.xerox.com/office/worldcontacts
Принтерді тіркеу	www.xerox.com/office/register
Xerox® Direct интернет-дүкені	www.direct.xerox.com/

Орнату және баптау

Қараңыз

- *Орнату жөніндегі нұсқаулық*, принтердің жиынтығына кіреді.
- *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімші нұсқаулығы) www.xerox.com/office/B1022_B1025docs мекен-жайы бойынша.

Орнату және баптау жөніндегі қысқаша мәліметтер

Басып шығарудың алдында келесіні орындаңыз:

- Компьютер мен принтерді қуат көзіне қосу, қосу және компьютер желісіне жалғау керек.
- Принтердің бастапқы параметрлерін орнатыңыз.
- Драйверлер мен утилиталарды орнатыңыз.

Принтерді компьютерге USB кабелімен немесе желі бойынша Ethernet кабелінің немесе сымсыз қосылыс көмегімен жалғауға болады. Аппараттық құралдар мен кабельдерге қойылатын талаптар қосылыс типіне байланысты болады. Маршрутизатор, желілік концентраторлар мен коммутаторлар, Ethernet және USB модемдері мен кабельдері принтерді жеткізу жиынтығына кірмейді және жеке сатып алынады. Ethernet арқылы қосылу ұсынылады, себебі ол әдеттегідей, USB портына қарағанда барынша жоғары табыстауды, сонымен қатар Xerox® CentreWare® Internet Services қосымшасына қолжетімділікті қамтамасыз етеді.



Ескертпе. Егер *Software and Documentation* дискі (Бағдарламалық қамтамасыз етуі және құжаттамасын бар диск) жоқ болса, драйвердің соңғы нұсқасын www.xerox.com/office/B1022_B1025drivers мекен-жайы бойынша жүктеуге болады.

Принтерге арналған орнату орнын таңдау

- Шаңы жоқ, ауа температурасы 10–30°C (50–86° F), ал ауаның салыстырмалы ылғалдылығы - 20–80% құрайтын орынды таңдаңыз.



Ескертпе. Температураның күрт өзгеруі баспа сапасын нашарлатуы мүмкін. Суық үй-жайдағы ауа температурасының күрт көтерілуі кезінде принтердің ішінде конденсат түзілуі мүмкін, бұл кескіндемені табыстау сапасына әсер ететін болады.

- Принтерді оның салмағын көтере алатын тегіс, берік жазық бетке орналастырыңыз. Ол жазық бетте тұрақты, еңіссіз тұруы тиіс. Принтердің салмағы туралы мәліметтерді [Габариттік өлшемдері мен салмағы](#) бөлімінен қараңыз.
- Шығын материалдарына қол жеткізу үшін жеткілікті орынды және тиісті желдетуді қамтамасыз ететін орынды таңдаңыз. Принтерге арналған габариттік талаптар туралы мәліметтерді [Габариттік талаптар](#) бөлімінен қараңыз.
- Принтерді орналастырғаннан кейін оны қуат көзіне және компьютерге немесе желіге қосуға болады.

Принтерді қосу

Қосу түрін таңдау

Принтерді USB немесе Ethernet кабелінің көмегімен компьютерге қосуға болады. Қосу түрін таңдау компьютердің компьютерлік желіге қалай қосылғанына байланысты. Қосудың ең қарапайым тәсілі тікелей USB-қосылу болып табылады. Ethernet арқылы қосылу желідегі

жұмыс үшін қолданылады. Желілік қосылуды пайдаланған кезде компьютер компьютерлік желіге қалай қосылғанын білу қажет. [TCP/IP және IP адресстеу](#) бөлімін қараңыз.



Ескертпе.

- Ұсынылған атқарымдар бірқатар принтерлермен қолданылмайды. Жекелеген атқарымдар белгілі бір модельдерге және принтер конфигурацияларына, операциялық жүйелер мен драйверлерге ғана арналған.
- Аппараттық құралдар мен кабельдерге қойылатын талаптар қосылу түріне байланысты. Маршрутизатор, желілік концентраторлар мен коммутаторлар, модемдер мен Ethernet және USB кабельдер принтерді жеткізу жиынтығына кірмейді және жеке сатып алынады.

Сымды желі

Егер компьютер корпоративтік немесе үй желісіне қосылған болса, оған принтерді Ethernet-кабельдің көмегімен қосу үшін желілік порт қолданылады. Ethernet желісінде біруақытта көптеген компьютерлер, принтерлер мен басқа да құрылғылар жұмыс істеуі мүмкін. Көптеген жағдайларда Ethernet-қосылу USB порт арқылы қосылуға қарағанда жылдамырақ, және Xerox® CentreWare® Internet Services қосымшасының көмегімен принтердің баптауларына тікелей қолжетімділікті қамтамасыз етеді..

Сымсыз желі

Егер желіде сымсыз маршрутизатор немесе қолжетімділіктің сымсыз нүктесі қолданылатын болса, принтерді сымсыз қосылудың көмегімен желіге қосуға болады. Сымсыз қосылу сымды қосылудағы сияқты қолжетімділік пен қызмет мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді. Әдеттегідей, сымсыз қосылу USB порт арқылы қосылуға қарағанда тезірек, және Xerox® CentreWare® Internet Services қосымшасының көмегімен принтердің баптауларына тікелей қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

USB

Егер принтер бір компьютерге қосылатын болса және желі жоқ болса, USB кабельмен қосылу қолданылады. USB арқылы қосылу деректерді берудің жоғары жылдамдығын қамтамасыз етеді, бірақ әдеттегі Ethernet арқылы қосылудай сияқты жоғары емес. Одан басқа, USB порты арқылы қосылу кезінде Xerox® CentreWare® Internet Services қосымшасына қолжетімділік болмайды.

Телефон

МФУ бойынша факстерді жіберу және қабылдау үшін жеке телефон желісіне тікелей қосылуы тиіс.

Принтерді сымды желіге қосу

Принтер желіге 5-ші санаттан төмен емес Ethernet кабелімен қосылады. Ethernet желісі әр түрлі принтерлер мен құрылғылардың бір мезгілде жұмыс істеуін сақтай отырып, бір немесе бірнеше компьютерлер үшін қолданылады. Ethernet желісі арқылы қосылу Xerox® CentreWare® Internet Services қосымшасының көмегімен принтердің баптауларына тікелей қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Принтерді қосу тәртібі

1. Принтердің сөндірулі екеніне көз жеткізіңіз.
2. 5-ші категориядан төмен емес Ethernet кабелінің бір ұшын принтердегі Ethernet портына қосыңыз. Ethernet кабелінің екінші ұшын бапталған желілік концентратор немесе маршрутизатор портына қосыңыз.
3. Қуат көзінің баусымын принтерге қосыңыз, содан кейін розеткаға штепсельді қойыңыз.
4. Принтерді қосыңыз.
Желілік баптауларды орнату жөніндегі мәліметтерді www.xerox.com/office/B1022_B1025docs мекен-жайы бойынша *System Administrator Guide* (Желілік әкімші нұсқаулығы) жарияланымынан қараңыз.
5. Принтердің IP-мекен-жайын енгізіңіз немесе Xerox® CentreWare® Internet Services қосымшасында принтердің IP-мекен-жайын автоматты анықтауды орнатыңыз.

Принтерді сымсыз желіге қосу

Егер сіз сымсыз желі адаптерін сатып алған болсаңыз, онда аппаратты сымсыз желіге қоса аласыз. Егер аппарат сымды желіге қосылған болса, сымсыз желі баптауларын Xerox® CentreWare® Internet Services интерфейсінің көмегімен орнатуға болады. Сымсыз желі баптауларын орнату жөніндегі мәліметтерді www.xerox.com/office/B1022_B1025docs мекен-жайы бойынша *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімші нұсқаулығы) жарияланымынан қараңыз.



Ескертпе. Сымсыз желі баптауларын орнатудан бұрын, сымсыз желіге арналған Xerox адаптерін орнатыңыз. Қосымша мәліметтер адаптер жиынтығына қоса берілетін *орнату және баптау жөніндегі нұсқаулықтарда* мазмұндалады.

Компьютерге USB-кабельмен қосу

USB порт арқылы қосу үшін ОС Windows 7, Windows 7, Windows 8 немесе одан кейінгі нұсқасы, Windows Server 2008 немесе одан кейінгі нұсқасы, немесе Macintosh OS X 10.9 нұсқасы немесе одан кейінгі нұсқалар қажет етіледі.

Принтерді компьютерге USB-кабельмен қосу:

1. A/B типті USB 2.0 стандартты кабелінің **В** ұшын принтердің артқы сол жақ панеліндегі USB портқа қойыңыз.
2. USB кабелінің **А** ұшын компьютердегі USB портының ажыратқышына қойыңыз.
3. Егер Жаңа жабдықты орнату шебері терезесі ашылатын болса, **Жою** батырмасын басыңыз.
4. Принтердің драйверлерін орнатыңыз. [Драйверді орнату](#) бөлімін қараңыз.

Телефон желісіне қосу



Ескертпе. Ұсынылған атқарымдарды кейбір принтерлер қолданбайды. Жекелеген атқарымдар белгілі бір модельдер мен принтердің конфигурацияларына, операциялық жүйелер мен драйверлерге арналған.

1. № 26 AWG калибрлі немесе одан ірі өлшемдегі RJ11 стандартты кабелін (American Wire Gauge жүйесі бойынша) принтердің артқы панеліндегі портқа қосыңыз.
2. RJ11 кабелінің қарама-қарсы ұшын қолданыстағы телефон розеткасына қосыңыз.
3. Факс атқарымын қосыңыз және баптаңыз.

Қосымша мәліметтерді www.xerox.com/office/B1022_B1025docs мекен-жайы бойынша *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімші нұсқаулығы) жарияланымынан қараңыз.


Принтерді қосу және сөндіру

Принтерді қосу

Қуат көзінің баусымын принтерге және розеткаға қосқаннан кейін, принтер автоматты қосылады.



Ескертпе. Егер принтер бұл ретте қосылмайтын болса, **Энергия үнемдеу** батырмасын басыңыз.



Принтерді сөндіру

- Қуат көзін сөндіргіш принтерді қуат көзінің желісіне қосуға арналған.
- Принтердің электронды құрамдас бөліктерін реттеу үшін және оны сөндіру үшін **Энергия үнемдеу** батырмасын басыңыз.
- Басқару панелінің экранында **Сөндіру** таңдаңыз.



Ескертпе. Басқару панеліндегі барлық жарық индикаторлары сөнген кезде, принтердің қуат көзін сөндіру реттілігі аяқталады.

- Егер ажырату реттілігі дұрыс орындалмайтын болса, қуат көзінің баусымын розеткадан ажыратыңыз және оны қайтадан қосыңыз.



Назар аударыңыз!

- Принтердің ақаулығын болдырмау үшін алдымен басқару панелін өшіріңіз.
- Егер ажырату реттілігі дұрыс орындалмаса, қуат көзінің баусымын принтерден ажыратып, оны қайта қосыңыз. Принтер қосылады.



Ескертпе. Егер ол қайтадан қосылмайтын болса, **Энергия үнемдеу** батырмасын басыңыз.



Ескертпе. Басқару панеліндегі барлық жарық индикаторлары сөнген кезде, принтердің қуат көзін сөндіру реттілігі аяқталады.

Желі баптауларын орнату

TCP/IP және IP адрестей

Компьютерлер мен принтерлер арасында Ethernet желісі арқылы деректерді табыстау үшін әдетте TCP/IP хаттамалары қолданылады. Macintosh компьютерлері желілік принтермен байланысу үшін әдетте TCP/IP немесе Bonjour хаттамасын қолданады. Mac OS X жүйелері үшін TCP/IP хаттамасы құпталады. TCP/IP хаттамасынан айырмашылығы, Bonjour хаттамасы компьютерлерде немесе принтерлерде IP-мекен-жайларының болуын талап етпейді.

TCP/IP хаттамасын пайдалану кезінде әрбір принтердің және компьютердің бірегей IP-мекен-жайы болуы тиіс. Көптеген желілерде және кабельдік және DSL-маршрутизаторларда DHCP (хост динамикалық баптау хаттамасы) қолданылады. DHCP сервері автоматты түрде әрбір желілік компьютерге немесе принтерге IP-мекен-жайды белгілейді, бұл үшін DHCP хаттамасын қолдау бапталған. Кабельдік және DSL-маршрутизаторды қолданған кезде IP-мекен-жайды тағайындау туралы мәліметтерді маршрутизатордың құжаттамасынан қараңыз.

Принтерде сканерлеу режимін қосу

Егер принтер компьютерлік желіге қосылған болса, сканерлеудің келесі нұсқалары қолжетімді.

- FTP
- SMB
- HTTP
- HTTPS
- SFTP
- Электронды поштаның мекен-жайы
- Компьютердегі жалпы папка

Егжей-тегжейлі мәліметтерді [Xerox® CentreWare® Internet Services](#) бөлімінен қараңыз.



Ескертпе. Егер принтер USB порт арқылы қосылған болса, эл. поштаның мекен-жайына және жел бойынша сканерлеу (масыла, компьютердегі жалпы папкаға) қолжетімсіз. Қосымша мәліметтерді www.xerox.com/office/B1022_B1025docs мекен-жайы бойынша *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімші нұсқаулығы) жарияланымынан қараңыз.

Энергия үнемдеу режимі

Энергия үнемдеу режимі берілген уақыт кезеңі ішінде принтердің тұрып қалуы кезінде электр энергиясын тұтынуды төмендетуге арналған.

Энергия үнемдеу деңгейлері

Аппаратта энергия үнемдеудің екі деңгейі қарастырылған:

- **Энергия үнемдеу режимінің таймері 1** — ағымдағы сеанстың аяқталуы және принтердің тыныштық режиміне өтуі.
- **Энергия үнемдеу режимінің таймері 2** — принтерді сөндіру.

Энергия үнемдеу режимінен шығу

Принтер келесі жағдайларда автоматты түрде энергия үнемдеу режимінен шығады:

- Басқару панеліндегі батырманы басқан кезде.
- Пайдаланушының интерфейстің экранына қол тигізуі кезінде.
- Қосылған құрылғыдан деректер алған кезде.
- Принтердің есіктері немесе қақпақтары ашылған кезде.

Басқару панелінен энергия үнемдеу режимінің таймерлерін орнату



Ескертпе. Бұл шешімді пайдалану үшін жүйелік әкімшінің деректемелері қажет.

1. Принтерді басқару панелінде **Аппараттың мәртебесі** батырмасын басыңыз.
2. **Құрылғының баптаулары** → **Жалпы** → **Энергияны үнемдеу таймерін** таңдаңыз.
3. **Көрсеткілері** батырмалардың көмегімен уақытты таңдаңыз немесе оны сандық пернетақтадан енгізіңіз.
 - Принтердің тұрып қалу уақытын көрсетіңіз, сол уақыт өткеннен кейін ол дайындық режимінен төмен энергия тұтыну уақытына өтетін болады.
 - Принтердің тұрып қалу уақытын көрсетіңіз, сол уақыт өткеннен кейін ол дайындық режимінен өте төмен энергия тұтыну режиміне өтетін болады.
4. **ОК** батырмасын басыңыз.

Драйверді орнату

Драйверлерді орнатпас бұрын, принтердің электр қуат көзінің желісіне қосылғанына, компьютер желісіне дұрыс қосылғанына және дұрыс IP мекенжайы бар екеніне көз жеткізіңіз.

IP-мекен-жайды білу үшін, [Принтердің IP-мекен-жайын анықтау](#) бөлімін қараңыз.

www.xerox.com/office/B1022_B1025drivers мекен-жайы бойынша драйверлердің соңғы нұсқаларын жүктеніз.

Операциялық жүйелерге қойылатын талаптар

- Windows Vista, Windows 7, Windows 8, Windows 8.1, Windows 10, Windows Server 2008, Windows Server 2008 R2 и Windows Server 2012
- 10.9 немесе барынша кейінгі нұсқадағы Macintosh OS X.

Жұмыстың басталуы

- UNIX және Linux: бұл принтер желілік интерфейс арқылы әртүрлі UNIX платформаларға қосылуды қолданады. Егжей-тегжейлі мәліметтер www.xerox.com/office/B1025drivers мекен-жайы бойынша келтірілген.

Windows үшін драйверлер мен утилиталарды орнату

Принтердің барлық атқарымдарын пайдалану үшін, Xerox® принтерінің драйверін және Xerox® сканерінің драйверін орнату қажет.

Принтер мен сканер драйверлерін орнату тәртібі:

1. *Software and Documentation* (Бағдарламалық қамтамасыз етуі және құжаттамасы бар диск) дискісін компьютердің дисководаына салыңыз. Орнату бағдарламасы автоматты түрде іске қосылады. Егер бағдарлама автоматты іске қосылмаса, сәйкесінше дискіге өтіңіз және **Setup.exe** орнату файлына екі рет басыңыз.
 2. Тілді ауыстыру үшін **Тіл** батырмасын басыңыз.
 3. Тілді таңдаңыз және **ОК** батырмасын басыңыз.
 4. **Драйверлерді орнатыңыз**→**Принтер мен сканердің драйверлерін орнату** таңдаңыз.
 5. Лицензиялық келісімді растау үшін **Қабылдаймын** батырмасын басыңыз.
 6. Табылған принтерлер тізімінен принтерді табыңыз және **Келесі** батырмасын басыңыз.
 7. Егер принтер табылған принтерлер тізімінде жоқ болса, **Кеңейтілген іздестіру** батырмасын басыңыз.
 8. Егер принтер табылған принтерлер тізімінде пайда болмаса, бірақ сізге оның IP-мекен-жайы белгілі болса, келесі нұсқалардың бірін таңдаңыз:
 - Терезенің жоғары жағындағы **желілік принтердің** белгішесін басыңыз және принтердің IP-мекен-жайын немесе DNS-атын енгізіңіз.
 - **Іздестіру** батырмасын басыңыз. Табылған принтерлер тізімінде принтерді таңдаңыз және **Одан әрі** батырмасын басыңыз.
 9. Егер әлі табылған принтерлер тізімінде принтер болмаса және IP-мекен-жайын білмейтін болсаңыз:
 - a. **Қосымша іздестіру** батырмасын басыңыз.
 - b. Егер шлюздің мекен-жайы мен кіші желі маскасы белгілі болса, жоғарғы батырманы басыңыз және «Шлюз» және «Кіші желі маскасы» өрісін толтырыңыз.
 - c. Егер басқа осы кіші желідегі IP-мекен-жайы белгілі болса, ортаңғы батырманы басыңыз, оны IP-мекен-жайы өрісіне енгізіңіз.
 - d. **Іздестіру** батырмасын басыңыз.
 - e. Табылған принтерлер тізімінде принтерді таңдаңыз және **Одан әрі** батырмасын басыңыз.
-  **Ескертпе.** Егер принтер «Принтерлер табылды» терезесі көрінетін болса, онда оның IP-мекен-жайы көрсетіледі. Кейінгі пайдалану үшін IP-мекен-жайды жазып алыңыз.
10. Драйверді таңдаңыз.
 11. **Орнату** батырмасын басыңыз.
 12. Егер принтердің IP-мекен-жайы пайда болса, оны енгізіңіз.
 13. Компьютерді қайта жүктеу туралы нұсқау пайда болған жағдайда, драйверді жүктеуді аяқтау үшін, **Қайта жүктеу** батырмасын басыңыз.
 14. Орнатуды аяқтау үшін, **Дайын** батырмасын басыңыз.
- 36 Xerox® B1025 көпфункционалды құрылғысы
Пайдаланушы нұсқаулығы

10.9 және барынша кейінгі нұсқадағы Macintosh OS X ортада принтер драйверлерін орнату

Принтердің барлық атқарымдарын пайдалану үшін, Xerox принтерінің драйверін орнатыңыз. Принтер драйверін орнату:

1. www.xerox.com/office/B1022_B1025drivers мекен-жайы бойынша принтердің драйверін жүктеңіз.
2. Принтерге арналған **.dmg** файлын таңдау үшін, жұмыс үстеліндегі дискі пиктограммасын басыңыз.
3. **.dmg** файлын ашыңыз және берілген операциялық жүйеге арналған орнату файлына өтіңіз.
4. Орнатуды бастау үшін, орнатушы пакетінің файлын ашыңыз.
5. Ескертуді және кіріспе хабарламаны растау үшін, **Жалғастыру** басыңыз. **Жалғастыру** батырмасын қайтадан басыңыз.
6. Лицензиялық келісім талаптарын қабылдау үшін, **Жалғастыру** батырмасын, содан кейін **Қабылдаймын** батырмасын басыңыз.
7. Көрсетілген орнату орнын растау үшін, **Орнату** батырмасын басыңыз. Немесе басқа орнату орнын таңдаңыз және **Орнату** батырмасын басыңыз.
8. Парольді енгізіңіз және **Бағдарламаны орнату** батырмасын басыңыз.
9. Табылған принтерлер тізімінде принтерді таңдаңыз және **Жалғастыру** батырмасын басыңыз. Егер принтер табылған принтерлер тізімінде жоқ болса, келесіні орындаңыз.
 - a. **Желілік принтер** белгішесін басыңыз.
 - b. Принтердің IP-мекен-жайын енгізіңіз және **Жалғастыру** батырмасын басыңыз.
 - c. Табылған принтерлер тізімінде принтерді таңдаңыз және **Жалғастыру** батырмасын басыңыз.
10. Баспа кезегінің хабарламасын растау үшін **Жалғастыру** батырмасын басыңыз.
11. Орнатудың сәтті аяқталғаны жөніндегі хабарламаны растау үшін **Жабу** батырмасын басыңыз.
12. Принтердің драйвері орнатылған опцияларды анықтағанына көз жеткізіңіз:
 - a. Apple мәзірінде **System Preferences (Параметрлер мен жүйелер)→Printers and Scanners (Принтерлер мен сканерлер)** таңдаңыз.
 - b. Apple мәзірінде **System Preferences (Жүйе параметрлері)→Printers and Scanners (Принтерлер және сканерлер)** таңдаңыз.
 - c. **Options** (Опциялар) таңдаңыз.
 - d. Принтерде орнатылған барлық опциялардың дұрыс көрінетініне көз жеткізіңіз.
 - e. Баптауларды сақтау үшін **ОК** басыңыз. Терезені жабыңыз және System Preferences (Жүйе параметрлері) бөліміне өтіңіз.

Macintosh ортасында сканер драйверлерін орнату

Сканер драйверін орнату:

1. www.xerox.com/office/B1025drivers мекен-жайы бойынша драйвердің соңғы нұсқасын жүктеңіз.
2. Өзіңіздің операциялық жүйеңізге арналған сәйкесінше пакетті жүктеңіз.
3. Принтер үшін **.dmg** файлын таңдау үшін, жұмыс үстеліндегі дискі пиктограммасын басыңыз.

4. **Scan Installer.dmg** файлын ашыңыз және берілген операциялық жүйеге арналған орнату файлына өтіңіз.
5. **Scan Installer** орнату файлын ашыңыз.
6. Ескертуді және кіріспе хабарламаны растау үшін, **Continue** (Жалғастыру) басыңыз.
7. Лицензиялық келісім талаптарын қабылдау үшін, **Жалғастыру** батырмасын, содан кейін **Қабылдаймын** батырмасын басыңыз.
8. **Жалғастыру** батырмасын қайтадан басыңыз.
9. Парольді енгізіңіз және **OK** батырмасын басыңыз.
10. Орнатудың басқа терезелерін жабу нұсқауымен хабарлама пайда болған кезде **Орнатуды жалғастыру** батырмасын басыңыз.
11. Қайта жүктеу үшін **Жүйеден шығу** таңдаңыз.

UNIX және Linux жүйесінде принтер драйверлерін орнату



Ескертпе.

- Компьютерде UNIX принтер драйверін орнату үшін root немесе суперпайдаланушы құқығы талап етіледі.
- Драйверлерді орнату үшін интернетке қосылу қажет етіледі.

Linux үшін принтер драйверлерін орнату кезінде төменде келтірілген әрекеттерді орындаңыз, тек қана операциялық жүйе ретінде UNIX орнына **Linux** немесе сәйкесінше пакетті таңдаңыз.

Принтер драйверін орнату:

1. Принтредің басқару панелінде IP-мекен-жайын тағайындау үшін келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:
 - a. DHCP серверімен мекенжайды автоматты түрде белгілеуді қосыңыз.
 - b. Конфигурация туралы есепті басып шығарыңыз және оны анықтама үшін сақтаңыз.
Конфигурация туралы есепті басып шығару туралы мәліметтер [Басқару панелінен конфигурация туралы есепті басып шығару](#) бөлімінде келтірілген.
 - c. Конфигурация туралы есепте TCP/IP хаттамасы қосылғанына және желілік кабель жалғанғанына көз жеткізіңіз.
2. Компьютерде келесіні орындаңыз:
 - a. Берілген принтер үшін драйверлері бар сайтта принтер моделін таңдаңыз.
 - b. Операциялық жүйелер тізімінде **UNIX** таңдаңыз және **Go** батырмасын басыңыз.
 - c. Өзіңіздің операциялық жүйеңіз үшін сәйкесінше пакетті таңдаңыз.
 - d. Драйверді жүктеуді бастау үшін, **Старт** батырмасын басыңыз.
3. Драйвердің таңдалған пакетінің астындағы ескертпелерде **Орнату жөніндегі нұсқаулық** басыңыз және орнату бойынша нұсқауларды орындаңыз.

Басқа драйверлер

Жүктеу үшін келесі драйверлер қолжетімді:

- 38 Xerox® B1025 көпфункционалды құрылғысы
Пайдаланушы нұсқаулығы

- Xerox® Global Print Driver драйвері басқа компаниялармен дайындалған принтерлерді қоса алғанда, сіздің желіңізге орнатылған кез келген принтермен жұмыс істейді. Орнату кезінде ол берілген принтер үшін автоматты конфигурацияланады.
- Xerox® Mobile Express Driver - компьютерлерге қосылатын және стандартты PostScript қолданылатын барлық принтерлерге арналған. Әрбір баспа кезінде драйвер осы принтер үшін конфигурацияланады. Егер сізге бір жерде жиі болу қажет болса, драйверде таңдалған баптаулар қалуы үшін сол жерде қолданылатын принтерлерді сақтауға болады..

Драйверлерді www.xerox.com/office/B1025drivers мекен-жайы бойынша жүктеуге болады.

Принтерді WSD веб-қызметі ретінде орнату

Web Services on Devices (WSD) қосымшасыны көмегімен желіде қашықтағы құрылғыларды және байланыс қызметтерін табуға және оларға жүгінуге болады. WSD қосымшасы табылған құрылғыларды, оларды басқаруды және пайдалануды қолдайды.

Құрылғыны қосу шеберінің көмегімен WSD принтерін орнату

WSD-принтерді орнату үшін құрылғыны қосу шеберін пайдаланыңыз:

1. Компьютерде **Іске қосу** басыңыз және **Құрылғылар мен принтерлер** таңдаңыз.
2. Құрылғыны қосу шеберін іске қосу үшін **Құрылғыны қосу** басыңыз.
3. Қолжетімді құрылғылар тізімінде орнатуға арналған принтерді таңдаңыз және **Одан әрі** батырмасын басыңыз.



Ескертпе. Егер принтер тізімде жоқ болса, **Жою** батырмасын басыңыз. Құрылғылар тізіміне WSD-принтерді қосу үшін принтерлерді қосу шеберін пайдаланыңыз. [Принтерлерді орнату шеберінің көмегімен WSD принтерін орнату](#) бөлімін қараңыз.

4. **Жабу** батырмасын басыңыз.

Принтерлерді орнату шеберінің көмегімен WSD принтерін орнату

WSD-принтерді орнату үшін принтерлерді орнату шеберін пайдаланыңыз.

1. Компьютерде **Іске қосу** басыңыз және **Құрылғылар және принтерлер** таңдаңыз.
2. Принтерлерді орнату шеберін іске қосу үшін **Принтерді орнату** тармағын таңдаңыз.
3. **Желілік, сымсыз немесе Bluetooth-принтерді қосу** таңдаңыз.
4. Қолжетімді құрылғылар тізімінде орнатуға арналған принтерді таңдаңыз және **Одан әрі** батырмасын басыңыз.
5. Егер тізімде принтер жоқ болса, **Қажетті принтер жоқ** таңдаңыз.
6. **Принтерді оның TCP/IP-мекен-жайы немесе торабының атауы бойынша қосу** таңдаңыз және **Одан әрі** батырмасын басыңыз.
7. Құрылғының түрі өрісінде **Веб-қызметтер құрылғысын** таңдаңыз.
8. «Хостың атауы немесе IP-мекен-жайы» өрісінде принтердің IP-мекен-жайын енгізіңіз. **Одан әрі** басыңыз.
9. Желідегі пайдаланушылардың принтерге қолжетімділіні нұсқасын таңдаңыз.

10. Принтерге жалпы қолжетімділікті сәйкестендіру үшін, жалпы ресурстың атын, орналасқан жерін және түсіндірмелерді енгізіңіз. **Одан әрі** басыңыз.
11. Аппаратты үндемеу бойынша принтер етіп жасау үшін, сәйкесінше батырманы таңдаңыз. Қосылуды тексеру үшін **Сынама бетті басып шығару** батырмасын басыңыз.
12. **Дайын** батырмасын басыңыз.

Морриа және Google Cloud Print қызметінің көмегімен мобильдік құрылғылардан басып шығару

Келесі қызметтері драйверсіз басып шығаруға мүмкіндік береді.

Морриа

Морриа принтер драйверінсіз мобильдік құрылғылардан баспаға арналған бағдарламалық атқарымнан тұрады. Морриа атқарымын оған қолданылатын принтерлерде мобильдік құрылғылардан басып шығару үшін қолдануға болады.

Google Cloud Print

Google Cloud Print атқарымының көмегімен, принтер драйверін қолданбай, интернетке қосылған құрылғылардан құжаттарды басып шығаруға болады. Бұлттан алынған құжаттарды кез келген орыннан – дербес компьютерден, планшеттен немесе смартфоннан принтерге жіберуге болады.

Қосымша мәліметтерді www.xerox.com/office/B1022_B1025docs мекен-жайы бойынша *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімші нұсқаулығы) жарияланымынан қараңыз.

Қызметтерді пайдалану

Тараудың мазмұны:

• Көшірмелеу	42
• Сканерлеу (қайда)	52
• Электронды пошта	65
• Факс	68
• Куәлікті көшірмелеу	76
• USB	78
• Сақталған жұмыстар	80
• Мекен-жай кітабы	81
• Жұмыс мәртебесі	83
• Аппарат мәртебесі	84

Қызметтер аппараттың түрлі режимдері мен функцияларына қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Бұл пайдалануға дайын орнатылған стандартты қызметтер. Кейбір қызметтер аппаратты бірінші рет қосқан кезде көрсетілмейді. Қызметтерді Xerox® CentreWare® Internet Services қосымшасының көмегімен орнатуға және реттеуге болады.

Көшірмелеу

Бұл атқарымды баптау үшін пайдалану алдында жүйелік әкімшінің деректемелері қажет етіледі. Қосымша мәліметтерді www.xerox.com/office/B1022_81025docs мекен-жайы бойынша *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімші нұсқаулығы) жарияланымынан қараңыз.

Көшірмелеу

Бұдан әрі түпнұсқаларды бергіштің немесе экспонирлеу шынысының көмегімен құжаттарды көшірмелеу тәртібі келтірілген.




Ескертпе. Жеке куәліктерді көшірмелеу туралы мәліметтерді [Куәліктерді көшірмелеу](#) бөлімінен қараңыз.


1. Түпнұсқаны автобергішке салыңыз немесе оларды экспонирлеу шынысына орналастырыңыз.

Егер көшірмелеу атқарымы қолжетімсіз болса, оны қосу үшін жүйелік әкімшіге хабарласыңыз. Қосымша мәліметтерді www.xerox.com/office/B1022_B1025docs мекен-жайы бойынша *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімші нұсқаулығы) жарияланымын қараңыз.

- Түпнұсқалар бергішінің көмегімен беру мүмкін болмайтын дара беттер немесе қағаз үшін, экспонирлеу шынысын пайдаланыңыз. Құжаттың бірінші бетін алдыңғы жағы экспонирлеу шынысының жоғарғы сол жақ бұрышына төмен орналастырыңыз.



- Бірнеше беттен немесе бір бірден беру үшін түпнұсқалар бергішін қолданыңыз. Құжаттан көшірме жасаудың алдында барлық бекіткіштер мен қапсырмаларды алып, содан кейін оны бергішке бет жағын жоғары қаратып орналастыру қажет.



2. Принтердің басқару панелінде **Негізгі режимдер** батырмасын басыңыз.
3. **Көшірмелеуді** таңдаңыз.
4. Басқару панелінің сенсорлық экранында әріптік-сандық пернетақтадан көшірмелердің санын енгізіңіз.
5. **Көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
6. Көшірмелеу баптауын орнатыңыз. **Көшірмелеу баптауларын өзгерту** бөлімін қараңыз.
7. Жасыл **Старт** батырмасын басыңыз.
 - Көшірмелеу жұмысын тоқтату немесе жою үшін басқару панеліндегі **Тоқта** қызыл батырмасын басыңыз.
 - Көшірмелеу жұмысын тоқтата тұру үшін басқару панелінде **Тоқтата тұру** батырмасын басыңыз.

Көшірмелеу баптауларын өзгерту

Бір жақты және екі жақты көшірмелеуді таңдау

Принтерде көшірмелеудің келесі опциялары қарастырылған: 1-жақты, 2-жақты және айн. 2-жақты. 2-жақты және айн. 2-жақты опциялары беттердің екі жағын да көшірмелеуге арналған:

1. Принтерді басқару панелінде **Негізгі режимдер** батырмасын басыңыз.
2. **Көшірмелеу** таңдаңыз.
3. Көшірмелеу экранында **көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
4. Көшірмелеу атқарымы экранында **2-жақты көшірмелеу** баптауын таңдаңыз.
5. Келесі нұсқалардың бірін таңдаңыз.
 - **1 > 1-жақты** — 1-жақты түпнұсқалардан 1-жақты көшірмелер жасау.
 - **1 > 2-жақты** — 1-жақты түпнұсқалардан 2-жақты көшірмелеу жасау.
 - **2 > 2-жақты** — 2-жақты түпнұсқалардан 2-жақты көшірмелер жасау.
 - **2 > 1-жақты** — 2-жақты түпнұсқалардан 1-жақты көшірмелер жасау.
6. Нұсқалардың бірін таңдаңыз.
 - **Түпнұсқаны бұру** — екінші жағын бұрумен құжаттардың 2-жақты түпнұсқаларын жасау.
 - **Таңбаларды бұру** — екінші жағын бұрумен 2-жақты таңбалар жасау.



Ескертпе. Бұру нәтижесі таңалған нұсқаға байланысты. Бұру нәтижелерін **Бұру нәтижелері** бөлімінен қараңыз.

7. **ОК** басыңыз.

Бұру нәтижелері


КЕскіндемелерде көк нүктелермен сканердің бастапқы нүктелері мен жиектері белгіленген.

- А кескіндемесінде 1 бет көрсетілген.
- В кескіндемесінде 2 бет көрсетілген.

Бұру нәтижелері келесі нұсқалар үшін ұсынылған.


- 1 бұру -> 2-жақты, Таңбаны бұру опциясы таңдалған кезде.
- 2 бұру 2 -> 1-жақты, Түпнұсқаны бұру опциясы таңдалған кезде.

- 2 бұру -> 2-жақты немесе Көлденең -> Көлденең, Түпнұсқаны бұру немесе Таңбаны бұру опциясы таңдалған кезде.




Бұру нәтижелері келесу нұсқалар үшін ұсынылған.

- 2 -> 1-жақты, үндемеу бойынша баптау қолданылатын немесе бұру опциясы таңдалмаған кезде.
- 2 -> 2-жақты немесе Тігінен -> Көлденең, Таңбаны бұру опциясы таңдалған кезде.




Бұру нәтижелері 2 нұсқаға жатады -> 2-жақты үндемеу бойынша немесе Тігінен -> Тігінен, Түпнұсқаны бұру немесе Таңбаны бұру опциясы таңдалмаған кезде.



Бұру нәтижелері келесі нұсқалар үшін ұсынылған.

- 2 -> 2-жақты немесе Көлденең -> Тігінен, Түпнұсқаны бұру опциясы таңдалған кезде.
- 1 -> 2-жақты үндемеу бойынша, Түпнұсқаны бұру немесе Таңбаны бұру опциясы таңдалған кезде.



Көшірмелерді іріктеу баптауларын өзгерту

Түпнұсқаларды экспонирлеу шынысына орналастыру кезінде көшірмелеужің көп парақты жұмыстары үшін іріктеу баптауын өзгертуге болады.



Ескертпе. Іріктеу баптауын принтер драйверінің интерфейсінде және басқару панелінде өзгертуге болады.

Көшірмелерді іріктеу баптауын таңдау:

1. Принтерді басқару панелінде **Негізгі режимдер** батырмасын басыңыз.
2. **Көшірмелеу** таңдаңыз.
3. Көшірмелеу экранында **көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
4. Көшірмелеу атқарымдары экранында **Іріктеу** баптауын таңдаңыз.
5. Келесі нұсқалардың бірін таңдаңыз:
 - **Іріктеумен** — көшірмелерді іріктеуді таңдау, түпнұсқалар экспонирлеу шынысына орналастырылған кезде.
 - **Іріктеусіз** — көшірмелерді іріктеуді ажырату, түпнұсқалар экспонирлеу шынысына орналастырылған кезде.
6. **OK** батырмасын басыңыз.

Қағазға арналған науаны таңдау

Қағазға арналған науаны таңдау:

1. Принтердің басқару панелінде **Негізгі режимдер** батырмасын басыңыз.
2. **Көшірмелеу** таңдаңыз.
3. Көшірмелеу экранында **көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
4. Көшірмелеу атқарымдары экранында **Қағазбен жабдықтау** баптауын таңдаңыз.
5. Келесі нұсқалардың бірін таңдаңыз.
 - **Қағазды автотаңдау** — кескіндеме үшін барынша қолайлы келетін қағазы бар науаны автоматты таңдау.
 - Сәйкесінше қағазы бар науа.
6. **OK** батырмасын басыңыз.

Кескіндемені кішірейту және үлкейту

Түпнұсқалардың кескіндемесін 25%-дан 400% дейінгі диапазонда кішірейтуге және ұлғайтуға болады. Кескіндемені масштабтау:

1. Принтердің басқару панелінде **Негізгі режимдер** батырмасын басыңыз.
2. **Көшірмелеу** таңдаңыз.
3. Көшірмелеу экранында **көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
4. Көшірмелеу атқарымдары экранында **Кішірейту/Үлкейту** таңдаңыз.
5. Келесі нұсқалардың бірін таңдаңыз:

- Пайыздарда біртіндеп кішірейту немесе үлкейту үшін **көрсеткілер** белгішелерінің көмегімен мәнді таңдаңыз.
- Өріптік-сандық пернетақтаның көмегімен кішірейту немесе үлкейту үшін келесі стандартты мәндердің бірін таңдаңыз.



Ескертпе. Көшірмеленетін кескіндемелерді автоматты масштабтау үшін **Авто** таңдаңыз.

6. **OK** басыңыз.

Түпнұсқа бағдарын орнату

Автобергішке салынатын түпнұсқаның бағдарын таңдаңыз.



Ескертпе. Түпнұсқаны экспонирлеу шынысына орналастырған кезде бағдар нықталмайды. Бұл жағдайда ол түпнұсқаны шыныға орналастыру бағытымен анықталады.

Түпнұсқа бағдарын орнату тәртібі:

1. Принтердің басқару панелінде **Негізгі режимдер** батырмасын басыңыз.
2. **Көшірмелеу** таңдаңыз.
3. Көшірмелеу экранында **көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
4. Көшірмелеу атқарымдары экранында **Түпнұсқа бағдары** баптауын таңдаңыз.
5. Нұсқалардың бірін таңдаңыз:
 - **Жоғарыдан жоғары тігінен беру** — тік бағдарға ұқсас.
 - **Жоғарыдан солға көлд. беру** — көлденең бағдарға ұқсас.
6. **OK** батырмасын басыңыз.

Түпнұсқа түрін көрсету

Көшірмелердегі суреттеме сапасы түпнұсқалардың типіне және оларды құру тәсіліне байланысты оңтайландырылады.

Түпнұсқа түрін таңдау үшін келесіні орындаңыз:

1. Принтердің басқару панелінде **Негізгі режимдер** батырмасын басыңыз.
2. **Көшірмелеу** таңдаңыз.
3. Көшірмелеу экранында **көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
4. Көшірмелеу атқарымдары экранында **Түпнұсқа түрі** баптауын таңдаңыз.
5. **Көрсеткі төмен** белгішесін баса отырып, түрін таңдаңыз.
 - **Фото және мәтін** — тағайындалуы:
 - Қағазда басып шығарылған мәтін және фотосуреттері бар құжаттар
 - Мәтін және фотосуреттері бар фотокошірмеленген құжаттар
 - Фотографиялық қағазда мәтін және фотосуреттері бар құжаттар
 - **Фото** — тағайындалуы:
 - Фотографиялық қағаздағы түпнұсқалық фотосуреттер
 - Журнал қағазында басып шығарылған фотосуреттер
 - Фотокошірмеленген құжаттар
 - **Мәтін** — қара-ақ және түрлі-түсті мәтін үшін.
6. **OK** батырмасын басыңыз.

Түпнұсқа өлшемін көрсету

Көшірмелеу кезінде түпнұсқа форматын беруге болады. Түпнұсқа форматын көрсету тәртібі:

1. Принтердің басқару панелінде **Негізгі режимдер** батырмасын басыңыз.
2. **Көшірмелеу** таңдаңыз.
3. Көшірмелеу экранында **көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
4. Көшірмелеу атқарымдары экранында **Түпнұсқа форматы** баптауын таңдаңыз.
5. Мәнді таңдаңыз. Басқару панелінің пернетақтасынан облыс өлшемдерін енгізіңіз.



Ескертпе. Сұр түспен бөліп көрсетілген опциялар қолжетімсіз.

- **Алдын ала орнату** — көшірмелеу облысы көрсетіледі, егер ол қағаздың стандартты форматына сәйкес келсе.
 - **Пайдаланушылық** — көшірмелеу облысының биіктігі мен ені көрсетіледі.
6. **OK** батырмасын басыңыз.

Кескіндемені жылжыту

Кескіндеменің парақта орналасуын өзгертуге болады. Кескіндемені жылжыту үшін түпнұсқаларды автобергішке салыңыз немесе оларды экспонирлеу шынысына орналастырыңыз. Экспонирлеу шынысында түпнұсқалар беткі жағымен төмен артқы сол жақ бұрышқа орналасады. Түпнұсқаның қысқа жағы солға қарауы тиіс. Кескіндемені жылжыту тәртібі:

1. Түпнұсқаларды келесі тәсілдердің бірімен орналастырыңыз:
 - Түпнұсқаларды бергіш үшін: беткі жағымен жоғары қысқа жағымен бергішке.
 - Экспонирлеу шынысы үшін: беткі жағымен төмен, шынының артқы сол жақ бұрышына, қысқа жағымен солға.
2. Принтердің басқару панелінде **Негізгі режимдер** батырмасын басыңыз.
3. **Көшірмелеу** таңдаңыз.
4. Көшірмелеу экранында **көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
5. Көшірмелеу атқарымдары экранында **Кескіндемені жылжыту** таңдаңыз.
6. Егер Кескіндемені жылжыту өрісінде Сөнд. мәні таңдалған болса, көрсеткіні басыңыз және келесі нұсқалардың бірін таңдаңыз:
 - **Автоорталық** — кескіндемені бетте орталықтандыру.
 - **Өрістерді жылжыту** — өрістерді кескіндеменің солына, оңына, жоғары немесе төмен жылжыту.
7. **OK** батырмасын басыңыз.

Фонды басуды орнату

Жұқа қағазда немесе парақтың артқы жағынан көрініп тұратын мәтіні және суреттері бар қағазды басып шығарылған құжаттарға арналған фонды басуды орнатыңыз. Ашық фон түстерінің өзгерістеріне принтердің сезімталдығын азайту үшін «Автобасу» опциясын таңдаңыз немесе фонды басу баптауларын орнатыңыз. Фонды басуды орнату тәртібі:

1. Принтердің басқару панелінде **Негізгі режимдер** батырмасын басыңыз.
 2. **Көшірмелеу** таңдаңыз.
 3. Көшірмелеу экранында **көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
 4. Көшірмелеу атқарымдары экранында **Фонды басу** баптауын таңдаңыз.
- 48 Xerox® B1025 көпфункционалды құрылғысы
Пайдаланушы нұсқаулығы

5. Келесі нұсқалар қарастырылған:
 - Сөнд. — фонды басу атқарымын сөндіру.
 - **Автобасу** — кескіндеме сапасын жақсарту үшін. Бұл ретте сканерленетін құжаттың үлгісі автоматты түрде бағаланады және сәйкесінше кескіндеме сапасы бапталады.
 - **Жақсарту** — кескіндеме сапасын жақсарту үшін. Кескіндеме сапасын 1-2 диапазонде жүгірткінің көмегімен орнатыңыз. Нөмір неғұрлым көп болса, фон соғұрлым айқын болады.
 - **Өшіру** — кескіндемеден өрістерді алып тастау. 1-4 позициясындағы жүгірткіні орнатудың көмегімен өріс жойылады. Нөмір неғұрлым көп болса, фон соғұрлым айқын болады.
6. **OK** батырмасын басыңыз.

Кескіндемені жарықтандыру және қарайту

Түпнұсқаны көшірмелеу кезінде кескіндеменің тығыздығын (ашығырақ/қаралау) баптауға болады. Кескіндеме тығыздығын баптау:

1. Принтердің басқару панелінде **Негізгі режимдер** батырмасын басыңыз.
2. **Көшірмелеу** таңдаңыз.
3. Көшірмелеу экранында **көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
4. Көшірмелеу атқарымдары экранында **Ашығырақ/Қаралау** баптауын таңдаңыз.
5. Жүгірткінің көмегімен тығыздың баптауын орнатыңыз.
6. **OK** батырмасын басыңыз.

Парақ макетін баптау

Парақ макеті баптуы берілген парақтар санын беттің бір немесе екі жағына да орналастыру үшін қызмет етеді.



Ескертпе. Үндемеу бойынша Парақ макеті атқарымы ажыратылған, егер Түпнұсқа форматын алдын ала орнату таңдалмаған, ал Кескіндемені жылжыту ажыратылған болса.

Парақ макетін баптау:

1. Принтердің басқару панелінде **Негізгі режимдер** батырмасын басыңыз.
2. **Көшірмелеу** таңдаңыз.
3. Көшірмелеу экранында **көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
4. Көшірмелеу атқарымдары экранында **Парақ макетін** таңдаңыз.
5. Мәнді таңдаңыз.
 - **2 бет** — көшірменің бір немесе екі жағында екі бет жасау.
 - **4 бет** — көшірменің бір немесе екі жағында төрт бет жасау.
 - **8 бет** — көшірменің бір немесе екі жағында сегіз бет жасау.
 - **16 бет** — көшірменің бір немесе екі жағында 16 бет жасау.
6. Қағазбен жабдықтау бөлімінде науаны таңдаңыз.
7. **OK** батырмасын басыңыз.

Кітапты көшірмелеуді таңдау

Кітаптар, журналдар және басқа да бекітілген түпнұсқаларды сол немесе оң бетке қағаздың бір парағына көшіруге болады. Сол және оң беттерді екі параққа немесе бір сурет түрінде бір параққа көшіруге болады.



Ескертпе. Егер Түпнұсқа форматы опциясы таңдалмаған болса, Кітапты көшірмелеу ажыратылған.

Кітапты көшірмелеуді таңдау тәртібі:

1. Принтердің басқару панелінде **Негізгі режимдер** батырмасын басыңыз.
2. **Көшірмелеу** таңдаңыз.
3. Көшірмелеу экранында **көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
4. Көшірмелеу атқарымдары экранында **Кітапты көшірмелеу** таңдаңыз.
5. Келесі нұсқалардың бірін таңдаңыз.
 - **Сөнд.** — үндемеу бойынша баптау.
 - **Екі бет** — ашылған кітаптың екі парағын қағаздың екі бетіне сканерлеу.
 - **Сол жақ бет** — ашылған кітаптың сол жақ парағын қағаздың бір бетіне сканерлеу.
 - **Оң жақ бет** — ашылған кітаптың оң жақ парағын қағаздың бір бетіне сканерлеу.
6. **OK** батырмасын басыңыз.

Мұқабаларды көшірмелеу

Көшірмелеудің бірінші және соңғы жұмыс беттерін арнайы қағазда, мысалы, түрлі-түсті немесе тығыз парақта, басып шығаруға болады. Бұл ретте мұқабаларға арналған қағаз басқа науадан беріледі. Мұқабаларды кітапты көшірмелеу кезінде көшірмесін жасауға болады, бірақ брошюраны көшірмелеу кезінде бұл қолжетімсіз.

Мұқабаларды көшірмелеу тәртібі:

1. Құжатқа арналған қағазды сәйкесінше науаға салыңыз.
2. Мұқабаларға арналған қағазды басқа науаға салыңыз.
3. Принтерді басқару панелінде **Негізгі режимдер** батырмасын басыңыз.
4. **Көшірмелеу** таңдаңыз.
5. Көшірмелеу экранында **көрсеткі солға** белгішесін басыңыз.
6. Қағазбен жабдықтау бөлімінде құжатқа арналған қағазы бар науаны таңдаңыз.



Ескертпе. Бұл ретте мұқабаларға арналған қағаз басқа науадан автоматты түрде берілетін болады.

7. **OK** батырмасын басыңыз.
 8. **Мұқабалар** таңдаңыз.
 9. Мәнді таңдаңыз.
 10. Мұқаба мәзірінде опцияны таңдаңыз:
 - **Бос** — мұқабаға арналған қағазға мұқаба көшірілмейді.
 - **1 жақта ғана басып шығару** — мұқабаны арнайы қағаз парағының бір жағына көшірмелеу.
 - **Екі жағына да басып шығару** — мұқабаны арнайы қағаз парағының екі жағына да көшірмелеу.
 11. **Мұқаба→науаны таңдау** мәзірінде мұқабаларға арналған қағазы бар науаны таңдаңыз.
- 50 Xerox® B1025 көпфункционалды құрылғысы
Пайдаланушы нұсқаулығы

12. **ОК** батырмасын басыңыз.
13. Көшірмелеу экранында **көрсеткі солға** белгішесін басыңыз.
14. **Саны** өрісінде көшірмелердің санын көрсетіңіз.
15. Жасыл **Старт** батырмасын басыңыз.

Брошюралар жасау

Көшірмелер брошюра форматында басып шығарылуы мүмкін. Брошюралар жасау режимінде түпнұсқа беттерінің кескіндемелері беттің бір жағында екі кескіндеме орналасатындай болып кішірейтіледі.



Ескертпе. Мұндай режимде көшірмелер барлық түпнұсқалар сканерленгеннен кейін басып шығарылады.

Брошюра жасау:

1. Принтердің басқару панелінде **Негізгі режимдер** батырмасын басыңыз.
2. **Көшірмелеу** таңдаңыз.
3. Көшірмелеу экранында **көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
4. Көшірмелеу атқарымдары экранында **Брошюра жасау** таңдаңыз.



Ескертпе. Егер Кішірейту/Үлкейту баптауы өзгертілген болса, ол үшін Авто% мәні орнатылғаны туралы растамасы бар хабарлама пайда болады.

Егер Қағазбен жабдықтау баптауы үшін Автотаңдау мәні орнатылатын болса, осы баптау үшін 1 Науа мәні орнатылғаны туралы хабарлама шығарылады.

5. **Қосу** батырмасын басыңыз.
6. **Түпнұсқаны енгізу** басыңыз және түпнұсқа нұсқасын таңдаңыз:
 - **1-жақты түпнұсқа** — түпнұсқалардың бір жағы ғана сканерленеді және 1-жақты көшірмелер файлдары құрылады.
 - **2-жақты түпнұсқа** — түпнұсқалардың екі жағы да сканерленеді.
7. **Қағазбен жабдықтау** опциясын таңдаңыз. Бұл қолданатын қағазы бар науа.
8. **ОК** батырмасын басыңыз.

Сканерлеу (қайда)

Бұл атқарымды баптау үшін қолдану алдында жүйелік әкімшінің деректемелері қажет етіледі. Қосымша мәліметтерді www.xerox.com/office/B1022_B1025docs мекен-жайы бойынша *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімші нұсқаулығы) жарияланымынан қараңыз.

Сканерлеу кескіндемесін шығу құрылғысына жөнелту

ДК-ге сканерлеу кезінде сервердегі папкаға немесе компьютердегі жалпы папкаға сканерлеуге болады. Сондай-ақ электронды поштаның мекен-жайына жөнелтумен немесе IP-мекен-жай бойынша және символдарды оптикалық тану (OCR) арқылы сканерлеуге болады.



Ескертпе. OCR үшін сканерлеу опциясын пайдаланған кезде іздестіруді орындауға және сәйкесінше қосымшада сканерленген құжатты редакциялауға болады.

ДК-де сканерлеудің алдында серверде тағайындау папкасын баптау және компьютердегі жалпы папкада жалпы қолжетімділікті ашу қажет. Тағайындау экранда сканерлеу файлына шығу құрылғысына Xerox® CentreWare® Internet Services қосымшасында бейнеленеді. Егер шығу құрылғысына сканерлеуге арналған тағайындау берілмеген болса, ДК-ге Сканерлеу белгішесі экранда сұр түспен бейнеленеді.


Кескіндемені сканерлеу және оны компьютерге жіберу:

1. Түпнұсқаны автобергішке салыңыз немесе оларды экспонирлеу шынысына орналастырыңыз.

- Түпнұсқаларды бергіштің көмегімен беру мүмкін болмайтын дара беттер мен қағаздар үшін экспонирлеу шынысын қолданыңыз. Құжаттың бірінші бетін экспонирлеу шынысының жоғарғы сол жақ бұрышына бет жағымен төмен қаратып орналастырыңыз.




Ескертпе. Экспонирлеу шынысын пайдалану және Экспонирлеу шынысын пайдалану жөніндегі нұсқаулар бөлімдерін қараңыз.



- Бірнеше парақтан немесе бір парақтан беру үшін түпнұсқалар бергішін қолданыңыз.
Құжаттан көшірмелеудің алдында барлық бекіткіштер мен қапсырмаларды алу, содан кейін оны бет жағымен жоғары қаратып бергішке орналастыру қажет.



Ескертпе. Түпнұсқаларды бергіш және Түпнұсқаларды бергішті пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар бөлімдерін қараңыз.



2. Принтердің басқару панелінде **Барлығын тазалау** батырмасын, содан кейін **Скан. (қайда)** басыңыз.

Егер Скан. (қайда) атқарымы қолжетімсіз болса, оны қосу үшін жүйелік әкімшіге хабарласыңыз. Қосымша мәліметтерді www.xerox.com/office/B1022B1025docs мекен-жайы бойынша *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімші нұсқаулығы) жарияланымынан қараңыз.

3. **ДК-ге сканерлеу** басыңыз.
ДК-ге сканерлеу терезесі ашылады.
4. Қажетті нұсқаны таңдаңыз және қажетті деректерді енгізіңіз
 - **Баспаға арналған скан.** — IP-мекен-жай бойынша жібере отырып, кескіндемені сканерлеу.
 - **Эл. поштаға скан.** — кескіндемені тағайындау папкасына сканерлеу.
 - **OCR арналған скан.** — баспа мәтінін сандық форматқа түрлендіру.
5. Тағайындау атын таңдаңыз.
6. Жасыл **Старт** батырмасын басыңыз.



Ескертпе. Сканерлеу баптауларын орнатыңыз. **Сканерлеу параметрлерін баптау** бөлімін қараңыз.

Электронды поштаға сканерлеу



Ескертпе. Осы атқарымда қолданған кезде сканерленген кескіндемелер қосымшалар түрінде электронды поштаның хабарламалары ретінде жіберіледі.

Эл. поштаға сканерлеу үшін SMTP пошта серверін баптау және жөнелтуші өрісін толтыру қажет. Мекен-жай кітабында жоқ дегенде бір эл. поштаның мекен-жайы болуы тиіс. Егер электронды поштаның параметрлері дұрыс емес бапталған болса, эл. поштаның пиктограммасы сенсорлық экранда сұр түспен көрсетіледі. Электронды поштаға сканерлеу үшін келесіні орындаңыз:


1. Түпнұсқаларды автобергішке салыңыз немесе оларды экспонирлеу шынысына орналастырыңыз.

Қызметтерді пайдалану

- Түпнұсқаларды бергіштің көмегімен беру мүмкін болмайтын дара беттер мен қағаздар үшін экспонирлеу шынысын қолданыңыз. Құжаттың бірінші бетін экспонирлеу шынысының жоғарғы сол жақ бұрышына бет жағымен төмен қаратып орналастырыңыз.




Ескертпе. Экспонирлеу шынысын пайдалану және Экспонирлеу шынысын пайдалану жөніндегі нұсқаулар бөлімдерін қараңыз.



- Бірнеше парақтан немесе бір парақтан беру үшін түпнұсқалар бергішін қолданыңыз.
Құжаттан көшірмелеудің алдында барлық бекіткіштер мен қапсырмаларды алу, содан кейін оны бет жағымен жоғары қаратып бергішке орналастыру қажет.



Ескертпе. Түпнұсқаларды бергіш және Түпнұсқаларды бергішті пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар бөлімдерін қараңыз.



2. Бұның алдындағы баптауларды алып тастау үшін, **Барлығын тазалау** батырмасын басыңыз.
3. **Негізгі режимдер** батырмасын басыңыз.
4. Принтерді басқару панелінде **Эл. пошта** батырмасын басыңыз.

Егер электронды поштаға сканерлеу атқарымы қолжетімсіз болса, оны қосу үшін жүйелік әкімшіге хабарласыңыз. Қосымша мәліметтерді www.xerox.com/office/B1022_B1025docs мекен-жайы бойынша *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімші нұсқаулығы) жарияланымынан қараңыз.

5. Алушының деректерін енгізіңіз.
 - «Кімге» өрісінде электронды поштаның мекен-жайын енгізу үшін **Алушыны енгізу** таңдаңыз және сенсорлық пернетақтадан мекен-жайын енгізіңіз. **ОК** батырмасын басыңыз.
 - Контактіні немесе топты таңдау үшін мекен-жай кітабында **Аппараттың мекен-жай кітабы** белгішесін басыңыз. Алушыны тізімнен таңдаңыз.
 - Егер таңдауды мекен-жайлар бар болса, **Таңдаулы** басыңыз. Тізімнен электронды поштаның таңдаулы мекен-жайын таңдаңыз. Мекен-жай кітабын пайдалану, таңдаулы контактілер жасау және оларды басқару туралы мәліметтерді **Мекен-жай кітабы** бөлімінен қараңыз.
6. **Көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
7. Қажеттілігіне қарай электронды поштаның баптауларын өзгертіңіз:
 - Белгілі бір атпен сканерлеу файлын сақтау үшін **Салым** таңдаңыз және сенсорлық пернетақтадан атын енгізіңіз. **ОК** батырмасын басыңыз.
 - Белгілі бір форматта сканерлегеннен кейін кескіндемесі бар файлды сақтау үшін салым файлын таңдаңыз және форматын көрсетіңіз.
 - Тақырыбын өзгерту үшін **Тақырып** баптауын таңдаңыз және пернетақтадан тақырыпты енгізіңіз. **ОК** батырмасын басыңыз.
 - Хабарлама мәтінін өзгерту үшін Хабарлама баптауын таңдаңыз, хабарламаны енгізіңіз және **ОК** батырмасын басыңыз.
 - Қажеттілігіне қарай **Кімнен** және **Кімге жауап беру** мекен-жай өрістерін толтырыңыз.
8. **Көрсеткі төмен** белгішесін басыңыз.
9. Сканерлеуды бастау үшін, **Старт** батырмасын басыңыз.
10. Егер сканерлеу экспонирлеу шынысынан жүргізілетін болса, аяқтауға арналған сұрату пайда болған кезде, **Дайын** басыңыз. Басқа бетті сканерлеу үшін **Сканерлеу** таңдаңыз.



Ескертпе. Түпнұсқаны автобергіштен сканерлеу кезінде сұрату пайда болмайды.

11. Негізгі мәзірге қайтып оралу үшін, **Негізгіге** батырмасын басыңыз.

Желідегі компьютерге жалпы папкаға сканерлеу

Жалпы папкаға сканерлеуге кіріспес бұрын, оған арналған жалпы қолжетімділікті орнату қажет. Папканы Xerox® CentreWare® Internet Services қосымшасындағы мекен-жай кітабына жазуа ретінде қосыңыз.

ОС Windows бар компьютердегі папкаға жалпы қолжетімділікті орнату

Дайындау:

- Компьютерді қорғауға арналған бағдарламада файлдарға жалпы қолжетімділікке рұқсат етілетініне көз жеткізіңіз.
- Әрбір қосылыс үшін Microsoft желілерінің файлдары мен принтерлеріне Қолжетімділік қызметі қосылғанына көз жеткізіңіз.



Ескертпе. Көмек алу үшін жүйелік әкімшіге хабарласыңыз.

Жалпы қолжетімділікті орнату:

1. Жолсерікті ашыңыз.
2. Тінтуірдің оң жақ батырмасымен папканы басыңыз және **Қасиеттер** тармағын таңдаңыз.

3. **Жалпы қолжетімділік** қосымшасына өтіңіз және **Жалпы қолжетімділіктің кеңейтілген баптауы** тармағын таңдаңыз.
4. «Сіз осы қосымшаға өзіңіздің компьютеріңізге өзгерістер енгізуге рұқсат еткіңіз келе ме?» сауалы пайда болған кезде, **«Иә»** басыңыз.
5. **Осы папкаға жалпы қолжетімділікті ашу** таңдаңыз.
6. **Рұқсаттар** таңдаңыз.
7. **Барлығы үшін** тобын таңдаңыз және барлық рұқсаттардың қосылғанына өз жеткізіңіз.
8. **ОК** батырмасын басыңыз.
9. **ОК** батырмасын басыңыз.
10. **Жабу** батырмасын басыңыз.
Кейінгі пайдалану үшін жалпы ресурстың атын жазып алыңыз.

10.7 және барынша кейінгі нұсқадағы Macintosh OS X жүйесінде папкаға жалпы қолжетімділікті орнату

1. Apple мәзірінде **System Preferences** (Жүйе параметрлері) тармағын таңдаңыз.
2. View (Түр) мәзірінде **Sharing** (Жалпы қолжетімділік) таңдаңыз.
3. Services (Қызметтер) тізімінде **File Sharing** (Файлдарға жалпы қолжетімділік) тармағын таңдаңыз.
4. Shared Folders (Жалпы папкалар) облысында плюс (+) белгішесін басыңыз.
Папкалар тізімі ашылады.
5. Желідегі жалпы қолжетімділікті ашу керек болатын папканы таңдаңыз, және **Add** (Қосу) батырмасын басыңыз.
6. Папкаға қолжетімділік құқығын өзгерту үшін, оны таңдаңыз. Топтар белсендіріледі.
7. Users (Пайдаланушылар) тізімінде **Everyone** (Барлығы үшін) таңдаңыз және көрсеткілердің көмегімен **Read & Write** (Оқу және жазу) таңдаңыз.
8. **Options** (Опциялар) таңдаңыз.
9. Папкаға жалпы қолжетімділікті орнатыңыз:
 - Windows компьютерлерінен осы папкаға қолжетімділікті ашу үшін, **Share files and folders using SMB** (SMB көмегімен файлдарға және папкаларға жалпы қолжетімділік) опциясын таңдаңыз.
 - Белгілі бір пайдаланушылар үшін осы папкаға қолжетімділікті ашу үшін, олардың аттарының жанында **On** (Қосылған) таңдаңыз.
10. **Дайын** батырмасын басыңыз.
11. System Preferences (Жүйе параметрлері) терезесін жабыңыз.



Ескертпе. Жалпы папка ашылған кезде, папкаларды іздеу саласында жалпы папканың пиктограммасы бейнеленеді.


Желідегі компьютердегі папкаға сканерлеу

1. Түпнұсқаларды салыңыз.

- Түпнұсқаларды бергіштің көмегімен беру мүмкін болмайтын дара беттер мен қағаздар үшін экспонирлеу шынысын қолданыңыз. Құжаттың бірінші бетін экспонирлеу шынысының жоғарғы сол жақ бұрышына бет жағымен төмен қаратып орналастырыңыз.




Ескертпе. Экспонирлеу шынысын пайдалану және Экспонирлеу шынысын пайдалану жөніндегі нұсқаулар бөлімдерін қараңыз.



- Бірнеше парақтан немесе бір парақтан беру үшін түпнұсқалар бергішін қолданыңыз.
Құжаттан көшірмелеудің алдында барлық бекіткіштер мен қапсырмаларды алу, содан кейін оны бет жағымен жоғары қаратып бергішке орналастыру қажет.



Ескертпе. Түпнұсқаларды бергіш және Түпнұсқаларды бергішті қолдану жөніндегі нұсқаулықтар бөлімдерін қараңыз



2. Принтерді басқару панелінде **Барлығын тазалау**, содан кейін **Негізгі режимдер** батырмасын басыңыз.
3. **Сканер. (қайда)** таңдаңыз.

Егер желілік компьютердегі папкаға сканерлеу атқарымы қолжетімсіз болса, оны қосу үшін жүйелік әкімшіге хабарласыңыз. Қосымша мәліметтерді www.xerox.com/office/B1022_B1025docs мекен-жайы бойынша *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімші нұсқаулығы) жарияланымынан қараңыз.

Қызметтерді пайдалану

4. Сканерлеу атқарымдары көрсетілмейінше, **көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
5. **ОК** батырмасын басыңыз.
6. Сканер. (қайда) таңдаңыз және **ОК** батырмасын басыңыз.
7. Компьютер (желі) таңдаңыз, және **ОК** батырмасын басыңыз.
8. **Көрсеткілері бар** батырмалармен компьютердегі жалпы папканы таңдаңыз және **ОК** батырмасын басыңыз.
9. Егер сканерлеудің қандай да бір басқа баптауларын өзгерту қажет болса, олардың көрсеткілері бар батырмалармен таңдаңыз және өзгерістер енгізіңіз.
[Сканерлеу параметрлерін баптау](#) бөлімін қараңыз.
10. Сканерлеуді бастау үшін, жасыл **Старт** батырмасын басыңыз.

Компьютерден сканерлеуді іске қосу

Компьютердегі принтер белгішесінің көмегімен сканерлеу

Компьютерде принтер белгішесін құра отырып, кескіндемені сканерлеуге болады. Компьютерде Принтер белгішесін басыңыз.

1. Түпнұсқаны экспонирлеу шынысына немесе түпнұсқалар бергішіне орналастырыңыз.
2. Компьютерде Принтер белгішесін табыңыз және оны тінтуірдің оң жақ батырмасымен басыңыз.
3. **Сканерлеуді бастау** басыңыз.
«Жаңадан сканерлеу» терезесі ашылады.



Ескертпе. Қолайлылық үшін принтер үшін компьютердің жұмыс үстелінде белгі құру қажет. [Windows жұмыс үстелінде принтерге арналған белгі құру](#) бөлімін қараңыз.

4. Қажеттілігіне қарай параметрлерді таңдаңыз және оларды өзгертіңіз.



Ескертпе. Қолжетімді параметрлердің тізімі OCR-пакетке байланысты болады.

5. Кескіндемені сканерлеу үшін **Сканерлеу** басыңыз.

Windows жұмыс үстелінде принтерге арналған белгі құру

Компьютердің жұмыс үстелінде принтерге арналған белгі құруға болады. Бұл сканерлеуге арналған принтерге қолайлы қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

1. Жұмыс үстелінде **Басқару панелін** тауып алыңыз.
2. **Құрылғылар және принтерлер** таңдаңыз.
3. Принтердің суретін табыңыз және оны тінтуірдің оң жақ батырмасымен басыңыз.
4. Компьютердің жұмыс үстелінде принтерге арналған белгі құру үшін **Иә** басыңыз.

USB-жинақтағышқа сканерлеу

Түпнұсқаларды сканерлеу кезінде файлдарды USB-жинақтағышқа сақтауға болады. **.jpg**, **.pdf** және **.tiff** форматтағы файлдар қолжетімді.

1. Түпнұсқаны экспонирлеу шынысына немесе түпнұсқалар бергішіне орналастырыңыз.
2. USB-жинақтағышты принтердің алдыңғы панеліндегі USB портқа қойыңыз. Басқару панелінің экранында USB құрылғы табылды терезесі ашылады.

3. Егер USB жинақтағыш табылмады экраны ашылмаса, басқару панелінде **USB-ге сақтау** батырмасын басыңыз.
4. Сканерлеу баптауларын орнатыңыз. **Сканерлеу параметрлерін баптау** бөлімін қараңыз.
5. Сканерлеуді бастау үшін, жасыл **Старт** батырмасын басыңыз.



Ескертпе. Сәйкесінше нұсқау пайда болғанға дейін USB-жинақтағышты шығарып алыңыз. Егер жинақтағышты табыстау басталғанға дейін шығарып алса, файл бүлінуі мүмкін.

Сканерлеу параметрлерін баптау

Бір жақты және екі жақты сканерлеуді таңдау

Принтерді сканерлеудің келесі опциялары қарастырылған: 1-жақты, 2-жақты және 2-жақты айн. Екі жақты сканерлеу опциясы құжаттың екі жағын да сканерлеу үшін қызмет етеді.

Екі жақты сканерлеуді таңдау:

1. Принтерді басқару панелінде **Барлығын тазалау** батырмасын, содан кейін **Негізгі режимдер** басыңыз.
2. **Сканер. (қайда)** таңдаңыз.
3. Сканерлеу атқарымдары экраны көрінбейінше, **көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
4. **2-жақты сканерлеу** таңдаңыз.
5. Нұсқалардың бірін таңдаңыз.
6. **ОК** батырмасын басыңыз.

Таңбалар түсін орнату

Егер түпнұсқа түрлі-түсті болса, көшірмелерді түрлі-түсті, сұр немесе қара-ақ етіп жасауға болады. Егер қара-ақ режим таңдалатын болса, сканерлеу кескіндемелері бар файлдың өлшемі айтарлықтай кішірейеді.

Түстік режимді орнату:

1. Принтерді басқару панелінде **Барлығын тазалау** батырмасын, содан кейін **Негізгі режимдер** басыңыз.
2. **Сканер. (қайда)** таңдаңыз
3. Сканерлеу атқарымдары экраны көрінбейінше, **көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
4. **Түс жұм. дайын** таңдаңыз.
5. Көшірмелер түсін таңдаңыз.
 - **Түрлі-түсті** — кескіндемелерді және мәтінді түрлі-түсте сканерлеу.
 - **Сұр шкаласы** — кескіндемені сұр реңде сканерлеу. Бұл баптау баспа кескіндемелерін сканерлеуге арналған.
 - **Қара-ақ** — кескіндемелерді қара-ақ режимде сканерлеу. Бұл баптау ақ фондағы қара мәтінге арналған. Ол сондай-ақ монохромды деп те аталады.
6. **ОК** батырмасын басыңыз.

Фай форматын орнату

Желі бойынша жіберу үшін түпнұсқаны сканерлеу кезінде әртүрлі нұсқалар қолжетімді. Файл форматын орнату тәртібі:

1. Принтерді басқару панелінде **Барлығын тазалау** батырмасын, содан кейін **Негізгі режимдер** басыңыз.
 2. **Сканер. (қайда)** таңдаңыз.
 3. Сканерлеу атқарымдары экраны көрінбейінше, **көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
 4. **Файл** таңдаңыз.
 5. Мәзірде қағаздың түрін таңдаңыз.
 - **.pdf** — кескіндемені PDF форматының файлына сканерлеу.
 - **.tif** — кескіндемені TIF форматының файлына сканерлеу.
 - **.jpg** — кескіндемені JPG форматының файлын сканерлеу.
 - **пайдаланушылық** — TIF көппарақты немесе бірпарақты файлын таңдау.
-  **Ескертпе.** .jpg файлы үшін қара-ақ түстік режимді таңдауға болмайды.
6. Басқару панелінің пернетақтасынан файлдың атын енгізіңіз.
 7. **ОК** басыңыз.

Егер файл бар болса

Компьютерде бар файлға сканерлеу кезінде, әртүрлі нұсқалар қолжетімді. Нұсқаны таңдау:

1. Принтерді басқару панелінде **Барлығын тазалау** батырмасын, содан кейін **Негізгі режимдер** басыңыз.
2. **Сканер. (қайда)** таңдаңыз.
3. Сканерлеу атқарымдары экраны көрінбейінше, **көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
4. **Егер файл бар болса** таңдаңыз.
5. Мәзірде келесі нұсқалардың бірін таңдаңыз.
 - **Атына нөмір қосу** — файлдың атының соңыға нөмір қосылады. Мысалы: xerox.001.pdf.
 - **Атына күн мен уақытты қосу** — файлдың атының соңына ағымдағы күн мен уақыт (жжжжаакссммсс) қосылады. Мысалы: xerox20180222073818.pdf.
 - **PDF папкасына қосу** — PDF-файл компьютерде құрылған папкаға қосылады.
 - **Қолда бар файлды қайта жазу** — егер файлдың аттары сәйкес келсе, қолда бар файл жаңасымен ауыстырылады.
6. **ОК** батырмасын басыңыз.

Түпнұсқа бағдарын орнату

Автобергішке салынатын түпнұсқаның бағдарын таңдаңыз.

 **Ескертпе.** Түпнұсқаны экспонирлеу шынысына орналастыру кезінде бағдар орнатылмайды. Бағдар түпнұсқаны салу бағытына байланысты болады.

Түпнұсқа бағдарын орнату тәртібі:

1. Принтерді басқару панелінде **Барлығын тазалау** батырмасын, содан кейін **Негізгі режимдер** басыңыз.
2. **Сканер. (қайда)** таңдаңыз.
3. Сканерлеу атқарымдары экраны көрінбейінше, **көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
- 60 Xerox® B1025 көпфункционалды құрылғысы
Пайдаланушы нұсқаулығы

4. Айналыруды қолдана отырып, **Түпнұсқа бағдарын** таңдаңыз.
5. **Үстімен жоғары тігінен беру** немесе **Үстімен солға көлд. беру** таңдаңыз.
6. **ОК** батырмасын басыңыз.

Кескіндемені жарықтандыру және қарайту

Кескіндеме тығыздығын баптау:

1. Принтерді басқару панелінде **Барлығын тазалау** батырмасын, содан кейін **Негізгі режимдер** басыңыз.
2. **Сканер. (қайда)** таңдаңыз.
3. Сканерлеу атқарымдары экраны көрінбейінше, **көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
4. **Ашығырақ/Қаралау** басыңыз.
5. Жүгірткінің көмегімен тығыздық баптауын орнатыңыз.
6. **ОК** батырмасын басыңыз.

Фонды басуды орнату

Жұқа қағазда немесе парақтың артқы жағынан көрініп тұратын мәтіні және суреттері бар қағазды басып шығарылған құжаттарға арналған фонды басуды орнатыңыз. Ашық фон түстерінің өзгерістеріне принтердің сезімталдығын азайту үшін «Автобасу» опциясын таңдаңыз немесе фонды басу баптауларын орнатыңыз. Фонды басуды орнату тәртібі:

1. Принтерді басқару панелінде **Барлығын тазалау** батырмасын, содан кейін **Негізгі режимдер** басыңыз.
2. **Сканер. (қайда)** таңдаңыз.
3. Сканер. (қайда) экранының жоғарғы бөлігінде Сканерлеу атқарымдары экраны көрінбейінше, **көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
4. **Фонды басу** таңдаңыз.
5. Келесі нұсқалар қарастырылған:
 - **Сөнд.** — фонды басу атқарымы қолданылмайды.
 - **Автобасу** — кескіндеме сапасын жақсарту үшін. Бұл ретте сканерленетін құжаттың үлгісі автоматты түрде бағаланады және сәйкесінше кескіндеме сапасы бапталады.
 - **Жақсарту** — кескіндеме сапасын жақсарту үшін. Кескіндеме сапасын 1-2 диапазонде жүгірткінің көмегімен орнатыңыз. Нөмір неғұрлым көп болса, фон соғұрлым айқын болады.
 - **Өшіру** — кескіндемеден өрістерді алып тастау. 1-4 позициясындағы жүгірткіні орнатудың көмегімен өріс жойылады. Нөмір неғұрлым көп болса, фон соғұрлым айқын болады.
6. **ОК** батырмасын басыңыз.

Сканерлеу үшін кескіндеме рұқсатын орнату

Сканерленетін түпнұсқаларға және сканерленетін кескіндемелердің мақсатына байланысты факс рұқсатының параметрлерін орнатыңыз. Рұқсат кескіндеме сапасына және сканерлеу кескіндемесі файлының өлшеміне әсер етеді. Рұқсат неғұрлым жоғары болса, соғұрлым сурет сапасы да жақсы және файл мөлшері үлкенірек болады.

1. Принтерді басқару панелінде **Барлығын тазалау** батырмасын, содан кейін **Негізгі режимдер** басыңыз.
2. **Сканер. (қайда)** таңдаңыз.
3. Сканерлеу атқарымдары экраны көрінбейінше, **көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
4. Жүгірткіні пайдалана отырып, **Рұқсат** таңдаңыз.
5. DPI мәнін таңдаңыз:



Ескертпе. DPI дюмге нүктелердегі сканерлеу рұқсатын білдіреді.

- 72
- 100
- 200
- 300
- 400
- 600



Ескертпе. Сканерлеу рұқсатының параметрлері бөлімін қараңыз.

6. **OK** басыңыз.

Сканерлеу рұқсатының параметрлері

DPI (дюймге нүктелер)	Кескіндеме сапасы	Файлдың өлшемі	Тағайындалуы
72	Қолайлы	Ең аз	Бұл рұқсат баптауы тек қана экранда көруге арналған. Кескіндемені басып шығару кезінде ол түйіршікті болып шығады.
100	Жақсы	Үлкен емес	Бұл рұқсат баптауы тек қана экранда көруге арналған. Кескіндемені басып шығару кезінде ол түйіршікті болып шығады.
200	Жақсы	Орташа	Стандартты кеңсе құжаттары мен фотосуреттерге жақсырақ қолайлы келеді.
300	Жоғары	Үлкен	Стандартты кеңсе құжаттары мен фотосуреттер үшін кескіндеменің барынша жоғары сапасы. Символдарды автоматты өңдеу мен оптикалық тану үшін ұсынылады (OCR).

DPI (дюймге нүктелер)	Кескіндеме сапасы	Файлдың өлшемі	Тағайындалуы
400	Барынша жоғары	Өте үлкен	Майда сызықтар мен ұсақ мәтінді мазмұндайтын түпнұсқалар үшін, сонымен қатар кескіндемені ұлғайту кезінде қолданылады.
600	Ең жоғары	Аса үлкен Дюймге 600 нүкте рұқсаты бар сканерлеу кезінде файлдар желі бойынша ұзақ	Коммерциялық өнімді басып шығаруға арналған.

Түпнұсқа мөлшерін көрсету

Түпнұсқаны сканерлеу кезінде желі бойынша жіберу үшін әртүрлі нұсқалар қолжетімді. Түпнұсқа форматын көрсету тәртібі:

1. Принтерді басқару панелінде **Барлығын тазалау** батырмасын, содан кейін **Негізгі режимдер** басыңыз.
2. **Сканер. (қайда)** таңдаңыз.
3. Сканерлеу атқарымдары экраны көрінбейінше, **көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
4. Жүгірткіні қолдана отырып, **Түпнұсқа форматын** таңдаңыз.
5. «**Төменге**» көрсеткісі бар батырманың көмегімен келесі нұсқалардың бірін таңдаңыз.
 - **Алдын ала орнату** — алдын ала орнатылған форматтар тізімінен таңдау.
 - **Пайд.** — түпнұсқа форматын немесе сканерлеу облысын енгізу.
6. **ОК** батырмасын басыңыз.

Түпнұсқа түрін көрсету

Көшірмелердегі кескіндеме сапасы түпнұсқалардың типіне және оларды құру тәсіліне байланысты оңтайландырылады.

Түпнұсқа түрін таңдау үшін келесіні орындаңыз:

1. Принтерді басқару панелінде **Барлығын тазалау** батырмасын, содан кейін **Негізгі режимдер** басыңыз.
2. **Сканер. (қайда)** таңдаңыз.
3. Сканерлеу атқарымдары экраны көрінбейінше, **көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
4. Жүгірткіні пайдалана отырып, **Түпнұсқа түрін** таңдаңыз.
5. **Көрсеткі төмен** белгішесін баса отырып, түрін таңдаңыз.
 - **Фото және мәтін** — тағайындалуы:
 - Қағазда басып шығарылған мәтін және фотосуреттері бар құжаттар
 - Мәтін және фотосуреттері бар фотокөшірмеленген құжаттар
 - Фотографиялық қағазда мәтін және фотосуреттері бар құжаттар
 - **Фото** — тағайындалуы:
 - Фотографиялық қағаздағы түпнұсқалық фотосуреттер
 - Журнал қағазында басып шығарылған фотосуреттер
 - Фотокөшірмеленген құжаттар
 - **Мәтін** — қара-ақ және түрлі-түсті мәтін үшін.
6. **ОК** батырмасын басыңыз.

Электрондық пошта

Электрондық пошта атқарымын пайдалана отырып, кескіндемелерді сканерлеуге және оларды жіберілетін хабарға салуға болады. Салынатын файлдың аты мен форматын көрсетуге және тақырып пен хабарламаға мәтінді бірге қосуға болады.

Электрондық поштаның жеке жұмысына арналған баптауларды орната отырып, оларды алдын ала орнату ретінде сақтауға және келесі жұмыстарда пайдалануға болады. Атқарымдар тізімін пайдаланушының қажеттіліктеріне сәйкес баптауға болады.

Электрондық поштаға сканерлеу



Ескертпе. Осы атқарымды пайдаланған кезде сканерленген кескіндемелер электрондық поштаның хабарламаларына қосымшалар ретінде жіберіледі.

Эл. поштаға сканерлеу үшін SMTP пошта серверін баптау және жөнелтуші өрісін толтыру қажет. Мекен-жай кітабында жоқ дегенде бір эл. поштаның мекен-жайы болуы тиіс. Егер электрондық поштаның параметрлері дұрыс емес бапталған болса, эл. поштаның пиктограммасы сенсорлық экранда сұр түспен көрсетіледі.


Электрондық поштаға сканерлеу үшін келесіні орындаңыз:

1. Түпнұсқаларды автобергішке салыңыз немесе оларды экспонирлеу шынысына орналастырыңыз.

- Түпнұсқаларды бергіштің көмегімен беру мүмкін болмайтын дара беттер мен қағаздар үшін экспонирлеу шынысын қолданыңыз. Құжаттың бірінші бетін экспонирлеу шынысының жоғарғы сол жақ бұрышына бет жағымен төмен қаратып орналастырыңыз.



Ескертпе. Экспонирлеу шынысын пайдалану және Экспонирлеу шынысын пайдалану жөніндегі нұсқаулар бөлімдерін қараңыз.




- Бірнеше парақтан немесе бір парақтан беру үшін түпнұсқалар бергішін қолданыңыз.

Құжаттан көшірмелеудің алдында барлық бекіткіштер мен қапсырмаларды алу, содан кейін оны бет жағымен жоғары қаратып бергішке орналастыру қажет.



Ескертпе. Түпнұсқаларды бергіш және Түпнұсқаларды бергішті пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар бөлімдерін қараңыз.



2. Бұның алдындағы баптауларды алып тастау үшін, **Барлығын тазалау** батырмасын басыңыз.

3. **Негізгі режимдер** батырмасын басыңыз.

4. Принтерді басқару панелінде **Эл. пошта** батырмасын басыңыз.

Егер электронды поштаға сканерлеу атқарымы қолжетімсіз болса, оны қосу үшін жүйелік әкімшіге хабарласыңыз. Қосымша мәліметтерді www.xerox.com/office/B1022_B1025docs мекен-жайы бойынша *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімші нұсқаулығы) жарияланымынан қараңыз.

5. Алушының деректерін енгізіңіз.

- «Кімге» өрісінде электронды поштаның мекен-жайын енгізу үшін **Алушыны енгізу** таңдаңыз және сенсорлық пернетақтадан мекен-жайды енгізіңіз. **ОК** батырмасын енгізіңіз
- Контактіні немесе топта таңдау үшін мекен-жай кітабында **Аппараттың мекен-жай кітабы** белгішесін басыңыз. Тізімнен алушыны таңдаңыз.
- Егер таңдаулы мекен-жайлар бар болса, **Таңдаулы** басыңыз. Тізімнен электронды поштаның таңдаулы мекен-жайын таңдаңыз. Мекен-жай кітабын пайдалану, таңдаулы кантактілер құру және оларды басқару туралы мәліметтерді **Мекен-жай кітабы** бөлімінен қараңыз.

6. **Көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.

7. Қажеттілігіне қарай электронды пошта баптауларын өзгертіңіз:

- Белгілі бір атпен сканерлеу файлын сақтау үшін **Салым** таңдаңыз және сенсорлық пернетақтадан атын енгізіңіз. **ОК** батырмасын басыңыз.
- Белгілі бір форматта сканерлегеннен кейін кескіндемесі бар файлды сақтау үшін салым файлын таңдаңыз және форматын көрсетіңіз.
- Тақырыбын өзгерту үшін **Тақырып** баптауын таңдаңыз және пернетақтадан тақырыпты енгізіңіз. **ОК** батырмасын басыңыз.
- Хабарлама мәтінін өзгерту үшін Хабарлама баптауын таңдаңыз, хабарламаны енгізіңіз және **ОК** батырмасын басыңыз.
- Қажеттілігіне қарай **Кімнен** және **Кімге жауап беру** мекен-жай өрістерін толтырыңыз.

8. **Көрсеткі артқа** белгішесін басыңыз.

9. Сканерлеуді бастау үшін, **Старт** батырмасын басыңыз.

10. Егер сканерлеу экспонирлеу шынысынан жүргізілетін болса, аяқтау үшін сауалнама пайда болған кезде, **Дайын** басыңыз. Басқа бетті сканерлеу үшін **Сканерлеу** таңдаңыз.
 - **Ескертпе.** Түпнұсқаны Автобргіштен сканерлеу кезінде сұрату пайда болмайды.
11. Негізгі мәзірге оалу үшін, **Негізгіге** бтырмасын басыңыз.

Факс


Егер факс атқарымы қолжетімсіз болса, оны қосу үшін жүйелік әкімшіге хабарласыңыз. Қосымша мәліметтерді www.xerox.com/office/B1022_B1025docs мекенжайы бойынша ли *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімші нұсқаулығы) жарияланымынан қараңыз.

Факсты жіберу

1. Түпнұсқаларды салыңыз.
 - Түпнұсқаларды бергіштің көмегімен беру мүмкін болмайтын дара беттер мен қағаздар үшін экспонирлеу шынысын қолданыңыз. Құжаттың бірінші бетін экспонирлеу шынысының жоғарғы сол жақ бұрышына бет жағымен төмен қаратып орналастырыңыз..




Ескертпе. Экспонирлеу шынысын пайдалану және сәйкесінше нұсқаулар туралы мәліметтерді [Экспонирлеу шынысын пайдалану](#) және [Экспонирлеу шынысын пайдалану жөніндегі нұсқаулар](#) бөлімдерінен қараңыз.



- Бірнеше парақтан немесе бір парақтан беру үшін түпнұсқалар бергішін қолданыңыз.
Құжаттан көшірмелеудің алдында барлық бекіткіштер мен қапсырмаларды алу, содан кейін оны бет жағымен жоғары қаратып бергішке орналастыру қажет.



Ескертпе. Түпнұсқалар бергішін пайдалану туралы мәліметтер және сәйкесінше нұсқауларды [Түпнұсқалар бергіші](#) және [Түпнұсқалар бергішін пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар](#) бөлімдерін қараңыз



2. Принтерді басқару панелінде **Барлығын тазалау** батырмасын, содан кейін **Негізгі режимдер** басыңыз.
3. **Факс** таңдаңыз.
Егер факс атқарымы қолжетімсіз болса, оны қосу үшін жүйелік әкімшіге хабарласыңыз. Қосымша мәліметтерді www.xerox.com/office/B1022_B1025docs мекен-жайы бойынша ли *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімші нұсқаулығы) жарияланымынан қараңыз.
4. Факстің мекен-жайын енгізу үшін, бір немесе бірнеше нұсқаларды таңдаңыз.
 - **Алушыны енгізіңіз** — факс нөмірін қолмен енгізу үшін.
 - **Аппараттың мекен-жай кітабы** — принтердің мекен-жай кітабына қолжетімділік үшін.
 - **Қолмен теру режимі** — терудегі үзіліс сияқты, факс нөміріне символдар қою үшін.
5. Қажеттілігіне қарай факстың қалған параметрлерін беріңіз.
[Факс параметрлерін орнату](#) бөлімін қараңыз.
6. Жасыл **Старт** батырмасын басыңыз.

Осыдан кейін барлық беттерді сканерлеңіз және факспен жіберілетін болады.

Факс параметрлерін орнату

Бір жақты және екі жақты сканерлеуді таңдау

Факстың келесі опциялары қарастырылған: 1-жақты, 2-жақты, 2-жақт., 2 жақты айн. Екі жақты факс опциялары құжаттың екі жағын да факспен жіберуге арналған.

1. Принтерді басқару панелінде **Барлығын тазалау** батырмасын, содан кейін **Негізгі режимдер** басыңыз.
2. **Факс** таңдаңыз.

Факс атқарымы терезесі ашылады.

3. **Көрсеткі оңға** белгішесін екі рет басыңыз.
4. Баптауды өзгерту үшін **2-жақты сканерлеу** таңдаңыз. Ағымдағы кішігірім кескіндемемен белгішенің астында көрсетіледі.
5. **Бір жақты** немесе **екі жақты сканерлеуді таңдаңыз**.
6. **ОК** батырмасын басыңыз.

Түпнұсқа бағдарын орнату

Автобергішке салынатын түпнұсқаның бағдарын таңдаңыз.



Ескертпе. Түпнұсқаны экспонирлеу шынысына орналастырған кезде бағдар орнатылмайды. Бұл жағдайда бағдар түпнұсқаны салу бағытына байланысты.

1. Принтерді басқару панелінде **Барлығын тазалау** батырмасын, содан кейін **Негізгі режимдер** басыңыз.
2. **Факс** таңдаңыз.
3. **Көрсеткі оңға** белгішесін екі рет басыңыз.
Факс атқарымдары терезесі ашылады.
4. **Түпнұсқа бағдары** батырмасын басыңыз.
5. Нұсқалардың бірін таңдаңыз:
 - **Үстіне жоғары тігінен беру**
 - **Үстінен солға көлд. беру**
6. **ОК** батырмасын басыңыз.

Кескіндемені жарықтандыру және қарайту

1. Принтерді басқару панелінде **Барлығын тазалау** батырмасын, содан кейін **Негізгі режимдер** басыңыз.
2. **Факс** таңдаңыз.
3. Факс экранының жоғарғы бөлігінде **көрсеткі оңға** белгішесін екі рет басыңыз.
Факс атқарымдары терезесі ашылады.
4. **Ашығырақ/Қаралау** басыңыз.
5. Жүгірткінің көмегімен тығыздықты баптаулы орнатыңыз.
6. **ОК** батырмасын басыңыз.

Фонды басуды орнату

Фонды басу баптауын келесі жағдайларда орнатыңыз:

- Жұқа қағазда немесе парақтың артқы жағынан көрініп тұратын мәтіні және суреттері бар қағазда басып шығарылған құжаттар үшін.
 - Ашық фон түстерінің өзгерістеріне принтердің сезімталдығын азайту үшін.
1. Принтерді басқару панелінде **Барлығын тазалау** батырмасын, содан кейін **Негізгі режимдер** басыңыз.
 2. **Факс** таңдаңыз.
 3. Факс экранының жоғарғы бөлігінде **көрсеткі оңға** белгішесін екі рет басыңыз.
- 70 Xerox® B1025 көпфункционалды құрылғысы
Пайдаланушы нұсқаулығы

Факс атқарымдарының терезесі ашылады.

4. **Фонды басу** таңдаңыз.
5. Келесі нұсқалар қарастырылған:
 - Сөнд. — фонды басу атқарымы қолданылмайды.
 - **Автобасу** — кескіндеме сапасын жақсарту үшін. Бұл ретте сканерленетін құжаттың үлгісі автоматты түрде бағаланады және сәйкесінше кескіндеме сапасы бапталады.
 - **Өшіру** — кескіндемеден өрістерді алып тастау. 1-4 позициясындағы жүгірткіні орнатудың көмегімен өріс жойылады. Нөмір неғұрлым көп болса, фон соғұрлым айқын болады.
6. **ОК** батырмасын басыңыз.

Тақырып мәтінін жіберу

Егер Тақырып мәтінін жіберу атқарымы қолжетімсіз болса, жүйелік әкімшіге хабарласыңыз. Қосымша мәліметтерді www.xerox.com/office/B1022_B1025docs мекен-жайы бойынша *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімші нұқаулығы) жариялануынан қараңыз.

Тақырып мәтінін факске қоюды қосу:

1. Принтерді басқару панелінде **Барлығын тазалау** батырмасын, содан кейін **Негізгі режимдер** басыңыз.
2. **Факс** таңдаңыз.
3. Факс экранының жоғарғы бөлігінде **көрсеткі оңға** белгішесін екі рет басыңыз.

Факс атқарымдары терезесі ашылады.

4. **Тақырып мәтінін жіберу** таңдаңыз.
5. **Сөнд.** және **Қосу** опциясын таңдаңыз.
6. **ОК** батырмасын басыңыз.

Кейінге қалдырылған факсты жіберу

Факстерді кідірту үшін принтерде сканерлеуге және сақтауға болады. Кідірту уақытын 15 минуттан 24 сағатқа дейін орнатуға болады. Егер кідірту уақыты орнатылмаса, факс бірден жіберіледі.



Ескертпе. Егер бұл атқарым орнатылмайтын болса, жүйелік әкімшіге хабарласыңыз.

1. Принтерді басқару панелінде **Барлығын тазалау** батырмасын, содан кейін **Негізгі режимдер** басыңыз.
2. **Факс** таңдаңыз.
3. Экранның жоғарғы бөлігінде **көрсеткі оңға** белгішесін екі рет басыңыз.
4. **Кейінге қалдырылған табыстау** батырмасын басыңыз.
5. Кейінге қалдырылған факс атқарыдарын қосу үшін, мәзірде **Қосу** опциясын таңдаңыз.
6. **Сағаттар** өрісін басыңыз. **Көрсеткілер** белгішелерінің көмегімен мәнді орнатыңыз.
7. **Минуттар** өрісін басыңыз. **Көрсеткілер** белгішелерінің көмегімен мәнді орнатыңыз.
8. Егер принтер үшін 12-сағаттық формат орнатылатын болса, **АМ** немесе **РМ** таңдау қажет.
9. **ОК** батырмасын басыңыз.

Факс рұқсатын баптауды орнату

Факс арқылы жіберілетін түпнұсқаларға байланысты факс рұқсатын баптауды орнатыңыз. Факстың рұқсаты кескіндеменің сапасына және жіберілетін құжат файлының өлшеміне әсер етеді. Факс рұқсаты неғұрлым жоғары болса, кескіндеме сапасы да соғұрлым сапалы және файл өлшемі үлкен болады.

1. Принтерді басқару панелінде **Барлығын тазалау** батырмасын, содан кейін **Негізгі режимдер** басыңыз.
2. **Факс** таңдаңыз.
3. **Көрсеткі оңға** батырмасын екі рет басыңыз.
Факс атқарымдары терезесі ашылады.
4. **Рұқсат** таңдаңыз.
5. Нұсқалардың бірін таңдаңыз:
 - Кескіндеме сапасы және рұқсат нұсқасы
 - Кескіндеме сапасы нұсқасының сипаттамасы
 - Файл өлшемі
 - Тағайындау



Ескертпе. Егжей-тегжейлі ақпаратты **Факс рұқсатының опциялары** бөлімінен қараңыз.

6. **ОК** батырмасын басыңыз.

Факс рұқсатының опциялары

Кескіндеме сапасыны нұсқасы және рұқсат	Кескіндеме сапасы нұсқасының сипаттамасы	Файл өлшемі	Тағайындау
Стандартты: дюймге 200 x 100 нүкте	Стандартты	Орташа	Әдеттегі кеңсе құжаттары мен фотосуреттерге арналған.
Жоғары: дюймге 200 нүкте	Жақсы	Орташа	Әдеттегі кеңсе құжаттары мен фотосуреттерге арналған.
Шамадан тыс жоғары: дюймге 600 нүкте	Ең жоғары	Өте үлкен Назар аударыңыз Үлкен файлдар желі арқылы	Коммерциялық өнімді басып шығаруға арналған.

Түпнұсқа өлшемін көрсету

Түпнұсқаның қажетті облысын дұрыс сканерлеу үшін оның өлшемін көрсету қажет.

1. Принтерді басқару панелінде **Барлығын тазалау** батырмасын, содан кейін **Негізгі режимдер** басыңыз.
 2. **Факс** таңдаңыз.
 3. **Көрсеткі оңға** белгішесін екі рет басыңыз.
Факс атқарымдары терезесі ашылады.
 4. **Түпнұсқаның өлшемі** басыңыз немесе қағаздың стандартты өлшемдерінің бірін таңдаңыз.
 5. **ОК** батырмасын басыңыз.
- 72 Xerox® B1025 көпфункционалды құрылғысы
Пайдаланушы нұсқаулығы

Түпнұсқа түрін көрсету

Факстерді жіберу үшін түпнұсқаның түрін көрсету үшін Түпнұсқаның түрі баптаулары қолданылады.

1. Принтерді басқару панелінде **Барлығын тазалау** батырмасын, содан кейін **Негізгі режимдер** басыңыз.
2. **Факс** таңдаңыз.
3. **Көрсеткі оңға** белгішесін екі рет басыңыз.
Факс атқарымдары терезесі ашылады.
4. **Түпнұсқаның түрі** белгішесін басыңыз.
5. Келесі нұсқалардың бірін таңдаңыз:
 - **Фото және мәтін** — мәтіні және фотосуреттері бар факстер үшін.
 - **Фото** — тек қана фотосуреттері бар факстер үшін.
 - **Мәтін** — тек қана мәтіні бар факстер үшін.
6. **ОК** батырмасын басыңыз.

Факстың пошта жәшіктерін пайдалану

Факсті жергілікті пошта жәшігіне сақтау



Ескертпе. Осы атқарымдарды қосу үшін жүйелік әкімшіге хабарласыңыз. Жүйелік әкімші пошта жәшіктерін құру және опциялар баптаулары үшін Пошта жәшігіне сақтау атқарымын қолданады. Қосымша мәліметтерді www.xerox.com/office/B1022_B1025docs мекен-жайы бойынша *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімші нұсқаулығы) жарияланымынан қараңыз.

Факсты жергілікті пошта жәшігінде сақтау:

1. Принтерді басқару панелінде **Барлығын тазалау** батырмасын, содан кейін **Негізгі режимдер** басыңыз.
2. **Факс→Пошта жәшіктері→Пошта жәшігіне сақтау** таңдаңыз.
3. **Жергілікті пошта жәшігі→Пошта жәшіктерін енгізу** таңдаңыз.
4. Басқару панелінің сенсорлық экранынан пошта жәшігінің нөмірін немесе кодын енгізіңіз.
5. **ОК** басыңыз.

Факсті қашықтағы пошта жәшігіне жіберу

1. Принтерді басқару панелінде **Барлығын тазалау** батырмасын, содан кейін **Негізгі режимдер** басыңыз.
2. **Факс→Пошта жәшіктері** таңдаңыз.
3. **Пошта жәшігіне сақтау → Қашықтағы пошта жәшігі → Пошта жәшіктерін енгізу** таңдаңыз.
4. Қашықтағы факстің нөмірін немесе басқару панелінің сенсорлық экранынан пошта жәшігінің нөмірін енгізіңіз.
5. **ОК** басыңыз.

Құжаттарды жергілікті немесе қашықтағы пошта жәшігінен басып шығару

Бұл атқарым пошта жәшігіндегі құжаттарға арналған. Жергілікті пошта жәшігіндегі құжаттарды басып шығару:

1. Принтерді басқару панелінде **Барлығын тазалау** батырмасын, содан кейін **Негізгі режимдер** басыңыз.
2. **Факс**→**Пошта жәшіктері** таңдаңыз.
3. **Пошта жәшігінен басып шығару** таңдаңыз.
4. Мәзірде **Жергілікті пошта жәшігі** немесе **Қашықтағы пошта жәшігі** таңдаңыз.
5. Сенсорлық экрандағы пернетақтадан пошта жәшігінің нөмірін немесе кодын енгізіңіз.
6. **Басып шығару** батырмасын басыңыз.

Сауалнама

Қашықтағы факс сауалнамасы

Басқа факс-аппараттан құжаттарды шығарып алу үшін, қашықтағы сауалнаманы қолданыңыз. Қашықтағы факс сауалнамасының тәртібі:

1. Принтерді басқару панелінде **Барлығын тазалау** батырмасын, содан кейін **Негізгі режимдер** басыңыз.
2. **Факс**→**Сауалнама** таңдаңыз.
3. **Файлдарды алу және басып шығару** таңдаңыз.
4. Басқару панелінің сенсорлық экранынан факстың нөмірін енгізіңіз.
5. **ОК** батырмасын басыңыз.

Жергілікті және қашықтағы сауалнамаға арналған факсты сақтау

Қорғалған немесе қорғалмаған жергілікті сауалнама атқарымын қоса отырып, принтерді сақталған факстерді басқа принтерлердің қашықтағы сауалнамасы үшін қолжетімді етіп жасауға болады. Қорғалған жергілікті сауалнаманы қосу кезінде принтерде сақталған факстерге қолжетімділікке рұқсат етілетін факстер нөмірлерінің тізімін жасау керек. Факсті сақтау:

1. Принтерді басқару панелінде **Барлығын тазалау** батырмасын, содан кейін **Негізгі режимдер** басыңыз.
2. **Факс**→**Сауалнама** таңдаңыз.
3. **Қашықтағы сауалнама үшін жергілікті сақтау** таңдаңыз.
4. Экранда факсті алушының атын таңдауға немесе оны қосуға болады. Нұсқаларды бірін таңдаңыз:
 - Алушыны таңдау
 - Алушыны қосу
5. Экранның жоғарғы бөлігінде **көрсеткі оңға** белгішесін басыңыз.
6. Факс параметрлерін орнату үшін оларды Факс атқарымдары экранында таңдаңыз. **Факс параметрлерін орнату** бөлімін қараңыз.

Барлық сақталған факстерді басып шығару және жою

1. Принтерді басқару панелінде Барлығын тазалау батырмасын, содан кейін Негізгі режимдерді басыңыз.
2. Факс – Сауалнама таңдаңыз.
3. Жергілікті файлдарды басқару бөлімінде Барлық файлдарды басып шығару немесе Барлық файлдарды жою таңдаңыз.



Куәлікті көшірмелеу

«Куәлікті көшірмелеу» режимін қолдана отырып, куәліктің немесе кішігірім құжаттың екі жағын қағаз бетінің бір жағына көшірмелеуге болады. Куәлікті көшірмелеу үшін она экспонирлеу шынысына орналастырыңыз. Екі жағының да кескіндемесі қағаз бетінің бір жағында сақталады және басып шығарылады.

Куәлікті көшірмелеу

Куәлікті көшірмелеу тәртібі

1. **Негізгі режимдер** батырмасын басыңыз, төменге өтіңіз және **Куәлікті көшірмелеу** таңдаңыз.
2. Басқару панеліндегі пернетақтадан көшірмелер санын таңдаңыз.
3. Оңға көрсеткісі бар батырманы басыңыз.
4. Куәлікті көшірмелеу атқарымының қосымшаларында баптауды орнатыңыз. Қағазбен жабдықтау, кескіндемені жарықтандыру немесе қарайту және автобасу баптауларын беруге болады.
5. Экспонирлеу шынысының қақпағын көтеріңіз.
6. Куәлікті (немесе өлшемі қағаздың таңдалған форматынан ең аз дегенде екі есе кіші болатын құжат) экспонирлеу шынысының жоғарғы сол жақ бұрышына орналастырыңыз.



7. **Старт** батырмасын басыңыз.

Куәліктің бірінші жағы көшірмеленеді және сақталады. Содан кейін куәлікті айналдыру және **Старт** батырмасын басу нұсқауы пайда болады.

8. Куәліктің екінші жағын көшірмелеу үшін, бұның алдындағы операцияларды орындаңыз.
Куәліктің екінші жағы көшірмеленеді.
9. Экспонирлеу шынысының қақпағын көтеріңіз және куәлікті (немесе құжатты) шығарып алыңыз.

USB

USB-жинақтағыштармен жұмыс режимі жұмыстарды USB-жинақтағыштарға сатау мүмкіндігін және оларда мазмұндалатын жұмыстарды басып шығаруды қамтамасыз етеді. Сканерлеу кезіндегі кескіндемелер .jpg, .pdf немесе .tif форматтарында сақталады. USB-жинақтағышта басып шығару жұмыстары баспаға дайын, PDF, TIFF немесе JPEG сияқты форматта болуы тиіс.

USB-жинақтағышта сканерлеу

Түпнұсқаларды сканерлеу кезінде файлдарды USB-жинақтағышта сақтауға болады. .jpg, .pdf және .tiff форматындағы файлдар қолжетімді.

1. Түпнұсқаны экспонирлеу шынысына немесе түпнұсқалар бергішіне орналастырыңыз.
2. USB-жинақтағышты принтердің алдыңғы панеліндегі USB портқа қойыңыз.
Басқару панелінің экранында USB құрылғысы табылды терезесі ашылады.
3. Егер USB құрылғысы табылды терезесі ашылмайтын болса, басқару панелінде **USB-ге сканерлеу** батырмасын басыңыз.
4. Сканерлеу баптауын орнатыңыз. [Сканерлеу параметрлерін баптау](#) бөлімін қараңыз.
5. Сканерлеуді бастау үшін, жасыл **Старт** батырмасын басыңыз.



Ескертпе. USB-жинақтағышты сәйкесінше нұсқау пайда болғанша шығарып алмаңыз. Егер жинақтағышты табыстау аяқталғанға дейін шығарып алса, файл бүлінуі мүмкін.

USB-жинақтағыштан басып шығару

Тікелей USB-жинақтағыштардан файлдардың келесі түрін басып шығаруға болады:

- .jpg
- .pdf
- .ps
- .pcl
- .prn
- .tiff



Ескертпе. Егер USB порттары ажыратылған болса, сәйкестендіруге арналған карталардың USB-құрылғысын пайдалану мүмкін емес. Одан басқа, бағдарламаны жаңарту және USB-жинақтағыштан басып шығару қолжетімсіз. Сондықтан алдымен жүйелік әкімшінің осы атқарымды Xerox принтеріне қосқанына және баптағанына көз жеткізіңіз. Қосымша мәліметтерді www.xerox.com/office/B1022 B1025docs мекен-жайы бойынша *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімші нұсқаулығы) жарияланымынан қараңыз.

USB-жинақтағыштан басып шығару тәртібі:

1. USB-жинақтағышты принтердегі USB портқа орнатыңыз. «USB-ден басып шығару» терезесі ашылады.
 2. Айналдырғыштың көмегімен принтерді басқару панеліндегі тізімнен басып шығаруға арналған файлды таңдаңыз.
 3. Егер файл папкада болса, оны ашыңыз.
 4. Басып шығаруға арналған файлдарға ат таңдаңыз және **ОК** батырмасын басыңыз.
 5. Баспа параметрлерін таңдау үшін терезенің оң жақ жоғарғы бұрышындағы **көрсеткі алға** белгішесін басыңыз.
- 78 Xerox® B1025 көпфункционалды құрылғысы
Пайдаланушы нұсқаулығы

6. Жасыл **Старт** батырмасын басыңыз.
7. USB-жһақтағыштан басқа файлды басып шығару үшін, терезенің жоғарғы оң жақ бұрышындағы **көрсеткі артқа** белгішесін басыңыз.
8. **Файлды қосу** басыңыз.

Сақталған жұмыстар

Принтерге жіберілген және кейінгі пайдалану үшін сақталған жұмыстар сақталған болып аталады. Сақталған жұмыстар «Сақталған жұмыстар» бетінде көрсетіледі. «Сақталған жұмыстар» режимі сақталған жұмыстарды қарап шығу, басып шығару және жою үшін, сонымен қатар жұмыстар сақталатын папкаларды құру және басқару үшін қызмет етеді.

Сақталған жұмыстар тізімінен басып шығару

1. Принтерді басқару панелінде **Негізгі режимдер** батырмасын басыңыз және **Сақталған жұмыстар** таңдаңыз.
2. Басып шығаруға арналған сақталған жұмыстың атын таңдаңыз.
3. **ОК** батырмасын басыңыз.
4. Жасыл **Старт** батырмасын басыңыз.
5. Баспадан кейін сақталған жұмыстар тізіміне қайтып ралыңыз және **Шолу** батырмасын басыңыз.

Мекен-жай кітабы

Мекен-жай кітабы электронды пошта, факс және сканерлеу режимдеріне арналған контактілерді құру үшін қызмет етеді.

- Контактілерді мекен-жай кітабына Xerox® CentreWare® Internet Services қосымшасының көмегімен қосуға болады.
- Мекен-жай кітабының атқарымын мекен-жай кітабынан контактілерге арналған құжаттарды сканерлеу кезінде пайдалануға болады.

Контактіні мекен-жай кітабына қосу

Контактілерді жазбалар ретінде мекен-жай кітабына қосу үшін Xerox®CentreWare® Internet Services қосымшасы қолданылады.

1. Компьютерде браузерді ашыңыз. Принтердің IP-мекен-жайын мекен-жай жолына енгізіңіз және **Enter** немесе **Return** пернесін басыңыз.
2. **Мекен-жай кітабы** бөлімін басыңыз.
3. **Қосу** белгішесін басыңыз.
4. Келесі өрістерді толтырыңыз:
 - **Аты** — мекен-жай кітабында көрінетін атты енгізіңіз.
 - **Тегі** — мекен-жай кітабында көрінетін тегін енгізіңіз.
 - **Компания** — осы контакті байланысатын компанияның атауын енгізіңіз.
 - **Бейнеленетін ат** — принтерді басқару панелінде көрінетін контактінің атын енгізіңіз. Бейнеленетін ат міндетті түрде көрінеді.



Ескертпе. Контактіні принтерді басқару панелінде көрсету үшін таңдаулы етіп жасауға болады. Бейнеленетін ат енгізілгеннен кейін **Жалпы таңдаулы етіп жасау** белгішесін басыңыз.

- **Эл. пошта** — мекен-жай кітабындағы контакті үшін электронды поштаның мекен-жайын енгізіңіз.



Ескертпе. Электронды поштаның мекен-жайын принтерді басқару панелінде көрсету үшін таңдаулы етіп жасауға болады. Электронды поштаның мекен-жайын енгізгеннен кейін **Эл.пошта үшін таңдаулы етіп жасау** белгішесін басыңыз.

5. **Шығу құрылғысына сканерлеу** белгішесін басыңыз.
6. Келесі өрістерді толтырыңыз:
 - **Лақап ат** — шығу құрылғысының атын енгізіңіз. Лақап ат міндетті түрде көрсетіледі.
 - **Хаттама** — файлдарды табыстау форматын таңдаңыз. FTP, SMB, HTTP, HTTPS және SFTP хаттамалары қарастырылған.
 - **Мекен-жай түрі** — компьютер мекен-жайының түрін көрсетіңіз. **IPv4 мекен-жайын** немесе **Хосттың атын** таңдаңыз және ақпаратты енгізіңіз.
 - **Құжатқа жол** — сканерлеуден кейін файлдар сақталатын компьютердегі папкаға жолды енгізіңіз.
 - **Кіруге арналған аты** — компьютер пайдаланушысының атын енгізіңіз. Кіруге арналған ат міндетті түрде көрсетіледі.



Ескертпе. Лақап атту немесе кіруге арналған атты принтерді басқару панелінде бейнелеу үшін таңдаулы етіп жасауға болады. Лақап атты немесе кіруге арналған атты енгізгеннен кейін **Сканерлеу үшін таңдаулы етіп жасау** белгішесін басыңыз.

- **Пароль** — компьютердегі жүйеге кіруге арналған парольді енгізіңіз.
 - **Парольді қайтдан енгізу** — парольді тағы бір рет енгізіңіз.
7. Жаңа парольді сақтау үшін **Жаңа парольді сақтау үшін белгілеңіз** басыңыз.
 8. **Сақтау** батырмасын басыңыз.

Контакті жазбасын мекен-жай кітабына импорттау

Контакті жазбасын мекен-жай кітабына импорттау үшін Xerox®CentreWare® Internet Services қосымшасы қолданылады.

1. Компьютерде браузерді ашыңыз. Мекен-жай жолында принтердің IP-мекен-жайын енгізіңіз және **Enter** немесе **Return** пернесін басыңыз. **Мекен-жай кітабы** бөлімін таңдаңыз.
3. **Файлдан импорттау** белгішесін басыңыз.
4. **Шолу** таңдаңыз және импорттау үшін мекен-жай кітабының файлыны таңдаңыз.



Ескертпе. Тек қана .csv файлдарын импорттауға болады.

5. Құрамын басқару үшін **Қолда бар мекен-жай кітабына жаңа контактiлердi қосу** немесе **Аппараттың ағымдағы мекен-жай кітабын жаңа контактiлермен ауыстыру** таңдаңыз.
6. **Файлды жүктеу** басыңыз.
7. Мекен-жай кітабының өрістерінде ақпаратты тексеріңіз.
8. **Импорт** таңдаңыз.

Xerox® CentreWare® Internet Services қосымшасының көмегімен мекен-жай кітабындағы контактiлердi өзгерту және жою

Мекен-жай кітабындағы контактiлердi өзгерту және жою:

1. Компьютерде браузерді ашыңыз. Мекен-жай өрісінде принтердің IP-мекен-жайын енгізіңіз және **Enter** немесе **Return** пернесін басыңыз.
2. **Мекен-жай кітабы** батырмасын басыңыз және контактiні таңдаңыз.
3. Контактiнің атын немесе оның мәліметтерін өзгертіңіз немесе жойыңыз.
 - Таңдалған контактiні немесе мәліметтерді өзгерту үшін, **Редакциялау** басыңыз. Қажеттілігіне қарай ақпаратты өзгертіңіз. Өзгерістерді сақтау үшін **Сақтау** басыңыз.
 - Таңдалған контактiні жою үшін Мекен-жай кітабы бөлімінен **Жою** таңдаңыз. Сұрату пайда болған кезде **ОК** батырмасын басыңыз.

Жұмыс мәртебесі

«Жұмыс мәртебесі» батырмасы ағымдағы және орындалған жұмыстар туралы ақпаратты тексеру үшін қызмет етеді.

Басқару панелінен жұмыс мәртебесін тексеру

Белсенді және орындалған жұмыстар тізімін қарау үшін:

1. Басқару панелінде **Жұмыс мәртебесі** батырмасын басыңыз.
2. Орындалатын жұмыстар тізімін қарап шығу үшін **Белс.** таңдаңыз.
3. Орындалған жұмыстар тізімін қарап шығу үшін **Орындалғ.** таңдаңыз.
4. Қорғалған жұмыстар тізімін қарап шығу үшін **Қорғ. жұмыстар** таңдаңыз.
5. Барлық жұмысты басып шығару үшін оларды бөліп алыңыз және **Барлығын басып шығару** басыңыз.
6. Барлық жұмысты жою үшін оларды бөліп алыңыз және **Барлығын жою** басыңыз.

Баспаның орындалатын жұмысын жою

Баспаның белсенді жұмыстарын принтерді басқару панелінен жоюға болады.



Ескертпе. Жүйелік әкімші пайдаланушыларға жұмыстарды жоюға тыйым сала алады. Бұл жағдайда пайдаланушылар жұмыстарды тек қана қарап шыға алады. Баспаның белсенді жұмысын оны жіберуші ғана немесе жүйелік әкімші жоя алады.

1. Принтерді басқару панелінде **Жұмыс мәртебесі** батырмасын басыңыз.
2. **Белсенді жұмыстар** қосымшасына өтіңіз.
3. Баспа жұмысын жою үшін оны «Белсенді жұмыстар» тізімінен таңдап алыңыз және **Жою** басыңыз.

Аппараттың мәртебесі

«Аппараттың мәртебесі» атқарымын принтер туралы ақпаратты тексеру үшін қолдануға болады.

- Аппарат жөніндегі ақпарат
- Белсенді хабарламалар
- Шығын материалдары
- Шоттар жөніндегі ақпарат

Принтердің IP-мекен-жайын анықтау

Принтердің IP-мекен-жайын басқару панелінен немесе конфигурация туралы есептен білуге болады.



Ескертпе.

- Желілік принтерге арналған драйверлерді орнату үшін оның IP-мекен-жайын білу қажет.
 - IP-мекен-жай сондай-ақ принтер баптауларына қолжетімділік алу үшін және оларды Xerox® CentreWare® Internet Services қосымшасына орнату үшін де қажет етіледі.
1. Принтердің IP-мекен-жайын білу үшін, басқару панелінде **Аппараттың мәртебесі** батырмасын басыңыз.
 2. **Аппарат жөніндегі ақпарат** тармағын таңдаңыз. Егер жүйелік әкімші «IP-мекен-жайды көрсету үшін желі баптауын көрсету» баптауын орнатқан болса, ол Аппарат жөніндегі ақпарат тізімінде көрінеді.



Ескертпе. Егер IP-мекен-жай «Аппарат жөніндегі ақпарат» тізімінде көрінбесе, конфигурация туралы есепті басып шығару және жүйелік әкімшіге хабарласу қажет. Конфигурация туралы есепті басып шығаруды [Конфигурация туралы есепті басып шығару](#) бөлімінен қараңыз.

Басқару панеліндегі ескертулерді қарап шығу

Егер ескерту жағдайы пайда болса, басқару панелінде сәйкесінше хабарлама көрінеді. Осылайша пайдаланушылар өздерінің араласуын қажет ететін, шығын материалдарының аз қалдығы және ашық есіктер сияқты, принтердің жай-күйі туралы білетін болады.

Ақаулықтар туралы хабарламаларды және басқару панеліндегі ескертулер туралы хабарламаларды қарап шығу

Қателік туындайтын болса, басқару панелінде тиісті хабарлама шығалы. Қателіктер туралы хабарламалар баспаға кедергі келтіретін немесе оның сапасын нашарлататын қателіктер туралы хабарлайды. Басқару панелінде бірнеше қателік пайда болған кезде бір ғана хабарлама көрінеді.

Басқару панеліндегі ағымдағы қателіктер туралы хабарламаны қарап шығу:

1. Принтердің басқару панелінде **Аппараттың мәртебесі** батырмасын басыңыз.
2. **Белсенді хабарламалар** қосымшасына өтіңіз.
3. **Ақаулықтар мен ескертулер** мәзіріндегі нұсқалардың бірін таңдаңыз.

- **Ақаулықтар** — принтердің жұмысына әсер ететін қателіктер туралы хабарламалар, және қателердің сәйкесінше кодтары көрсетіледі.
- **Ескертулер** — принтердің жай-күйі туралы ескертулер және қателердің сәйкесінше кодтары көрсетіледі.

Принтердің шығын материалдарының жай-күйін тексеру

Принтердің шығын материалдарының жай-күйін кез келген уақытта Xerox® CentreWare Internet Services қосымшасының көмегімен немесе принтерді басқару панелінен тексеруге болады.



Ескертпе. Xerox® CentreWare® Internet Services қосымшасының көмегімен принтердің шығын материалдарының жай-күйін тексеру тәртібін www.xerox.com/office/B1022_B1025docs мекен-жай бойынша *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімші нұсқаулығы) жарияланымынан қараңыз.

Принтердің шығын материалдарының жай-күйін тексеру:

1. Принтерді басқару панелінде **Аппараттың мәртебесі** батырмасын басыңыз.
2. **Шығын материалдары** таңдаңыз. Шығын материалдарының жай-күйі көрсетіледі.

Есепке алу есептегіштерінің көрсеткіштерін тексеру

Шоттар жөніндегі ақпарат «Шоттар жөніндегі ақпарат» экранында мазмұндалады. Экрандағы таңбалар санынан шыға отырып, төлем жасалады.

Есептегіштер көрсеткіштерін және аппаратты пайдалану жөніндегі мәліметтерді қарап шығу:

1. Принтерді басқару панелінде **Аппараттың мәртебесі** батырмасын басыңыз.
2. Таңбалардың негізгі есептегіштерін қарап шығу үшін **Шоттар жөніндегі ақпарат** бөліміне өтіңіз.



Ескертпе. Қағаз бетінің бір жағы парақ болып саналады. Екі жағында да мөрі бар бет екі таңба ретінде саналады.

Экранда принтердің сериялық нөмірі, қара-ақ таңбалардың саны, таңбалардың жалпы саны, «Пайдалану есептегіштері» қосымшасы көрсетіледі.

3. Пайдалану есептегіштерін қарап шығу және жаңарту үшін **Пайдалану есептегіштері** бөліміне өтіңіз.
4. Мәзірде есептегіштерді таңдаңыз және тексеріңіз.
 - Таңбалар есептегіштері
 - Беттердің есептегіштері
 - Табыст. Кесіндемелердің есептегіштері
 - Факс кескіндемелерінің есептегіштері
 - Пайдаланудың барлық есептегіштері
5. Есептегіштер деректерін жаңарту үшін **Есептегіштерді жаңарту** өтіңіз және таңдаңыз.

Басып шығару

Тараудың мазмұны:

- Басып шығару туралы қысқаша мәлімет 88
- Басып шығару параметрлерін таңдау..... 89
- Басып шығару атқарымдары 96
- Пайдаланушылық форматындағы қағаздарды пайдалану 103

Басып шығару туралы қысқаша мәліметтер

Басып шығарудың алдында келесіні орындаңыз:

- Компьютерді және принтерді қосу.
 - Принтерді қосыңыз.
 - Принтерді жергілікті немесе желіге қосыңыз.
 - Компьютерде принтердің сәйкесінше драйвері орнатылғанына көз жеткізіңіз.
1. Сәйкесінше қағазды таңдаңыз.
 2. Қағазды сәйкес келетін науаға салыңыз.
 3. Принтерді басқару панелінде қағаз форматы мен түрін көрстіңіз.
 4. Қосымшада баспа параметрлеріне өтіңіз.
 - Linux жүйесінде **CTRL→P** басыңыз.
 - Macintosh жүйесінде **CMD→P** басыңыз.
 - Windows жүйесінде **CTRL→P** басыңыз.
 5. Принтерді таңдаңыз.
 6. Принтер драйверінің баптауларына қолжетімділік үшін келесіні орындаңыз:
Windows жүйесі үшін **Принтердің сипаттары** немесе **Параметрлер** таңдаңыз.
 - Linux жүйесі үшін `sudo xeroxprtmg` командасымен басып шығару диспетчерінің диалогтық терезесін ашыңыз. Өзгертілетін кезек үшін **Queue Preferences** (Кезек параметрлері) немесе **Queue Properties** (Кезек қасиеттері) таңдаңыз.
 - Macintosh жүйесі үшін **Xerox Атқарымдары** таңдаңыз.
 - Windows жүйесі үшін **Принтердің сипаттары** немесе **Параметрлер** таңдаңыз.
 7. Параметрлерді таңдаңыз.
 8. Жұмысты принтерге жіберу үшін **Басып шығару** басыңыз.

Басып шығару параметрлері таңдау

Басып шығару параметрлері немесе принтер драйверінің опциялары қолданылатын қосымшаға байланысты әртүрлі аталады.


- Linux жүйесінде кезек диспетчерін іске қосу үшін **xeroxprtmgr** командалық жол бағдарламасы қолданылады. Бұл Xerox басып шығару кезегін өзгертуге мүмкіндік береді.
- Macintosh жүйесінде басып шығару параметрлері Xerox Атқарымдары деп аталады.
- Қосымшаларда Windows үшін басып шығару параметрлері Принтердің сипаттары деп аталады.

Басып шығару параметрлеріне екі жақты басып шығару баптаулары, парақ макеті және баспа сапасы кіреді. Басып шығарудың әртүрлі параметрлері үшін үндемеу бойынша баптауды таңдауға болады.

[Windows жүйесінде үндемеу бойынша басып шығару баптауларын таңдау](#) және [Macintosh жүйесінде басып шығару параметрлерін таңдау](#) бөлімдерін қараңыз. Бағдарламалық қосымшада берілетін басып шығару параметрлері уақытша болып табылады және сақталмайды.

Принтер драйверінің анықтамалық жүйесі

Xerox® принтері драйверінің анықтамалық жүйесі «Принтердің сипаттары» терезесінде қолжетімді. «Принтердің сипаттары» терезесіндегі принтер драйверінің анықтамалық жүйесіне қол жеткізу үшін төменгі сол жақ бұрыштағы **«Анықтама» (?)** батырмасын басыңыз. «Принтердің сипаттары» бөлімінің қосымшалары мен опциялары туралы мәліметтер «Анықтама» терезесінде бейнеленеді.



Windows басып шығару параметрлері

Windows жүйесінде үндемеу бойынша басып шығару баптауларын таңдау

Кез келген қосымшадан басып шығарылған кезде Принтер сипаттары терезесінде таңдалған басып шығару параметрлері қолданылады. Жиі қолданылатын басып шығару параметрлерін әр уақытта өзгертпеу үшін орнатуға және сақтауға болады.

Мысалы, қағаз бетінің екі жағына да басып шығару үшін Принтердің сипаттары терезесінде екі жақты басып шығаруды таңдаңыз.

Үндемеу бойынша басып шығару параметрлерін таңдау:

1. Компьютердегі принтерлер тізіміне өтіңіз.
 - Windows Vista үшін: **Іске қосу** → **Басқару панелі** → **Жабдық және дауыс** → **Принтерлер** таңдаңыз.
 - 2008 және барынша кейінгі нұсқадағы Windows Server үшін: **Іске қосу** → **Баптау** → **Принтерлер** таңдаңыз.
 - Windows 7 үшін: **Іске қосу** → **Құрылғылар және принтерлер** таңдаңыз.
 - Windows 8 үшін: **Іске қосу** → **Басқару панелі** → **Құрылғылар және принтерлер** таңдаңыз.
 - Windows 10 үшін: **Іске қосу** → **Параметрлер** → **Құрылғылар** → **Принтерлер мен сканерлер** таңдаңыз..Ілеспе параметрлер бөлімінде **Құрылғылар және принтерлер** таңдаңыз.
2. Принтерлер тізімінде тінтуірдің оң жақ батырмасымен принтер белгішесін басыңыз және **Басып шығаруды баптау** немесе **Басқару** → **Басып шығаруды баптау** тармағын таңдаңыз.
3. Басып шығаруды баптау терезесінде қажетті қосымшаны таңдаңыз, содан кейін қажетті баптауларды беріңіз. Баптауларды сақтау үшін **ОК** басыңыз.

Windows арналған принтер драйверінің баптаулары туралы қосымша мәліметтер алу үшін **Басып шығаруды баптау** терезесінде Анықтама (?) батырмасын басыңыз.

Windows жүйесіндегі жеке жұмыстар үшін басып шығару параметрлерін таңдау

Жеке жұмыс үшін белгілі бір басып шығару параметрлерін пайдалану үшін, жұмысты принтерге жіберудің алдында оларды Принтердің сипаттары бөлімінде өзгерту қажет. Мысалы, егер құжат үшін басып шығарудың максималды сапасы қажет етілетін болса, Принтердің сипаттары терезесінде **Басып шығару параметрлері – Басып шығару сапасы – Жоғары сапа** таңдаңыз

1. Құжат ашық тұрған қосымшада, баспа баптауларының терезесін ашыңыз. Қосымшалардың көпшілігінде бұл үшін **Файл** → **Басып шығару** таңдау немесе **CTRL+P** батырмасын басу қажет.
2. Тізімнен принтерді таңдаңыз және **Принтердің сипаттары** басыңыз. Батырмалардың атауы қосымшаға байланысты ерекшеленуі мүмкін.
3. «Принтердің сипаттары» терезесінде сәйкесінше қосымшалардағы параметрлерді таңдаңыз.
4. Баптауларды сақтау және Принтердің сипаттары терезесін жабу үшін, **ОК** батырмасын басыңыз.
5. Жұмысты принтерге жіберу үшін **Басып шығару** басыңыз.

Windows жүйесінде жиі қолданылатын басып шығару жиынтығын сақтау

Жаңа басып шығару жұмыстарымен пайдалану үшін жеке атаулармен басып шығару опцияларының жиынтығын орнатуға және сақтауға болады.

Басып шығару параметрлерінің жиынтығын сақтау:

1. Құжат ашық тұрған қосымшада **Файл** → **Басып шығару** таңдаңыз.
 2. Принтерді таңдаңыз және **Принтердің сипаттары** басыңыз.
- 90 Xerox® B1025 көпфункционалды құрылғысы
Пайдаланушы нұсқаулығы

3. Принтердің сипаттары терезесінде параметрлерді таңдаңыз.
4. Баптауларды сақтау үшін **Сақталған баптаулар** → **Қалай сақтау** таңдаңыз.
5. Басып шығару параметрлері жиынтығының атын енгізіңіз және **ОК** батырмасын басыңыз.
6. Сақталған параметрлерді қолдану арқылы басып шығару үшін **Сақталған баптаулар** тізімінде жиынтықтың атын таңдаңыз.

Macintosh басып шығару параметрлері

Macintosh жүйесінде басып шығару параметрлерін таңдау

Басып шығарудың белгілі бір параметрлерін пайдалану үшін, жұмысты принтерге жіберудің алдында оларды өзгерту қажет.

1. Құжат ашық тұрған қосымшада **Файл** → **Басып шығару** басыңыз.
2. Принтерді таңдаңыз.
3. **Херох Атқарымдары** таңдаңыз.
4. Параметрлерді таңдаңыз.
5. **Басып шығару** басыңыз.

Macintosh компьютерінде жиі қолданылатын басып шығару параметрлері жиынтығын сақтау

Жаңа басып шығару жұмыстарымен пайдалану үшін жеке атаулармен параметрлер жиынтығын беруге және сақтауға болады.
Басып шығару параметрлерінің жиынтығын сақтау:

1. Құжат ашық тұрған қосымшада **Файл** → **Басып шығару** басыңыз.
2. Тізімнен принтерді таңдаңыз.
3. Басып шығару параметрлерін таңдаңыз.
4. Баптауларды сақтау үшін **Ағымдағы мәндерді үндемеу бойынша баптаулар ретінде сақтау** таңдаңыз.

Linux жүйесінде басып шығару параметрлері

Херох® принтерінің диспетчері

Херох® принтерінің диспетчері UNIX және Linux ортасында әртүрлі принтерлерде басқаруға және басып шығаруға арналған қосымшадан тұрады.
Херох® принтерінің диспетчері келесіні жасауға мүмкіндік береді:

- Желідегі принтерлерді конфигурациялау және жай-күйін тексеру.
- Желідегі принтерді орнату. Орнатқаннан кейін принтердің жұмысына бақылау жасауға болады.
- Принтерге техникалық қызмет көрсету жөніндегі операцияларды орындау.
- Кез келген уақытта шығын материалдарының жағдайын тексеру.
- Әртүрлі жеткізушілердің UNIX және Linux операциялық жүйелерінде бірдей интерфейсті қамтамасыз ету.

Херох® принтерінің Диспетчерін орнату

Херох® принтерінің Диспетчерін орнату үшін root немесе суперпайдаланушы құқықтары талап етіледі. Херох® принтерінің Диспетчерін орнату:

1. Сіздің операциялық жүйеңізге арналған сәйкесінше папканы жүктеңіз. Принтер драйверлерін www.xerox.com/office/B1022_B1025drivers мекен-жайы бойынша қараңыз.
2. Принтердің драйверлері бар веб-сайтта өзіңіздің аппаратыңыздың моделін табыңыз.
3. Өзіңіздің аппаратыңыздың моделі үшін **Drivers & Downloads** (Драйверлер және жүктеу материалдары) таңдаңыз.
4. Операциялық жүйе мәзірінде өзіңіздің операциялық жүйеңізді таңдаңыз.
5. Принтердің осы моделіне арналған драйверді драйверлер тізімінен табуға болады. Драйвер бойынша қосымша ақпарат алу үшін **Сипаттама** басыңыз.
6. Принтердің осы моделіне арналған және операциялық жүйе драйверін таңдаңыз.
7. Жүктеу басталар алдында түпкілікті пайдаланушымен лицензиялық келісіммен танысыңыз және **Қабылдау** батырмасын басыңыз.

Файл компьютерге жүктемелерге арналған стандартты папкаға жүктеледі.

8. Linux үшін Херох® драйверінің пакетін орнату:
 - a. deb немесе rpm файлын жүктеңіз.
 - b. Командалық жол бағдарламасының көмегімен принтер драйверінің пакетін орнату үшін жүктелген файлы бар каталогқа өтіңіз.
 - c. Орнату бағдарламасын іске қосу үшін осы операциялық жүйеге арналған командалық жолдың сәйкесінше бағдарламасының атын енгізіңіз.
Мысалы:

- **Red Hat:** rpm -U < файлдың_аты >.rpm
- **Linux на базе Debian:** dpkg -i < файлдың_аты >.deb
- **AIX:** rpm -U < файлдың_аты >.rpm
- **HPUX:** < файлдың_аты >.depot.gz
- **Solaris:** pkgadd -d < файлдың_аты >.pkg



Ескертпе. Көпшілік жағдайларда Херох: /opt/Херох/ каталогы құрылады. Пакеттермен жұмыстарға арналған ОС диспетчерге кіретін утилиталар туралы қосымша мәліметтер, пакетке нұсқаулықтан қараңыз. Мысалы: man xeroxprtmgr.

Херох® принтер Диспетчерін іске қосу

Командалық жолдан Херох® принтерінің Диспетчерін іске қосу:

1. **root** артықшылықты пайдаланушы ретінде жүйеге кіруді орындаңыз.
2. xeroxprtmgr енгізіңіз.



Примечание. Херох принтерінің Диспетчеріне қолжетімділікті сондай-ақ sudo көмегімен root павтары арқылы xeroxprtmgr командасын бере отырып алуға болады.

3. **Enter** немесе **Return** пернесін басыңыз.

Linux жұмыс станциясынан басып шығару

Херох® принтерінің драйвері басып шығарудың алдын ала берілген баптаулары бар жұмыстар паспорттарының файлдарын қабылдайды. Басып шығаруға сұратуды **lp/lpr** командасын қолдана отырып, командалық жолдан жіберуге болады. Linux жүйесінде басып шығару туралы қосымша мәліметтер алу үшін Херох® принтері драйверінің интерфейсінде **Анықтама (?)** батырмасын басыңыз.

1. Басып шығару кезегін құрыңыз.
Кезекті құру туралы мәліметтерді www.xerox.com/office/B1022_B1025docs мекен-жайында *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімші нұсқаулығы) жарияланымынан қараңыз.
2. Құжат немесе графикалық файл ашық тұратын қосымшада Басып шығару диалогтық терезесін ашыңыз. Көптеген қосымшаларда бұл үшін **Файл – Басып шығару** таңдау және **CTRL+P** басу қажет.
3. Басып шығару кезегін таңдаңыз.
4. Херох® принтері драйверінің диалогтық терезесіне қолжетімділік үшін Linux басып шығару диалогтық терезесінде **Басып шығару** таңдаңыз.
5. Басып шығару диалогтық терезесін ашыңыз.



Ескертпе. Егер осы диалогтық терезе басқаша жабылатын болса, принтер драйверінің терезесі қолжетімсіз болады.

6. Херох® принтерінің драйвері интерфейсінде принтер атқарымдарын таңдаңыз.
7. **Басып шығару** таңдаңыз.

Херох® принтерінің драйвері интерфейсінің көмегімен жұмыс паспортын құру

1. Командалық жол терезесінен Херох® принтерінің драйвері интерфейсін ашыңыз. Артықшылықты пайдаланушы (root) ретінде жүйеге кіруді орындаңыз және **xerohprtmgr** енгізіңіз.



Ескертпе. Сондай-ақ root құқықтары бар xerohprtmgr командасын бере отырып, Принтер диспетчерін ашуға болады.

2. My Printers терезесінде принтерді таңдаңыз.
3. Жоғарғы бұрышта **Edit Printer** (Принтерді редакциялау) басыңыз және басып шығару жұмысына арналған баптауды таңдаңыз.
4. **Save As** (Қалай сақтау) таңдаңыз және өзіңіздің негізгі каталогыңызға жұмыс паспортын сақтаңыз.

Жұмыс паспортында қорғалған баспа паролі сияқты дербес ақпарат сақталмайды. Пайдаланушы оны командалық жолда көрсете алады.

Жұмыс паспортын пайдалана отырып басып шығару үшін **xerohprint -d {кезек} -oJT=<паспортқа_жол> <фалдың_аты>** командасын енгізіңіз.

Жұмыс паспортын пайдалана отырып басып шығару командаларының мысалдары:

```
xerohprint -d{кезек} -oJT={ жұмыс_паспортына_абсолюттік_жол } {
файлға _
_жол }
```

```
xerohprint -dMyQueue -oJT=/tmp/DuplexedLetterhead
/home/user/ PrintReadyFile
```

```
xerohprint -dMyQueue -oJT=/tmp/Secure -oSecurePasscode=1234
/home/
user/PrintReadyFile
```

Мобильдік басып шығару параметрлері

Принтер Android және iOS платформасында мобильді құрылғылардан басып шығаруды қолдайды. Егжей-тегжейлі ақпаратты [Mopria](#) және [Google Cloud Print](#) қызметінің көмегімен мобильдік құрылғылардан басып шығару бөлімінен қараңыз.

Wi-Fi Direct атқарымының көмегімен басып шығару

Принтерге Wi-Fi Direct атқарымының көмегімен планшеттер, ноутбуктер және смартфондар сияқты сымсыз мобильді құрылғылардан қосылуға болады. Wi-Fi Direct атқарымы туралы мәліметтер мобильдік құрылғыға құжаттамада келтірілген.



Ескертпе. Басып шығару тәртібі қолданылатын мобильдік құрылғыға байланысты.

«-ден басып шығару» атқарымын пайдалану

«-ден басып шығару» атқарымы принтерде, дербес немесе желілік компьютерде және USB-жинақтағышта сақталған файлдарды басып шығару үшін қызмет етеді.

Сақталған жұмыстар тізімінен басып шығару

1. Принтерді басқару панелінде **Негізгі режимдер** батырмасын басыңыз және **Сақталған жұмыстар** таңдаңыз.
2. Басып шығару үшін сақталған жұмыстың атын таңдаңыз.
3. **ОК** батырмасын басыңыз.
4. Жасыл **Старт** батырмасын басыңыз.
5. Баспадан кейін сақталған жұмыстар тізіміне оралыңыз және **Шолу** батырмасын басыңыз.

USB-жинақтағыштан басып шығару

Тікелей USB-жинақтағыштан файлдардың келесі түрлерін басып шығаруға болады:

- .jpg
- .pdf
- .ps
- .pcl
- .prn
- .tiff



Ескертпе. Егер USB порттары ажыратылған болса, USB карталарды оқу құрылғысын сәйкестендіру үшін пайдалану мүмкін емес. Одан басқа, бағдарламаны жаңарту және USB-жинақтағыштан басып шығару қолжетімсіз.

Сондықтан алдымен жүйелік әкімшінің Xerox® принтерінде осы атқарымды қосқанына және баптағанына көз жеткізіңіз. Қосымша мәліметтерді www.xerox.com/office/B1022_B1025docs мекен-жайы бойынша *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімші нұсқаулығы) жарияланатынын қараңыз.

USB-жинақтағыштан басып шығару тәртібі:

1. USB-жинақтағышты принтердегі USB портқа қойыңыз. "USB-ден басып шығару" терезесі ашылады.
2. Жүгірткінің көмегімен принтерді басқару панеліндегі тізімнен басып шығаруға арналған файлды таңдаңыз.

3. Егер файл папкада болса, оны ашыңыз.
4. Басып шығару үшін файлдың атын таңдаңыз және **ОК** батырмасын басыңыз.
5. Басып шығару параметрлерін таңдау үшін терезенің жоғарғы оң жақ бұрышындағы **көрсеткі алға** белгішесін басыңыз.
6. Жасыл **Старт** батырмасын басыңыз.
7. USB-жинақтағыштан басқа файлды басып шығару үшін терезенің жоғарғы оң жақ бұрышындағы **көрсеткі артқа** белгішесін басыңыз.
8. **Файлды қосу** басыңыз.

Басып шығару атқарымдары

Жұмыстарды басқару

Басқару панелінен жұмыстарды басқару

Принтерді басқару панелінде «Жұмыс мәртебесі» терезесінде орындалатын және аяқталған аяқталған жұмыстар тізімін қарап шығуға болады. Жұмыстарды тоқтата тұруға, жоюға және басып шығаруға болады. Сонымен қатар жұмыстар туралы ақпаратты және олардың орындалу барысын тексеруге болады.

Басып шығару жұмысын жою

1. Принтерді басқару панелінде **Тоқта** батырмасын басыңыз.
2. **Жою** батырмасын басыңыз.

Басып шығару жұмыстарын тоқтата тұру және жаңарту

Басып шығару жұмыстарын тоқтата тұру мен жаңартудың екі тәсілі қарастырылған.

1. Принтерді басқару панелінде **Тоқта** немесе **Тоқтату** батырмасын басыңыз.
2. Басып шығару жұмыстарын тоқтата тұру және жаңарту үшін келесі тәсілдердің бірін қолданыңыз:
 - **Тоқта** батырмасын, содан кейін **Жаңарту** басыңыз.
 - **Тоқтату** батырмасын басыңыз, содан кейін тағы бір рет басыңыз.

Басып шығарудың белсенді және орындалған жұмыстарын тексеру

Басып шығарудың белсенді және орындалған жұмыстарын принтерді басқару панелінен тексеруге болады.

1. Принтерді басқару панелінде **Жұмыс мәртебесі** батырмасын басыңыз.
2. Белгілі бір түрдегі жұмыстар тізімін қарап шығу үшін сәйкесінше қосымшаға өтіңіз.
 - Өңделетін жұмыстарды немесе кезектегі жұмыстарды қарап шығу үшін **Орындалатын жұмыстар** қосымшасына өтіңіз.
 - Орындалған жұмыстарды қарап шығу үшін **Орындалған жұмыстар** қосымшасына өтіңіз.
3. Жұмыс туралы деректерді қарап шығу үшін, оны таңдаңыз, және **Мәліметтер** басыңыз.

Басып шығарудың орындалатын жұмыстарын жою

Басып шығарудың белсенді жұмыстарын принтерді басқару панелінен жоюға болады.



Ескертпе. Жүйелік әкімші пайдаланушыларға жұмыстарды жоюға тыйым сала алады. Бұл жағдайда пайдаланушылар жұмыстарды қарап шыға алады. Баспаның белсенді жұмыстарын. Тек қана оны жіберуші немесе жүйелік әкімші жоя алады.

1. Принтерді басқару панелінде **Жұмыс мәртебесі** батырмасын басыңыз.
2. **Белсенді жұмыстар** қосымшасына өтіңіз.
3. Басып шығару жұмысын жою үшін оны «Белсенді жұмыстар» тізімінен таңдаңыз және **Жою** басыңыз.

Xerox® CentreWare® Internet Services қосымшасында жұмыстарды басқару

Xerox® CentreWare® Internet Services қосымшасында «Белсенді жұмыстар» тізімін қарап шығуға және одан жұмыстарды жоюға болады. Сақталған жұмыстарды басып шығаруға, көшірмелеуге, орнын ауыстыруға және жоюға болады.

Арнайы түрдегі жұмыстарды басып шығару

Арнайы түрлерді басып шығару жұмыстарын компьютерден жіберуге, содан кейін Xerox аппаратының басқару панелінен басып шығаруға болады. Принтердің драйверінде жұмыстардың арнайы түрлерін таңдау үшін, **Басып шығару опциялары – Жұмыс түрі** басыңыз.

Сақталған жұмысты басып шығару

1. Қосымшада басып шығару параметрлеріне өтіңіз.
 - Linux жүйесінде **CTRL+P** басыңыз.
 - Macintosh жүйесінде **CMD+P** басыңыз.
 - Windows жүйесінде **CTRL+P** басыңыз.
2. Принтерді таңдаңыз және драйвер интерфейсі ашыңыз.
 - Linux жүйесінде «Басып шығару» терезесінде Xerox басып шығарудың интерфейсі көрсетіледі.
 - Macintosh жүйесінде «Басып шығару» терезесінде **Басып шығару параметрлері > Xerox атқарымдары** таңдаңыз.
 - Windows жүйесінде **Принтердің сипаттары** таңдаңыз. Батырмалардың атауылары қосымшаға байланысты ерекшеленуі мүмкін.
3. Жұмыстың түрі бөлімінде **Сақталған жұмыстар** мәнін таңдаңыз.
4. Жұмыс атын енгізіңіз немесе оны тізімнен таңдаңыз және **ОК** басыңыз.
5. Басып шығарудың басқа баптауларын таңдаңыз.
 - Linux жүйесінде **Басып шығару** басыңыз.
 - Macintosh жүйесінде **Басып шығару** басыңыз.
 - Windows жүйесінде **ОК**, одан кейін **Басып шығару** басыңыз.

Қорғалған жұмысты басып шығару

1. Қосымшада басып шығару параметрлеріне өтіңіз.
 - Linux жүйесінде **CTRL+P** басыңыз.
 - Macintosh жүйесінде **CMD+P** басыңыз.
 - Windows жүйесінде **CTRL+P** басыңыз.
2. Принтерді таңдаңыз және драйвер интерфейсі ашыңыз.
 - Linux жүйесінде Басып шығару терезесінде **Басып шығару** басыңыз. Xerox басып шығару интерфейсі көрсетіледі.
 - Macintosh жүйесінде «Басып шығару» терезесінде **Басып шығару параметрлері > Xerox атқарымдары** таңдаңыз.
 - Windows жүйесінде **Принтердің сипаттары** таңдаңыз. Батырмалардың атауылары қосымшаға байланысты ерекшеленуі мүмкін.
3. Жұмыстың түрі бөлімінде **Қорғалған басып шығару** тармағын таңдаңыз.
4. Парольді енгізіңіз және растаңыз, содан кейін **ОК** батырмасын басыңыз.
5. Басып шығарудың қалған баптауларын таңдаңыз.
 - Linux жүйесінде **Басып шығару** басыңыз.
 - Macintosh жүйесінде **Басып шығару** басыңыз.
 - Windows жүйесінде **ОК**, одан кейін **Басып шығару** басыңыз.

Басып шығаруға арналған қағаз параметрлерін таңдау

Басып шығару үшін қағаздың келесі нұсқалары қарастырылған:

- Үндемеу бойынша қағаздың форматы/түсі/түрі
- Басқа форматы
- Басқа түсі
- Басқа түрі
- Науалар бойынша таңдау

Басып шығаруға арналған қағазды келесі тәсілдердің бірімен беруге болады:

- Автотаңдау атқарымын таңдау. Сонда қағаз құжаттың форматына, түріне және түсіне байланысты автоматты түрде іріктеледі.
- Қажетті қағазы бар науаны таңдау.

Масштабтау

Масштабтау кезінде басып шығару үшін таңдалған қағаз форматына сәйкес түпнұсқа кескінін кішірейту немесе үлкейту орын алады. Масштабтау параметрлері бөліміне қолжетімділік үшін Принтердің сипаттары терезесінде **Басып шығару параметрлері – Қағаз – Басқа формат- Қағаздың басқа форматы – Масштабтау параметрлері** таңдаңыз.

- **Масштабтаусыз** - басып шығарылатын кескіндеме өлшемі өзгермейді. Кескіндеме масштабы өрісінде 100% мәні көрсетіледі. Егер түпнұсқа өлшемі таңба өлшемінен артық болса, кескіндеме бөлігі кесіледі. Егер түпнұсқа өлшемі таңба өлшемінен аз болса, кескіндеме айналасында қосымша өрістер пайда болады.
- **Автоматты масштабтау** — құжат таңбаның таңдалған өлшемі бойынша масштабталады. Масштаб мәні пайыздарда кескіндеме нобайы үшін өрісте көрсетіледі.
- **Қолмен масштабтау** — құжат кескіндеменің нобайы үшін масштабтау мәнінің өрісіне енгізілген өлшемге масштабталады.

Екі жақты басып шығару

Автоматты екі жақты басып шығаруға арналған қағаз түрі

Принтер қолдау көрсетілетін үлгідегі қағазда автоматты екі жақты басып шығаруды қамтамасыз етеді. Екі жақты құжатты басып шығарар алдында қолдау көрсетілетін үлгідегі және тығыздықтағы қағаз пайдаланылғанына көз жеткізіңіз.

Екі жақты құжатты басып шығару

Автоматты екі жақты басып шығару параметрлері принтер драйверінің интерфейсында көрсетіледі. Құжатты принтер драйверімен басып шығарған кезде бағдарламалық қосымшада берілген тік немесе көлденең бағдарды орнату қолданылады.

Екі жақты басып шығару кезіндегі бет макетінің параметрлері


Екі жақ беттің макетінің параметрлері басып шығарылған беттің ашық жағын анықтайды. Бұл баптаулар қосымшада берілген беттер бағдарының баптауларынан артықшылығы бар.

Тігінен		Көлденең	
			
Екі жақты басып шығару	2-жақты басып шығару, кор.кр. бойынша бұр.	Екі жақты басып шығару	2-жақты басып шығару кор. кр бойынша бұр.

Айналық кескіндемелерді басып шығару

Егер PostScript драйвері орнатылған болса, беттерді айналық кескіндемеде, оны «Қосымша баптаулар» бөлімінде бере отырып, басып шығаруға болады. Бұл жағдайда кескіндемені басып шығару кезінде солдан оңға қарай айналық түрде бейнеленеді.

Бір бетте бірнеше парақтарды басып шығару



Көп парақты құжатты басып шығарғанда, бірнеше парақты қағаздың бір бетіне басып шығаруға болады.

- 1 Қосымшада басып шығару параметрлеріне өтіңіз. Windows жүйесінде **CTRL+P** басыңыз. Macintosh жүйесінде **CMD +P** басыңыз. Linux жүйесінде **CTRL+P** басыңыз.
- 2 Тізімнен принтерді таңдаңыз және **Принтердің сипаттары** басыңыз. Linux басып шығаруының меншікті интерфейсында Xerox интерфейсіне қолжетімділік үшін **Басып шығару** басыңыз.
- 3 Құжат параметрлері қосымшасында **Беттің макеті** таңдаңыз.
- 4 Бір бетке парақтардың санын таңдаңыз және **ОК** басыңыз немесе **Брошюра макеті** таңдаңыз.
- 5 Басып шығару терезесінде **Басып шығару** батырмасын басыңыз.

Баспа сапасы

PostScript принтері драйверінің интерфейсында басып шығару сапасының режимдері:

- Стандартты сапа режимі: дюймге 600 x 600 нүкте (dpi)
- Көтеріңкі сапа режимі: дюймге 1200 x 1200 нүкте

PCL принтері драйверінің интерфейсында басып шығару сапасының режимдері:

- Стандартты сапа режимі: дюймге 600 x 600 нүкте (dpi)
- Көтеріңкі сапа режимі: дюймге 1200 x 1200 нүкте

Брошюраларды басып шығару


Екі жақты басып шығару режимінде құжатты шағын брошюралар түрінде басып шығаруға болады. Брошюраларды екі жақты басып шығару үшін жарамды кез келген форматты қағазда жасауға болады. Принтер драйвері әр бетті автоматты түрде азайтуды және парақтардың төрт кескіндемесін бір бетте – әрбір жағында екіден басып шығаруды қамтамасыз етеді. Беттер бүктелгеннен және тігуден кейін брошюра алынатындай тәртіппен басылады.

- Linux жүйесінде «Брошюра макеті» бөлімі «Макет» қосымшасында орналасқан.
- Macintosh жүйесінде «Брошюра макеті» бөлімі басып шығару терезесінде орналасқан: Херох > Қағаз/Шығару атқарымдары.
- Windows жүйесінде «Брошюра макеті» бөлімі «Беттің макеті» қосымшасында орналасқан.

Беттің макеті бөлімі Құжат опциясы қосымшасында орналасқан.

Windows PostScript немесе Macintosh принтері драйверінің көмегімен брошюраларды басып шығару кезінде түптеу өрісін және кескіндеменің жылжуын көрсетуге болады.

- Түптеу өрісі — парақтағы кескіндемелер арасындағы көлденең аралық көрсетіледі (тармақтарда өлшенеді). Тармақ 0,35 мм (1/72 дюйм) тең.
- Кескіндемені жылжыту — түптеуге қатысты парақтар кескіндемелерін жылжыту көрсетіледі (тармақтың он бөлігіне дейінгі дәлдікпен). Брошюраны бүктеген кезде бет суреттерінің сыртқа жылжуын болдырмау үшін жылжыту бүктелген қағаздың қалыңдығын өтейді. 0-1 тармақ ауқымында мәнді таңдаңыз.

Түптеу өрісі	Кескіндемені жылжыту
	

Мұқабаларды басып шығару

Құжаттың бірінші немесе соңғы беті мұқаба болып саналады. Мұқабалар үшін құжаттың негізгі бөлігін басып шығару үшін пайдаланылатын басқа қағаз көзін таңдауға болады. Мысалы, компанияның бланкісін құжаттың бірінші бетін басып шығару үшін пайдалануға болады. Сондай-ақ, есептің бірінші және соңғы беттерін басып шығару үшін тығыз қағазды қолдануға болады. Мұқабаларды беру үшін кез келген қолайлы науаны қолдануға болады.



Ескертпе. Linux жүйесінде мұқабаларды, қосымшаларды, айрықша-парақтарды қосуға және мұқабаларда басып шығаруға болады. Мұқабалар баптаулары Арнайы парақтар қосымшасында мазмұндалады.

1. Мұқабалар баптауларына қолжетімділік үшін принтер драйверінің терезесінде **Басып шығару параметрлері** → **Қағаз** → **Мұқабалар** таңдаңыз.
2. Мұқабаларды басып шығарудың келесі опцияларының бірін таңдаңыз:
 - Мұқабасыз — Мұқабалар басып шығарылмайды. Мұқабалар құжатқа қосылмайды.
 - Тек қана алдыңғы — берілген науадағы қағазда бірінші бетті басып шығару.
 - Тек қана артқы — берілген науадағы қағазда соңғы бетті басып шығару.
 - Алдыңғы және артқы: бірдей —: алдыңғы және артқы мұқаба бір науадан басып шығарылады.
3. Мұқабаларға арналған қағаздың форматын, түрін және түсін таңдаңыз.



Ескертпе. Сондай-ақ мөрі бар немесе мөрсіз беттерді қолдануға және мұқабалардың бірінші немесе екінші жағында, немесе екі жағында да басып шығаруға болады.

Windows жүйесінде сутаңбаларды басып шығару

Сутаңбалар бір немесе бірнеше беттерде басылатын арнайы мәтін болып табылады. Мысалы, мөртабандарды қою орнына оларға құжаттарды таратар алдында сутаңбалар ретінде осындай «Көшірме», «Шимай» немесе «Құпия» сияқты сөздер басылуы мүмкін.



Ескертпе. Бұл атқарым желілік принтерлерге қосылатын ОС Windows компьютерлерінде ғана қолжетімді.

Сутаңбасын басып шығару:

1. Принтердің драйвері терезесінде **Құжат параметрлері** қосымшасына өтіңіз.
2. **Сутаңба** қосымшасына өтіңіз.
3. «Сутаңба» мәзірінде сутаңбасын таңдаңыз. Қолда бар сутаңбасын таңдауға немесе өзіңіздің жеке сутаңбаңызды құруға болады. Бұл мәзірде сутаңбаларын басқаруға болады.
4. «Пайдаланушы» өрісінде келесі мәнді таңдаңыз:
 - **Мәтін** — мәтінді енгізіңіз және шрифтін көрсетіңіз.
 - **Уақыт белгісі** — күн және уақыт параметрлерін көрсетіңіз және шрифт таңдаңыз.
 - **Кескіндеме** — кескіндемені таңдау үшін **Шолу** белгішесін басыңыз.
5. Сутаңбасының бұрышы мен орнын көрсетіңіз.
 - Кескіндеменің парақтағы орналасуын көрсетіңіз. Кескіндеме 1% қадаммен **көрсеткілер** көмегімен әрбір бағытта орын ауыстырады.
 - Кескіндеме үшін — кескіндеменің түпнұсқаға қатысты өлшемін көрсетіңіз. **Көрсеткілердің** көмегімен кескіндеме масштабын белгілеңіз (1% қадаммен).
 - Мәтін мен уақыт белгісі үшін — парақтағы кескіндеменің бұрылу бұрышын көрсетіңіз. Кескіндеме 1 қадаммен **көрсеткілердің** көмегімен солға немесе оңға бұрылады.
6. В разделе Слои выберите способ печати водяного знака.
 - **Артқы жағында басып шығару** — сутаңба құжат мәтінінің және графикасының артына басып шығарылады.
 - **Жұмыспен бірге** — сутаңба құжаттың мәтінімен және графикасымен бірге басып шығарылады. Жұмыспен бірге басып шығару кезінде сутаңба мөлдік болып шығады, яғни сутаңба да, құжаттың мазмұны да көрінеді.
 - **Алдыңғы жағында басып шығару** — сутаңба құжат мәтіннің және графикасының үстіне басып шығарылады.
7. **Парақтар** басыңыз және сутаңбасын басып шығаруға арналған парақтарды таңдаңыз:
 - **Барлық парақтарда басып шығару** — сутаңба құжаттағы барлық беттерде басып шығарылады.
 - **Тек қана бірінші бетте басып шығару** — сутаңба құжаттың бірінші парағында ғана басып шығарылады.
8. Егер сутаңбасы ретінде кескіндеме таңдалатын болса, оның жарықтың баптауларын орнату қажет.
9. **ОК** батырмасын басыңыз.

Парақтар бағдарын таңдау

«Бағдар» баптауы басып шығару кезінде парақтар бағдарын көрсету үшін қызмет етеді.

- Linux жүйесінде «Бағдар» бөлімі «Макет» қосымшасында орналасқан.
- Macintosh жүйесінде «Бағдар» бөлімі басып шығару терезесінде көрсетіледі.

- ОС Windows-те Бағдар қосымшасы Құжат параметрлері қосымшасында орналасқан.



Ескертпе. Қосымшаның басып шығару диалогтық терезесінде таңдалған бағдарды баптау принтер драйверінің интерфейсінде осы баптауды ауыстыра алады.

Келесі нұсқалар қарастырылған:

- **Тігінен** — басып шығару кезінде мәтін және кескіндеме беттің қысқа жағының бойына орналастырылады.



- **Көлденең** — басып шығару кезінде мәтін және кескіндеме беттің ұзын жағының бойына орналастырылады.



Ескертпе. Macintosh жүйесінде көлденең бағдардағы тік бағдары бар мәтінді және кескіндемені басып шығару үшін **«Автобұру»** жалаушасын алыңыз, егер ол орнатылған болса.

Пайдаланушы форматындағы қағазды пайдалану

Басып шығару принтер үшін қарастырылған минималды және максималды өлшем арасындағы диапазонда болуы тиіс бапталатын өлшемдегі қағазда мүмкін. [Қолдау көрсетілетін стандартты емес қағаз өлшемдері](#) бөлімін қараңыз.

Стандартты емес өлшемдегі қағазға басып шығару



Ескертпе. Стандартты емес өлшемдегі қағазға басып шығарудың алдында осы өлшемді беріңіз. Компьютерде Принтердің сипаты қосымшасына өтіңіз және **Стандартты емес өлшемді баптау** опциясын таңдаңыз. [Қағаздың бапталатын өлшемін көрсету](#) бөлімін қараңыз

Linux жүйесінде стандартты емес өлшемдегі қағазға басып шығару

Стандартты емес өлшемдегі қағазға басып шығарудың алдында осы өлшемді **Херох®** басып шығару интерфейсінде көрсетіңіз.

Macintosh жүйесінде стандартты емес өлшемдегі қағазға басып шығару



Ескертпе. Стандартты емес өлшемдегі қағазға басып шығарудың алдында осы өлшемді Принтердің сипаты бөлімінде көрсетіңіз.

1. Науаға стандартты емес өлшемдегі қағаз салыңыз. [Қағазды науаға салу](#) бөлімін қараңыз.
2. **File (Файл)→Print (басып шығару)** қосымшасын таңдаңыз.
3. Қағаз форматы тізімінде қағаздың стандартты емес форматын таңдаңыз.
4. **Басып шығару** басыңыз.

Windows жүйесінде стандартты емес өлшемдегі қағазға басып шығару



Ескертпе. Стандартты емес өлшемдегі қағазға басып шығарудың алдында осы өлшемді «Принтердің сипаты» қосымшасында көрсетіңіз.

1. Науаға стандартты емес өлшемдегі қағаз салыңыз.
2. Қосымшада басып шығару параметрлеріне өтіңіз және **CTRL+P** басыңыз.
3. Тізімнен принтерді таңдаңыз және **Принтердің сипаты** басыңыз.
4. Стандартты емес өлшемдегі қағазды таңдау үшін, «Баспа параметрлері» қосымшасында **Қағаз→Басқа формат→Қағаздың жаңа форматы бойынша** таңдаңыз.
5. Басып шығарудың қалған параметрлерін таңдаңыз және **ОК** батырмасын басыңыз.
6. Басып шығару терезесінде **Басып шығару** батырмасын басыңыз.

Қағаздың бапталатын өлшемін көрсету

Стандартты емес өлшемдегі қағазға басып шығару үшін оның ені мен ұзындығын көрсету қажет. Стандартты емес өлшемдерді принтер драйверінің интерфейсінде және басқару

панелінде беруге болады. Қағаздың орнатылатын өлшемі науадағы қағазға сәйкес келуі тиіс. Қағаз өлшемін дұрыс емес көрсету принтердің қателігін тудыруы мүмкін. Компьютерден басып шығару кезінде принтердің драйвері баптауларының басқару панелінен берілген баптаулардан басымдығы бар

Принтер драйверінің баптауларында қағаздың пайдаланушы форматтарын құру және сақтау

Стандартты емес өлшемдегі қағазды кез келген науадан басып шығаруға болады. Стандартты емес өлшемдегі қағаз баптаулары принтер драйверінде сақталады және барлық қосымшаларда таңдау үшін қолжетімді. Әрбір науа үшін қолдау көрсетілетін қағаз форматтары туралы мәліметтерді [Қағаздың қолдау көрсетілетін стандартты емес өлшемдері](#) бөлімінен қараңыз.

Windows-те қағаздың стандартты емес өлшемдерін құру және сақтау

1. Қосымшада **Файл**→**Басып шығару** таңдаңыз және принтерді көрсетіңіз.
2. Басып шығару терезесінде **Принтердің сипатын** таңдаңыз және **Басып шығару параметрлері** қосымшасына өтіңіз.
3. «Қағаз» бөлімінде көрсеткіні басыңыз және **Басқа формат**→**Қағаздың басқа форматы**→**Таңба өлшемі**→**Құру** таңдаңыз.
4. «Қағаздың стандартты емес өлшемін құру» терезесінде Қағаз бетінің биіктігі мен енін енгізіңіз.
5. Өлшем бірліктерін көрсету үшін терезенің төменгі жағында **Өлшем бірліктері** батырмасын басыңыз және **дюймдер** немесе **миллиметрлер** таңдаңыз.
6. Атауы өрісінде жаңа өлшемнің атауын енгізіңіз және баптауды сақтау үшін **ОК** батырмасын басыңыз.

Macintosh-та қағаздың стандартты емес өлшемдерін құру және сақтау

1. Қосымшада **File (Файл)** → **Print (Басып шығару)** таңдаңыз.
2. **Paper Size (Қағаз өлшемі)** бөлімінде **Manage Custom Sizes (Стандартты емес өлшемдерді басқару)** таңдаңыз.
3. Қағаздың стандартты емес өлшемін қосу үшін, "Manage Paper Sizes" терезесінде **плюс (+)** белгішесін басыңыз.
4. **Атаусыз** екі рет басыңыз және қағаздың стандартты емес өлшеміне арналған атауды енгізіңіз.
5. Қағаздың жаңа стандартты өлшемінің биіктігі мен енін енгізіңіз.
6. Non-Printable Area» (Басып шығарылмайтын облыс) өрісіндегі көрсеткіні басыңыз. Тізімнен принтерді таңдаңыз. Немесе «Пайдаланушыны баптау» бөлімінде «Сол жақтан», «Оң жақтан», «Жоғарыдан» және «Төменнен» өрістерінің мәнін көрсетіңіз.
7. Баптауларды сақтау үшін **ОК** басыңыз.

Басқару панелінен қағаздың стандартты емес өлшемдерін беру

Стандартты емес өлшемдегі қағазды кез келген науадан басып шығаруға болады.

1. Науаға стандартты емес өлшемдегі қағазды салыңыз.
2. Қағаз өлшемінің ағымдағы баптауына қол тигізіңіз. Тізімнен **Пайдаланушы** мәнін таңдаңыз.
3. Тізімнен **Пайдаланушы** мәнін таңдаңыз.
4. «Қағаздың пайд. форматы» терезесінде қағаз бетінің ұзындығы мен енін енгізіңіз.

5. Баптауды сақтау үшін ОК басыңыз.
6. **Растау** батырмасын басыңыз.

5

Қағаз және басқа да материалдар

Тараудың мазмұны:

- Қағаздың қолдау көрсетілетін түрлері..... 108
- Қағазды науаға салу 113

Қағаздың қолдау көрсетілетін түрлері

Принтер түрлі қағаз түрлерін және басқа да материалдарды пайдалануды қолдайды. Ең жақсы басып шығару сапасына жету үшін және жиі тұрып қалуды болдырмау үшін осы бөлімде берілген ережелерді сақтаңыз.

Ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін осы принтерге ұсынылған қағаз бен Xerox материалдарын ғана пайдаланыңыз.

Қағазға тапсырыс беру

Қағазға және басқа да материалдарға тапсырыс беру үшін өңірлік сауда өкіліне хабарласыңыз немесе www.xerox.com/office/B1022_B1025supplies сайтына кіріңіз.

Қағазды науаларға салу жөніндегі жалпы нұсқаулар

- Қағазды науаға салудың алдында беттерді желпіп алыңыз.
- Қағазға арналған науаларды асыра жүктемеңіз. Қағазды науаны максималды толтыру сызығынан асырмаңыз.
- Бағыттаушыларды қағаздың өлшемі бойынша орнатыңыз.
- Жиі тұрып қалған жағдайда ұсынылған қағазды және жаңа орамдағы басқа да материалдарды қолданыңыз.



Ескертпе. Бұл принтер жапсырмаларда, ашықхаттарда және жылтыр үлдірлерде басып шығаруды қолдамайды.

Принтерді зақымдайтын қағаз



Назар аударыңыз! Қағаздың және басқа да материалдардың кейбір түрлерін қолдану баспа сапасының төмендеуін, жиі тұрып қалуын және принтердің сынуын тудыруы мүмкін.

Қағаздың келесі түрлерін пайдалануға болмайды:

- Өздігінен көшірмеленетін қағаз
- Өрнектелген қағаз
- Абразивтік материалдарды қолданумен тазартылған қағаз
- Қатты және кеуекті қағаз
- Ағынды принтерлерге арналған қағаз
- Лазерлік принтерлерге арналмаған жылтыр қағаз немесе жабындысы бар қағаз
- Фотокөшіру үшін пайдаланылған қағаз
- Бүктелген немесе мыжылған қағаз
- Ойықтары немесе перфорациясы бар қағаз
- Қағаздың бекітілген беттері
- Термоқағаз
- Терезелері, металл қысқыштары, бүйір жіктері және желімді учаскелері, жабық қорғаныс жолақтары бар конверттер
- Жұмсақ төсеніші бар конверттер

- Пластик материалдар
- Синтетикалық қағаз



Назар аударыңыз! Xerox® компаниясының Xerox® кепілдігі, қызмет көрсету жөніндегі келісімі және Total Satisfaction Guarantee (Жалпы сапа кепілдігі) кепілдігі қолдау көрсетілмейтін қағазды немесе басқа да баспа материалдарын пайдаланумен туындайтын сынуларға қолданылмайды. Xerox® компаниясының Total Satisfaction Guarantee (Жалпы сапа кепілдігі) кепілдігі АҚШ-та және Канадада әрекет етеді. Басқа елдердегі кепілдікті міндеттемелердің айырмашылығы болуы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін Xerox® өңірлік өкілдігіне хабарласыңыз.

Қағазды сақтау жөніндегі ұсыныстар

Басып шығарудың оңтайлы сапасы үшін қағаз бен материалдардың тиісті сақталуын қамтамасыз ету қажет.

- Қағазды қараңғы, салқын және жеткілікті құрғақ жерде сақтау қажет. Қағаздардың көпшілік түрлері ультракүлгін сәулелердің және тура жарықтың әсеріне сезімтал келеді. Күн және күндізгі жарық шам көзі болып табылатын ультракүлгін сәулелер қағазға жойғыш әсер етеді.
- Қағазды ұзақ уақытқа күшті жарықтың әсеріне қалдырмаңыз.
- Қағазды сақтау кезінде қоршаған орта температурасының және салыстырмалы ылғалдылығының құбылуына жол бермеңіз.
- Қағазды шатырда, ас үй бөлмелерінде, гараждарда және жертөлелерде сақтамаңыз. Бұл бөлмелерде жиі жоғары ылғалдылық болып тұрады.
- Қағазды табандықтарда, картон қораптарда, сөрелерде немесе шкафта сақтау керек.
- Қағазды сақтау және пайдалану орындарында тамақ өнімдері мен сусындар болмауы тиіс.
- Егер қағазды принтерге салғыңыз келмесе, қағазы бар жапсырылған орамаларды ашпаңыз. Қағазды түпнұсқа орамда сақтаңыз. Орам қағазды құрғаудан және ылғалдан қорғайды.
- Кейбір арнайы материалдар герметикалық жабық пластикалық пакеттерде жеткізіледі. Пайдалану сәтіне дейін материалды пакетте сақтаңыз. Пайдаланылмаған материалды пакетке салып, оны қорғау мақсатында қайта желімдеңіз.

Қағаздың қолдау көрсетілетін түрлері мен тығыздығы

Науалар	Қағаз түрлері	Тығыздығы
Айналымалы науа, 1 және 2 науалар	Әдеттегі қағаз	71-85 г/м ²
	Бланкілер	75-90 г/м ²
	Мөрі бар	75-90 г/м ²
	Перфорациясы бар	75-90 г/м ²
	Жұқа	60-70 г/м ²
	Тығыз	86-105 г/м ²
	Жұқа картон	106-163 г/м ²
	Жоғары жылдамдықты	105-120 г/м ²
	Қайта өңделген	60-90 г/м ²
	Мұрағаттық	75-105 г/м ²
	Пайдаланушылы	71-85 г/м ²

Қағаздың қолдау көрсетілетін стандартты форматтары

Науа	Стандартты форматтар
Айналмалы науа, 1 және 2 науалар	A3 (297 x 420 мм / 11,7 x 16,5 дюйм) A4 (210 x 297 мм / 8,3 x 11,7 дюйм) A5 (148 x 210 мм / 5,8 x 8,3 дюйм) B4 (257 x 364 мм / 10,1 x 14,3 дюйм) JIS B5 (182 x 257 мм / 7,2 x 10,1 дюйм) Letter (216 x 279 мм / 8,5 x 11 дюйм) Legal (216 x 356 мм / 8,5 x 14 дюйм) Oficio (216 x 340 мм / 8,5 x 13,4 дюйм) Folio (216 x 330 мм / 8,5 x 13 дюйм) Executive (426 x 297 мм / 16,8 x 11,7 дюйм)
Тек қана айналмалы науа үшін	A5 LEF (148 x 210 мм / 5,8 x 8,3 дюйм) Ашықхаттар (102 x 152 мм / 4 x 6 дюйм) Statement (140 x 216 мм / 5,5 x 8,5 дюйм)

Қағаздың қолдау көрсетілетін стандартты емес өлшемдері

Науа	Ені	Ұзындығы
Айналмалы науа	125-297 мм (4,9-11,7 дюйм)	102–432 мм (4,0–17 дюйм)
1 және 2 науалар	148-297 мм (5,8-11,7 дюйм)	182-432 мм (7,2-17 дюйм)
Стандартты емес екі жақты	130-297 мм (5,1-11,7 дюйм)	182-432 мм (7,2-17,0 дюйм)

Автоматты екі жақты басып шағыруға арналған қағаздың қолдау көрсетілетін түрлері мен тығыздығы

Қағаз түрлері	Тығыздығы
Жұқа	60-70 г/м ²
Қайта өңделген	60-90 г/м ²
Әдеттегі қағаз Бланкілер Перфорациясы бар Мері бар	71-90 г/м ²
Тығыз	86-110 г/м ²
Жоғары жылдамдықты	105-120 г/м ²
Жұқа картон	111-140 г/м ²

Автоматты екі жақты басып шығаруға арналған қағаздың қолдау көрсетілетін стандартты форматтары

Стандартты форматтар	Өлшемдері
A4	210 x 297 мм (8,3 x 11,7 дюйм)
A5 (SEF, қысқа жиекпен беру)	148 x 210 мм (5,8 x 8,4 дюйм)
A3	297 x 420 мм (11,7 x 16,5 дюйм)
B4	257 x 364 мм (10,1 x 14,3 дюйм)
B5 (JIS, жапондық салалық стандарттар)	182 x 257 мм (7,2 x 10,1 дюйм)
Ledger	432 x 279 мм (17 x 11 дюйм)
Letter	216 x 279 мм (8,5 x 11 дюйм)
Legal	216 x 356 мм (8,5 x 14 дюйм)
Folio	216 x 330 мм (8,5 x 13 дюйм)
Oficio	216 x 340 мм (8,5 x 13,4 дюйм)
Executive	184 x 267 мм (7,25 x 10,5 дюйм)
Statement SEF	140 x 216 мм (5,5 x 8,5 дюйм)

Автоматты екі жақты басып шығаруға арналған қолдау көрсетілетін стандартты емес қағаз форматтары

Көзі	Материалдар түрлері	Форматтары	Тығыздығы
Науа 1 немесе 2	Әдеттегі, жұқа, тығыз, жоғары сапалы, жұқа картон, қайта өңделген, мұрағаттық, перфорациямен, мөрі бар,	A4, Letter, Legal, Executive, Folio, Oficio, JIS B5, A5 SEF, Ledger, A3, B4	60-140 г/м ² (16-100 фунт, мәтінге арналған жоғары сапалы)
Айналмалы науа	Әдеттегі, жұқа, тығыз, жоғары сапалы, жұқа картон, мөрі бар, қайта өңделген, мұрағаттық	A4, Letter, Legal, Executive, Folio, Oficio, JIS B5, A5 SEF, Statement SEF, Ledger, A3, B4	60-140 г/м ² (16-100 фунт, мәтінге арналған жоғары сапалы)

Қағаз және басқа да материалдар


Көзі	Материалдар түрлері	Форматтары	Тығыздығы
	Пайдаланушылық	Мин.: 130 x 182 мм (5,1x 7,2 дюйм) Макс.: 297 x 432 мм (11,7 x 17,0 дюйм)	

Қағаздарды науаларға салу


Қағазды 1 науаға салу

1 науаға 250 бетке дейін салуға болады. Қағазды 1 науаға салу:

1. Науаны шығарып, суырып шығарыңыз.




2. Ұзындық пен ен бағыттауыштарын жылжытыңыз.
 - a. Қағаздың екі бағыттаушында да бекіткіштерді қысыңыз.
 - b. Қағаз бағыттауыштарын тірелгенге дейін жылжытыңыз.
 - c. Қағаз бағыттауыштарының бекіткіштерін түсіріңіз.




3. Беттерді алға-артқа бүктеңіз, оларды желпіңіз және бумаңыз жиектерін тегіс бетке туралаңыз. Бұл беттердің жабысуын болдырмайды және олардың кептелу ықтималдылығын азайтады.



4. Қағазды науаға салыңыз және бағыттауыштарды қағаздың форматы бойынша орнатыңыз.



- Қағазды науаға баспаға арналған жағын төмен қаратып салыңыз.
 - Перфорацияланған қағазды салған кезде тесіктері бар жиегі принтердің оң жағына қаратылуы тиіс.
 - Қағазды максималды толтыру сызығынан асырып салмаңыз. Шамадан тыс жүктеу қағаздың кептелуін тудыруы мүмкін.
5. Науаны принтерге қойыңыз және тірелгенге дейін жылжытыңыз.




6. Басқару панелінде «Науа параметрлері» экраны пайда болған кезде, қағаздың форматын, түрін және түсін растаңыз.
7. Қағаздың форматын, түрін және түсін өзгертіңіз.
8. **Растау** батырмасын басыңыз.


Қағазды 2 опционалдық науаға салу

2 опционалдық науаға 250 бет салуға болады. Қағазды 2 науаға салу:

1. Науаны шығарып алу үшін, науаның астындағы ойықтан ұстаңыз және оны өзіңізге тартыңыз.




2. Ұзындық пен ен бағыттаушыларын жылжытыңыз.
 - a. Қағаздың екі бағыттаушында да бекіткіштерді қысыңыз.
 - b. Қағаз бағыттауыштарын тірелгенге дейін жылжытыңыз.
 - c. Қағаз бағыттауыштарының бекіткіштерін түсіріңіз.



3. Беттерді алға-артқа бүктеңіз, оларды желпіңіз және бумаңыз жиектерін тегіс бетке туралаңыз. Бұл беттердің жабысуын болдырмайды және олардың кептелу ықтималдылығын азайтады.




4. Қағазды науаға салыңыз және бағыттауыштарды қағаздың форматы бойынша орнатыңыз.



- Қағазды науаға баспаға арналған жағын төмен қаратып салыңыз.
- Перфорацияланған қағазды салған кезде тесіктері бар жиегі принтердің оң жағына қаратылуы тиіс.
- Қағазды максималды толтыру сызығынан асырып салмаңыз. Шамадан тыс жүктеу қағаздың кептелуін тудыруы мүмкін.

5. Науаны принтерге қойыңыз және тірелгенге дейін жылжытыңыз.



6. Басқару панелінде Қағаз параметрлері экраны пайда болған кезде, қағаздың форматын, түрін және түсін растаңыз .
7. Қағаздың форматын, түрін және түсін өзгертіңіз.
8. **Растау** батырмасын басыңыз.

Қағазды айналмалы науаға салу


Айналмалы науаға 100 бет салуға болады. Қағазды айналмалы науаға салу:

1. Айналмалы науаны ашыңыз.




Ескертпе. Егер айналмалы науа ашық және оған қағаз салынған болса, сәйкес келмейтін өлшемдегі немесе түрдегі қағазды шығарып алыңыз.

- a. Айналмалы науаны ашу үшін, қапсырманы басыңыз.




- b. Айналмалы науаны толығымен шығарып алыңыз.



2. Ұзындығы мен енінің бағыттаушыларын сырғытыңыз және беру учаскесінің жанындағы металл пластинаны қысыңыз.



Ескертпе. Науадағы металл пластина беру ролигінің жанында орналасқан.




3. Беттерді алға-артқа бүктеңіз, оларды желпіңіз және бумаңыз жиектерін тегіс бетке туралаңыз. Бұл беттердің жабысуын болдырмайды және олардың кептелу ықтималдылығын азайтады.




Ескертпе. Кептеліп қалу мен дұрыс емес берілуді болдырмау үшін, ол қажет болмайынша қағазды орамнан шығармаңыз.

4. Қағазды науаға салыңыз және бағыттаушылар қағазға тиетіндей етіп олардың енін орнатыңыз.



Ескертпе. Қағазды максималды толтыру сызығынан асырып салмаңыз. Шамадан тыс жүктеу қағаздың кептелуін тудыруы мүмкін.


- Перфорацияланған қағазды перфорациясы бар жиегі принтердің артқы жағына қарайтындай етіп салыңыз.



- Бланкілер мен мөрі бар қағазды беткі жағымен төмен, жоғарғы жиегімен принтерге салыңыз.



Ескертпе. Бұл нұсқаулар бір жақты және екі жақты басып шығару кезінде қағаз салуға арналған.



5. Басқару панелінде Қағаз параметрлері экраны пайда болған кезде, қағаздың форматын, түрін және түсін растаңыз.
6. Қағаздың форматын, түрін және түсін өзгертіңіз.
7. **Растау** батырмасын басыңыз.

Қызмет көрсету үшін

Тараудың мазмұны:

- Принтерді тазалау 122
- Шығын материалдарына тапсырыс беру..... 125
- Принтердің орнын орналастыру 129
- Есепке алу есептегіштерінің көрсеткіштерін тексеру..... 131

Принтерді тазалау

Жалпы сақтық шаралары



Назар аударыңыз! Принтерді тазалау үшін органикалық және күшті химиялық еріткіштерді немесе аэрозольді тазалағыштарды пайдаланбаңыз. Тікелей бетіне сұйықтық құйып алмаңыз. Материалдар мен тазалағыш құралдарды тек қана осы нұсқаулықта сипатталғандай қолданыңыз.



ЕСКЕРТУ. Тазалағыш материалдарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.



ЕСКЕРТУ. Принтерді сыртынан және ішінен тазалау үшін аэрозольді тазалау құралдарын қолданбаңыз. Кейбір аэрозольді баллоншаларда жарылысқа қауіпті қоспалар бар және электр жабдықтарында қолдануға жарамсыз. Аэрозольді тазалау құралдарын пайдалану өрт немесе жарылыс қаупін көтереді.



Назар аударыңыз! Бұрандалармен бекітілген қақпақтары мен қоршауларын шешіп алмаңыз. Техникалық қызмет көрсетуді және принтердің осы қақпақтар мен қоршаулардың астында орналасқан құрамдас бөліктеріне жөндеу жүргізуге рұқсат етілмейді. Принтердің құжаттамасында көрсетілмеген қызмет көрсету бойынша ешқандай операцияларды орындамаңыз.



ЕСКЕРТУ. Принтердің ішкі бөлшектері ыстық болуы мүмкін. Егер есіктері мен қақпақшалары ашық болса, сақтық танытыңыз.

- Принтерге ешнәрсе қоймаңыз.
- Басып шығару кезінде қақпақшаларын және есіктерін ашпаңыз.
- Принтер жұмыс істеп тұрған кезде, оны еңкейтпеңіз.
- Электрлік контактілер мен механикалық сымдарды қозғамаңыз. Бұл принтердің зақымдануына және баспа сапасының нашарлауына әкелуі мүмкін.
- Принтерді желіге қоспастан бұрын, барлық құрамдас бөліктері тазалау кезінде алынған орындарына орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Сыртқы беттерді тазалау

Принтерді айына бір рет сыртынан тазалаңыз.



Назар аударыңыз! Тазалау құралдарын тікелей принтердің бетіне шашыратпаңыз. Сұйық тазалау құралы принтердің ішіне саңылаулар арқылы кіруі және қиындықтар тудыруы мүмкін. Су мен бейтарап жуу құралынан басқа, ешқандай тазалау құралдарын пайдалануға болмайды.

Принтердің сыртқы беттерін тазалау тәртібі:

1. Жұмсақ түксіз матаны сумен сәл ылғалдаңыз.
2. Қағазға арналған науаны, шығыс науасын, басқару панелін және принтердің басқа да сыртқы бетін сүртіңіз.
3. Тазалағаннан кейін бетін құрғақ түксіз шүберекпен сүртіңіз.



Ескертпе. Егер дақ нашар кетірілетін болса, аздаған бейтарап жуу құралын қосыңыз және дақты мұқият сүртіңіз.

Сканерді тазалау


Сканерді, оған бір нәрсе төгілген немесе оның бетіне шаң немесе кір жинақталған кезде, айына бір рет тазалау керек. Беру роликтерінің тұрақты тазалау жоғары сапалы көшірмелер алуға ықпал етеді.

Экспонирлеу шынысын тазалау

Сканерлеу және көшірмелеу кезінде барынша жақсы нәтижелер алу үшін экспонирлеу шынысының тазалығын қадағалаңыз.

Экспонирлеу шынысын тазалау үшін келесіні сақтаңыз:


1. Жұмсақ түксіз матаны сумен сәл ылғалдаңыз.
2. Қағазды түпнұсқаларды бергіштер алыңыз.
3. Экспонирлеу шынысының қақпағын ашыңыз.



4. Экспонирлеу шынысын тазалаңыз және құрғата сүртіңіз.




Ескертпе. Оңтайлы нәтижеге қол жеткізу үшін шыныларды тазалауға арналған стандартты құралды қолданыңыз.




5. Автобергіш арқылы экспонирлеу шынысын тазалаңыз және құрғата сүртіңіз. Автобергіш арқылы экспонирлеу шынысы – бұл экспонирлеу шынысынан сол жақтағы ұзын тар жолақ.

Қызмет көрету үшін

6. Экспонирлеу шынысының төменгі жағынан ақ жазық бетті тазалаңыз және құрғата сүртіңіз.



7. Экспонирлеу шынысының қақпағын жабыңыз.



Шығын материалдарына тапсырыс беру

Шығын материалдарына қашан тапсырыс беру керек

Тонер- немесе принт-картриджді ауыстыру мерзімі жақындаған кезде, басқару панеліне тиісті ескерту шығарылады. Ауыстыруға арналған картридждің бар екеніне көз жеткізіңіз. Басып шығарудағы үзілістерді болдырмау үшін, басқару панелінде бірінші ескерту пайда болғаннан кейін материалдарға алдын ала тапсырыс беру керек. Тонер немесе принт-картриджді ауыстыру қажет болғанда, басқару панелінде қателік туралы хабарлама шығады. Шығын материалдарына өңірлік сауда өкілдігінде немесе www.xerox.com/office/B1022_B1025supplies мекен-жайы бойынша тапсырыс беруге болады.



Назар аударыңыз! Басқа өндірушілердің шығын материалдарын пайдалану ұсынылмайды. Xerox® компаниясының кепілдік міндеттемелері, қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелері және Total Satisfaction Guarantee кепілдігі (Жалпы сапа кепілдігі) басқа өндірушілердің шығын материалдарын пайдаланумен немесе осы принтерге арналмаған Xerox® шығын материалдарын пайдаланумен туындаған сынуларға, дұрыс емес жұмысқа немесе сапаның төмендеуіне қолданылмайды. Total Satisfaction Guarantee кепілдігі (Жалпы сапа кепілдігі) АҚШ-та және Канада да әрекет етеді. Басқа өңірлерде Xerox® компаниясының өкілдігіне хабарласу қажет.

Принтердің шығын материалдарының жай-күйін тексеру

Принтердің шығын материалдарының жай-күйін кез келген уақытта Xerox® CentreWare® Internet Services қосымшасының көмегімен немесе принтерді басқару панелінен тексеруге болады.



Ескертпе. Xerox® CentreWare® Internet Services қосымшасының көмегімен принтердің шығын материалдарының жай-күйін тексеру тәртібін www.xerox.com/office/B1022_B1025docs мекен-жайы бойынша *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімші нұсқаулығы) жарияланымынан қараңыз.

Принтердің шығын материалдарының жай-күйін тексеру:

1. Принтерді басқару панелінде **Аппараттың мәртебесі** батырмасын басыңыз.
2. **Шығын материалдары** таңдаңыз. Шығын материалдарының жай-күйі көрсетіледі.

Шығын материалдары

Принтердің жұмысы барысында мезгіл-мезгіл ауыстыруға тура келетін материалдар шығын материалдары болып саналады. Осы принтерге арналған шығын материалдары Xerox® қара тонер-картриджі және Xerox® принт-картридж болып табылады.



Ескертпе.

- Шығын материалдарын ауыстыру үшін оларға қоса берілетін нұсқаулықтарды орындаңыз.
- Баспа сапасын қамтамасыз ету үшін тонер- және принт-картридждер белгілі бір қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін жұмыс істеуді тоқтатады.



Назар аударыңыз! Басқа өндірушілердің шығын материалдарын пайдалану ұсынылмайды. Xerox® фирмалық тонерлерінен басқа, қандай да бір басқа тонерлерді пайдалану баспа сапасына және принтердің сенімділігіне жағымсыз әсер етуі мүмкін. Xerox® тонерлері арнайы осы принтер үшін әзірленген және Xerox® компаниясының сапа бақылауының барлық процедураларын қатаң сақтай отырып дайындалады.

Тұрақты ауыстырылатын модульдер

Тұрақты ауыстырылатын модульдер – бұл принтердің мерзімді ауыстыруды талап ететін, қызмет ету мерзімі шектеулі құрамдас бөліктері. Бұл жекелеген модульдер де, сондай-ақ жинақтар да болуы мүмкін. Олар әдетте пайдаланушылармен ауыстырылады.



Ескертпе. Әрбір ауыстырылатын модульге орнату жөніндегі нұсқаулық қоса беріледі. Принтер үшін тұрақты ауыстырылатын модульдерге келесі кіреді:

- Стандартты сыйымдылықтағы тонер-картридж
- Принт-картридж



Ескертпе. Ұсыныған атқарымдар кейбір принтерлермен қолданылмайды. Жекелеген атқарымдар белгілі бір модельдерге және принтерлердің конфигурацияларына арналған.

Тонер-картридждер

Тонер-картридждермен жұмыс істеу кезіндегі жалпы сақтық шаралары




ЕСКЕРТУ.

- Тонер-картридждерді ауыстыру кезінде, тонерді шашып алмау үшін, мұқият болыңыз. Егер тонер шашылатын болса, оның киімге және теріге, көзге немесе ауызға түсуін болдырмаңыз. Тонерді үрлемеңіз.
- Тонер-картридждерді балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Егер бала кездейсоқ тонерді жұтып қоятын болса, ол оны түкіріп тастауы тиіс және аузын сумен шаюы керек. Бұл жағдайда дереу дәрігерге көріну керек.
- Шашылған тонерді жою үшін ылғалды матаны пайдаланыңыз. Шашылған тонерді жинау үшін шаңсорғышты пайдаланбаңыз. Шаңсорғышта ұшқын пайда болған жағдайда өрт немесе жарылыс болуы мүмкін. Егер тонер көп шашылған болса, Хегох® компаниясының өңірлік өкілдігіне хабарласыңыз.
- Тонер-картридждерді ашық отқа тастамаңыз. Картриджде қалған тонер тұтанып, күйік немесе жарылыс тудыруы мүмкін.


Тонер-картридждерді ауыстыру

Картриджде тонер аяқталған кезде, басқару панелінде тиісті хабарлама пайда болады. Тонер-картридж босап қалғанда, басып шығару тоқтатылады және басқару панелінде тиісті хабарлама шығады.


1. Екі жағынан да тарта отырып, принтердің алдыңғы қақпағын ашыңыз.



2. Тонер-картриджді босату үшін, бекіткіштерді екі жағынан да бір-біріне қысыңыз.



3. Картриджді қиғаштамай суырып алыңыз.




4. Басқару панеліндегі хабарламаға байланысты келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:

Қызмет көрету үшін

- Жаңа тонер-картриджді орнатыңыз.
- Тонер-картридждің қызмет мерзімін ұзарту үшін, оны 5-6 рет сілкіңіз.


5~6



Назар аударыңыз! Тонердің шашылмауы және зиян келтірмеуі үшін, картриджді пластикалық парақтың үстіне шайқаңыз.

5. Принтердің алдыңғы қақпағын ілмекке дейін жоғары баса отырып, жабыңыз.

Принтер автоматты түрде бастапқы қалыпқа көшеді.



6. Жұмысты қайтадан баспаға жіберіңіз, егер бұл қажет болса.

Принт-картридждер

Принт-картриджбен жұмыс істеу кезіндегі жалпы сақтық шаралары



Назар аударыңыз! Тікелей күн сәулесінің және күшті күндізгі жарық шамдарының принт-картриджге әсеріне жол бермеңіз. Барабанның бетіне қол тигізбеңіз және оған сызат түсірмеңіз.



Назар аударыңыз! Принтердің қақпақтары мен есіктерін ұзақ уақыт бойы, әсіресе ашық жарықтандырылған үй-жайларда, қалдырмаңыз. Жарықтың әсері принт-картридждің зақымдануына әкелуі мүмкін.



ЕСКЕРТУ. Принт-картридждерді ашық отқа тастамаңыз. Оның тұтануы және күйік немесе жарылыс тудыруы мүмкін.

Шығын материалдарын қайта өңдеу

Xerox® шығын материалдарын қайта өңдеу бағдарламасы туралы ақпарат www.xerox.com/gwa мекен-жайы бойынша мазмұндалады.

Принтердің орнын ауыстыру

Принтердің орнын ауыстыру тәртібі:




ЕСКЕРТУ.

- Электр тогымен зақымдануды болдырмау үшін қуат көзі сымының ашасына дымқыл қолмен тиюге тыйым салынады.
- Қуат көзінің сымын ажыратқан кезде, баусымнан емес, міндетті түрде ашадан ұстап тартыңыз. Егер сіз баусымнан тартсаңыз, оны зақымдауыңыз мүмкін. Бұл өрт және электр тогымен зақымдануға әкелуі мүмкін.

1. Принтерді сөндіріңіз.
2. Принтердің артқы панелінен қуат сымын және басқа кабельдерді ажыратыңыз. [Принтерді қосу және сөндіру](#) бөлімін қараңыз.
3. Шығу науасынан қағаз бен басқа да материалды шығарып алыңыз.
4. Жарақаттарды болдырмау үшін принтерді екеулеп көтеріңіз және көшіріңіз.



Назар аударыңыз! Орын ауыстыру кезінде принтердің көлденең қалыптан ауытқуы 10 градустан аспауы тиіс. Егер еңкею бұрышы 10 градустан асатын болса, принтерден тонер шашылуы мүмкін, сонымен қатар принтер аударылуы мүмкін.



- Принтерді және оның қосымша құрылғыларын орау үшін түпнұсқалық орамды және қайта орауға арналған Xerox қорабын немесе жиынтығын пайдаланыңыз. Аппаратты қайтадан орауға арналған нұсқаулық пен жиынтықты алу үшін, www.xerox.com/office/B1022_B1025support сайтына кіріңіз.
- Принтерді үлкен қашықтыққа көшірген кезде одан тонер шашылмауы үшін, одан принт- және тонер-картридждерді шығарып алу қажет.



Назар аударыңыз! Тасымалдау үшін принтерді қайтадан орау ережелерін сақтамау принтердің зақымдануына әкелуі мүмкін, оған Xerox® кепіл міндеттемелері, техникалық қызмет көрсету жөніндегі келісім және Total Satisfaction Guarantee кепілдігі (Жалпы сапа кепілдігі) қолданылмайды. Принтерді дұрыс көшірмеуден туындаған оның зақымдануына Xerox® кепіл міндеттемелері, техникалық қызмет көрсету жөніндегі келісім және Total Satisfaction Guarantee кепілдігі (Жалпы сапа кепілдігі) қолданылмайды.

5. Принтердің орнын ауыстырғаннан кейін:
 - a. Барлық шешіп алынған құрамдас бөліктерді орнына орнатыңыз.

Қызмет көрсету үшін

- b. Принтерге кабельдер мен қуат көзінің баусымын жалғаңыз.
- c. Қуат көзі баусымының ашасын розеткаға қойыңыз және принтерді қосыңыз.

Есепке алу есептегіштерінің көрсеткіштерін тексеру

Шоттар жөніндегі ақпарат «Шоттар жөніндегі ақпарат» экранында мазмұндалады. Таңбалардың санынан шыға отырып, төлем жүргізіледі. Есептегіштердің көрсеткіштерін және аппаратты пайдалану жөніндегі мәліметтерді қарап шығу:

1. Принтерді басқару панелінде **Аппараттың мәртебесі** батырмасын басыңыз.
2. Таңбалардың негізгі есептегіштерін қарап шығу үшін **Шоттар жөніндегі ақпарат** бөліміне өтіңіз.



Ескертпе. Қағаз бетінің екі жағы парақ болып саналады. Екі жағында да мөрі бар екі таңба болып есептеледі.

Экранда принтердің сериялық көмірі, қара-ақ таңбалардың саны, таңбалардың жалпы саны және «Пайдалану есептегіштері» қосымшасы көрсетіледі.

3. Пайдалану есептегіштерін қарап шығу және жаңарту үшін **Пайдалану есептегіштері** бөліміне өтіңіз.
4. Мәзірде есептегіштері таңдаңыз және тексеріңіз.
 - Таңбалар есептегіштері
 - Беттер есептегіштері
 - Табыст. Кескіндемелер есептегіштері
 - Факс кескіндемелерінің есептегіштері
 - Барлық пайдалану есептегіштері
5. Есептегіштер деректерін жаңарту үшін **Есептегіштерді жаңартуға** өтіңіз және таңдаңыз.

Ақаулықтарды жою

Тараудың мазмұны:

• Жалпы ақаулықтарды жою	134
• Қағаздың тұрып қалуы.....	139
• Басып шығару сапасымен қиындықтар	156
• Көшірмелеу және сканерлеу кезіндегі қиындықтар.....	160
• Факспен қиындықтар.....	161
• Көмек алу.....	164

Жалпы ақаулықтарды жою

Осы бөлімде ақаулықтарды іздеу және жою процедуралары келтірілген. Бірқатар қиындықтарды принтерді қайта жүктей отырып, жоюға болады.

Принтерді қайта жүктеу

Принтерді қайта жүктеу туралы мәліметтерді [Принтерді қосу және сөндіру](#) бөлімінен қараңыз.



Ескертпе. Егер принтерді қайта жүктеу жолымен ақаулық жойылмайтын болса, [Принтер қосылмайды](#) және [Принтер жиі қайта жүктеледі немесе ажыратылады](#) бөлімдерін қараңыз.

Принтер қосылмайды

Ықтимал себептері	Шешімдер
Принтер қосылмаған.	Принтерді қосыңыз. Принтерді қосу және сөндіру бөлімін қараңыз.
Қуат көзі баусымының ашасы розеткаға сенімсіз қосылған.	Принтердің сөндірілгеніне көз жеткізіңіз, және қуат көзі баусымын розеткаға сенімді қосыңыз. Принтерді қосу және сөндіру бөлімін қараңыз.
Принтер қосылған розетка жарамсыз.	- Розеткаға басқа электр аспабын қосыңыз және ол жұмыс істей ме, қараңыз. - Басқа розетканы байқап көріңіз.
Принтер аппараттың техникалық сипаттамаларына сәйкес келмейтін кернеуі немесе жиілігі бар желі розеткасына қосылған.	Принтерге арналған талаптарға сәйкес келетін қуат көзін пайдаланыңыз. Принтерді қосу және сөндіру бөлімін қараңыз.



Назар аударыңыз! Жерге тұйықтауы бар үш желілі баусымның ашасын тікелей айнымалы тоқ желісінің жерге тұйықталған розеткасына қосыңыз.

Принтер жиі қайта жүктеледі немесе ажыратылады

Ықтимал себептері	Шешімдер
Қуат көзі баусымының ашасы розеткаға дұрыс қойылмаған.	Принтерді сөндіріңіз. Принтерді қосудың алдында қуат көзінің баусымы принтерге және розеткаға дұрыс
Жүйелік қателік орын алған.	Принтерді сөндіріңіз және қайта қосыңыз. Қателіктер журналының есебін басып шығару үшін, принтерді басқару панелінде Өзіне қызмет көрсету (?) батырмасын басыңыз. Қателер туралы хабарламаны таңдаңыз және Басып шығару басыңыз. Егер қателік жойылмаса, Xerox® өкілдігіне

Ықтимал себептері	Шешімдер
Принтер үздіксіз қуат көзіне қосылған.	Принтерді сөндіріңіз және қуат көзі баусымының ашасын сәйкесінше розеткаға қосыңыз.
Принтер басқа үлкен қуатты электр аспаптармен бірге қуат тармақтағышқа қосылған.	Принтерді розеткаға тікелей немесе үлкен қуатты басқа электр құралдары қосылмаған тармақтағыш арқылы қосыңыз.

Құжат көрсетілген науадан емес басып шығарылады

Ықтимал себептері	Шешімдер
Қосымшада және принтер драйверінің интерфейсында әртүрлі науалар берілген.	1 Принтер драйверінің интерфейсында таңдалған науаны тексеріңіз. 2 Басып шығару орындалатын қосымшада парақтар баптауларына немесе принтер параметрлеріне өтіңіз. 3 Принтер драйверінің интерфейсында таңдалған науаға сәйкес келетін қағаз көзін көрсетіңіз, немесе Автотаңдау

Автоматты екі жақты басып шығару кезіндегі қиындықтар

Ықтимал себептері	Шешімдер
Қолдау көрсетілмейтін немесе сәйкес келмейтін қағаз.	Қолданылатын қағаздың форматы мен тығыздығы екі жақты басып шығару үшін жарамды екеніне көз жеткізіңіз. Екі жақты басып шығаруды конверттер мен жапсырмаларда орындамаңыз.
Дұрыс емес баптау.	Принтер драйверінің интерфейсында Принтердің баптауы > Екі жағына да басып шығару таңдаңыз.  Ескертпе. Бұл баптау басып шығару орындалатын қосымшаға байланысты.

Қағазға арналған науа жабылмайды

Ықтимал себебі	Шешім
Науа қандай да бір кедергімен бұғатталады.	Науадағы кедергіні жойыңыз.

Басып шығару тым көп уақыт алады

Ықтимал себептері	Шешімдер
Принтерде басып шығарудың баяу режімі орнатылған. Мысалы, басып шығару баптауы тығыз қағазға орнатылуы мүмкін.	Бірқатар түрлерді арнайы қағазда басып шығару көп уақыт алады. Драйвер интерфейсінде және принтерді басқару панелінде қағаздың дұрыс түрі көрсетілгеніне көз жеткізіңіз. Басып шығару жылдамдығы
Принтер энергия үнемдеу режімінде орналасқан.	Энергия үнемдеу режімінен шығу кезінде басып шығарудың басталуы кешігуі
Принтерді желіде орнату нұсқасы.	Бәлкім, басып шығару спулери немесе принтерді пайдаланатын компьютер буферге барлық басып шығару жұмыстарын орналастырады, содан кейін кезекті принтерге береді. Буферлеу басып шығару жылдамдығын төмендетуі мүмкін. Басып шығару жылдамдығын тексеру үшін ақпараттық беттерді басып шығарыңыз, мысалы офистік баспаның демонстрациялық парағын. Егер номиналды жылдамдықпен басып шығарылса, оның себебі желінің немесе принтердің жарамсыздығы болуы
Күрделі басып шығару жұмысы.	Басып шығару жұмысының аяқталғанын
Басып шығаруға арналған драйвер интерфейсінде «Жоғары сапа» режімі орнатылған.	Басып шығару сапасының режімі үшін Стандартты баптауын таңдаңыз.

Жұмыс басып шығарылмайды

Ықтимал себептері	Шешімдер
Принтердің қателігі.	- Қатені алып тастау үшін принтерді сөндіріңіз және она қайтадан қосыңыз. - Егер қателік жойылмаса, Xerox® өкілдігіне хабарласыңыз.
Принтерде қағаз жоқ.	Науаға қағаз салыңыз. Науаларға қағаз салу бөлімін қараңыз.
Картриджде тонер бітіп қалды	Бос тонер-картриджді ауыстырыңыз. Тонер-картриждерді ауыстыру бөлімін
Қуат көзі баусымының ашасы розеткаға сенімсіз қосылған.	Принтерді сөндіріңіз және қуат көзінің баусымы принтерге және розеткаға дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз. Принтерді қосыңыз. Принтерді қосу және сөндіру бөлімін қараңыз. Егер қателік жойылмаса,

Ықтимал себептері	Шешімдер
Принтер бос емес.	• Себебі алдыңғы басып шығару жұмысымен проблема болуы мүмкін. Компьютерде «Принтерді сипаттары» атқарымының көмегімен баспа кезектеріндегі барлы жұмыстарды жойыңыз. • Науаға қағаз салыңыз. • Принтерді басқару панелінде Жұмыс мәртебесі батырмасын басыңыз. Егер басып шығару жұмысы Белсенді жұмыстар немесе Орындалғандар тізімінде көрінбейтін болса, принтердің компьютерге Ethernet-қосылысын тексеріңіз. Принтерді сөндіріңіз және қайтадан қосыңыз. • Принтерді басқару панелінде Жұмыс мәртебесі батырмасын басыңыз. Егер басып шығару жұмысы Белсенді жұмыстар немесе Орындалғандар тізімінде көрінбейтін болса, принтердің компьютерге USB-қосылысын тексеріңіз. Принтерді сөндіріңіз және қайтадан қосыңыз.
Принтердің кабелі қосылмаған.	• Принтерді басқару панелінде Жұмыс мәртебесі батырмасын басыңыз. Егер басып шығару жұмысы Белсенді жұмыстар немесе Орындалғандар тізімінде көрінбейтін болса, принтердің компьютерге Ethernet-қосылысын тексеріңіз. Принтерді сөндіріңіз және қайтадан қосыңыз. • Принтерді басқару панелінде Жұмыс мәртебесі батырмасын басыңыз. Егер басып шығару жұмысы Белсенді жұмыстар немесе Орындалғандар тізімінде көрінбейтін болса, принтердің компьютерге USB-қосылысын

Принтердегі бөгде шуыл

Ықтимал себептері	Шешімдер
Принтердің ішінде кедергілер бар.	1 Принтерді суырыңыз. 2 Кедергіні жойыңыз.  Ескертпе. Егер кедергіні жою мүмкін болмаса, Xerox® өңірлік өкілдігіне хабарласыңыз.

Принтердің ішіндегі конденсация

Принтердің ішіндегі ылғалдың конденсациясы ауаның ылғалдылығы 85% - дан асқанда немесе суық принтер жылы үй-жайда болғанда пайда болуы мүмкін. Сонымен қатар, конденсация принтер тез қыза бастайтын суық үй-жайда болғанда пайда болуы мүмкін.

Ықтимал себептері	Шешімдер
Принтер суық үй-жайда болған.	- Жұмыс бастаудың алдында принтер жағдайларға бейімделуі үшін бірнеше сағат тұруға мүмкіндік беріңіз. - Принтерге бөлме температурасында жұмыс істеуге мүмкіндік беріңіз.
Үй-жайда салыстырмалы ылғалдылық тым жоғары.	- Үй-жайдағы ылғалдылықты төмендету қажет. - Принтерді температура мен салыстырмалы ылғалдылық техникалық пайдалану шарттарына сәйкес келетін жерге орнатыңыз. Салыстырмалы ылғалдылық бөлімін

Тонер-картридждің жай-күйі туралы хабарламалар

Тонер-картридждің қызмет ету мерзімі соңына жеткенде, Басқару панелінде "Тонер аз" деген хабарлама шығады. Тонер-картридж босаған кезде, басып шығару тоқтатылады және Басқару панелінде тиісті хабарлама шығады.



Ескертпе. Әрбір тонер-картриджге орнату жөніндегі нұсқаулық қоса беріледі.

Принтердің жай-күйі туралы хабарлама	Себебі және шешімі
«Тонер аз» мәртебесі. Жаңа тонер-картридждің бар екеніне көз жеткізіңіз.	Картриджде тонер бітіп келеді. Жаңа тонер-картриджге тапсырыс беру.
Тонер-картриджді ауыстырыңыз.	Картриджде тонер бітіп қалды. Алдыңғы қақпағын ашыңыз және тонер-картриджді ауыстырыңыз.

Принт-картридждің жай-күйі туралы хабарламалар

Принт-картридждің қызмет ету мерзімі соңына жеткенде, Басқару панелінде тиісті хабарлама шығады. Принт-картридждің қызмет ету мерзімі аяқталғанда, тиісті хабарлама көрсетіледі, бірақ басып шығару қолжетімді болады.



Ескертпе. Әрбір принт-картриджге орнату жөніндегі нұсқаулық бірге беріледі.

Принтердің жай-күйі туралы хабарлама	Себебі және шешімі
Принт-картридждің қызмет ету мерзімі аяқталып келеді. Жаңа принт-картридждің бар екеніне көз жеткізіңіз.	Принт-картридждің қызмет ету мерзімі аяқталып келеді. Жаңа принт-картриджге тапсырыс беру.
Принт-картридж тозған. Принт-картриджді ауыстырыңыз.	Принт-картриджді ауыстыру қажет. Алдыңғы және бүйір қақпақтарды ашыңыз және принт-картриджді ауыстырыңыз.

Қағаздың тұрып қалуы

Қағаздың тұрып қалуының алдын алу

Херох® қолдайтын қағаз түрлерін пайдаланған кезде, тұрып қалу айтарлықтай сирек орын алады. Қағаздың басқа түрлерін пайдаланған кезде тұрып қалу айтарлықтай жиі болады. Егер принтерге арналған қағаз беру жолының қандай да бір учаскесінде орын алса, осы учаскені тазалаңыз.

Келесі факторлар қағаздың тұрып қалуына әкелуі мүмкін:

- басып шығару драйверінде қағаздың дұрыс емес түрін таңдау,
- бүлінген қағазды пайдалану,
- қолдау көрсетілмейтін қағазды пайдалану,
- қағазды дұрыс жүктемеу,
- науаны асыра толтыру,
- қағаз бағыттаушысының дұрыс емес реттелуі.

Көптеген жағдайларда келесі ережелерді сақтай отырып, тұрып қалудың алдын алуға болады:

- Принтерге арналған қағазды пайдаланыңыз. [Қағаздың қолдау көрсетілетін түрлері](#) бөлімін қараңыз.
- қағазды сақтау және жүктеу ережелерін сақтаңыз;
- әруақытта таза зақымданбаған қағазды қолданыңыз;
- бұралған, жыртылған, ылғалды, мыжылған қағазды немесе бүктелген қағазды қолдануды болдырмаңыз;
- қағаз парақтарын бөлу үшін оларды науаға жүктердің алдында таратыңыз;
- науаны толтыру деңгейін сақтаңыз – науаны асыра толтырмаңыз;
- науаға қағаз сала отырып, бағыттаушыларды науаға қағаздың өлшемі бойынша салыңыз; Бағыттаушыларды дұрыс емес орнату баспа сапасының нашарлауына, қате берілуіне, таңбалардың қисаюына және принтердің бұзылуына алып келуі мүмкін;
- қағазды науаға сала отырып, басқару панелінде оның түрі мен форматын дұрыс таңдаңыз,
- принтер драйверінің интерфейсінде басып шығару жұмысына арналған қағаздың дұрыс түрі мен форматын таңдаңыз;
- қағазды құрғақ жерде сақтаңыз;
- тек қана осы принтерге арналған Херох® қағазын қолданыңыз.

Келесіге рұқсат етілмейді:


- использование бумаги с полиэфирным покрытием, предназначенной для струйной печати;
- ағынды басып шағырауға арналған полиэфирлік жабындысы бар қағазды қолдану;
- мыжылған, бұралған қағаз немесе бүктелген қағаз;
- науаға әртүрлі типтегі, форматтағы және тығыздықтағы қағаздарды біруақытта жүктеу;
- науалардың толып кетуі;
- шығу науасының толып кетуі;

Тұрып қалған қағазды табу

⚠ ЕСКЕРТУ. Жарақат алуды болдырмау үшін қыздырғыш біліктегі және оған жақын жердегі фьюзердегі жапсырмалары бар аймаққа қол тигізбеңіз. Егер қағаз парағы қыздырғыш білікке оралып қалса, оны бірден шығаруға тырыспаңыз. Принтерді сөндіріңіз және фьюзер салқындағанша 30 минут күте тұрыңыз. Принтер салқындағаннан кейін тұрып қалған қағазды шығарып алыңыз. Егер қателік жойылмаса, Xerox® өкілдігіне хабарласыңыз.

⚠ Назар аударыңыз! Тұрып қалған қағазды шығару кезінде қолда бар құралдар мен аспаптарды пайдаланбаңыз. Қолда бар құралдар мен аспаптарды пайдалану принтерге айтарлықтай зақым келтіруі мүмкін.

Төменде қағаз тұрып қалуы мүмкін жерлер көрсетілген.




- | | |
|--|--|
| 1. Стандартты науа 1 | 6. Түпнұсқалар бергішінің ішкі қақпағы |
| 2. Опционалдық науа 2 | 7. Бүйір қақпақ |
| 3. Тонер- және принт-картридждер учаскесі | 8. Айналмалы науа |
| 4. Түпнұсқалардың опционалдық бергішінің жоғарғы қақпағы | 9. Опционалдық науаның 2 бүйір қақпағы |
| 5. Түпнұсқалардың опционалдық кіріс науасы | |


Тұрып қалған қағазды шығарып алу

Түпнұсқалар бергішінен тұрып қалған қағазды шығарып алу


1. Түпнұсқаларды бергіштен құжаттарды алып тастаңыз.
2. Түпнұсқаларды бергіштің жоғарғы қақпағын ашыңыз.




3. Егер қағаз түпнұсқаларды бергіштен шығар кезде тұрып қалса, оны мұқият өзіңізге қарай тартыңыз.




4. Егер қағаз түпнұсқаларды бергіштің кірер жерінде тұрып қалса, оны мұқият жоғары тартыңыз.




5. Егер тұрып қалған қағаз көрінбейтін болса, келесінің орындаңыз.
- а. Жоғарғы қақпағын ашыңыз және түпнұсқаларды бергіштің кіріс науасын көтеріңіз.




- б. Тұрып қалған қағазды өзіңізге мұқият тартыңыз.



- с. Бергіштің науасын түсіріңіз.




6. Түпнұсқалар бергішінің жоғарғы қақпағын жабыңыз.




7. Тұрып қалған қағазды түпнұсқаларды бергіштің ішкі қақпағынан шығарып алу үшін, келесіні орындаңыз.


- a. Түпнұсқаларды бергішті көтеріңіз.



- b. Тұрып қалған қағазды мұқият шығарып алыңыз.



- с. Түпнұсқаларды бергішті жабыңыз.



8. Тұрып қалған қағазды түпнұсқаларды бергіштің кіру науасына шығарып алыңыз.
9. Түпнұсқаларды қайтадан бергіштің кіру науасына салыңыз және бағыттаушыларды қағаз беттерінің жиектеріне орнатыңыз.


Тұрып қалған қағазды 1 наудан шығарып алу

Басқару панеліндегі қателік туралы хабарламаны алып тастау үшін, тұрып қалған қағазды беру жолынан шығарып алу қажет.




Ескертпе. Егер тұрып қалған қағазды осы процедураның көмегімен шығарып алу мүмкін болмаса, [Принтерден тұрып қалған қағазды шығарып алу](#) бөлімін қараңыз.

1. Ілгекті қысыңыз және принтердің бүйір қақпағын ашыңыз.




2. Тұрып қалған қағазды принтердің бүйір бөлігінен шығарып алу үшін, оны өзіңізге тартыңыз.


3. 1 науадан тұрып қалған қағазды шығарып алу үшін, осы науаны тірелгенге дейін жылжытыңыз.



4. Тұрып қалған қағазды 1 науадан шығарып алу үшін, оны мұқият өзіңізге тартыңыз.



5. Науаны жабу үшін, оны принтерге жылжытыңыз.



6. Егер басқару панелінде сұрату пайда болса, Қағаз параметрлері экранында қағаз форматын, түрін және түсін растаңыз.
7. **Растау** батырмасын басыңыз.


Тұрып қалған қағазды 2 опционалдық науадан шығарып алу

Басқару панеліндегі қателік туралы хабарламаны алып тастау үшін, тұрып қалған қағазды беру жолынан шығарып алу қажет.




Ескертпе. Егер тұрып қалған қағаз алынбайтын болса немесе 2 опционалдық науа учаскесінде болмай шықса, [Принтерден кептелген қағазды шығарып алу](#) бөлімін қараңыз.


1. Ілгекті қысыңыз және принтердің бүйір қақпағын ашыңыз.



2. Тұрып қалған қағазды принтердің бүйір бөлігінен шығарып алу үшін, оны өзіңізге тартыңыз.
3. Тұрып қалған қағазды 2 опционалдық науадан шығарып алу үшін, осы науаны тірелгенге дейін жылжытыңыз.




4. Тұрып қалған қағазды 2 опционалдық науадан шығарып алу үшін, қағазды мұқият көтеріңіз және оны өзіңізге тартыңыз.




5. Егер тұрып қалған қағаз алынбаса немесе 2 опционалдық науада болмай шықса, келесіні орындаңыз.


- а. 1 науаны жылжытыңыз.




- б. Тұрып қалған қағазды шығарып алу үшін, оны мұқият жоғары тартыңыз.



с. 1 науаны жылжытыңыз.




6. 2 опционалдық науаны жылжытыңыз.



7. Тұрып қалған қағазды 2 опционалдық науаның бүйір қақпағының астынан шығарып алу үшін, келесіні орындаңыз:
 - а. Қақпақты ашу үшін, 2 науаның бүйір қақпағының тұтқасынан тартыңыз.
 - б. Тұрып қалған қағазды шығарып алу үшін оны мұқият өзіңізге тартыңыз.
8. Егер басқару панелінде сұрату пайда болса, «Қағаз параметрлері» экранында қағаздың форматын, түрін және түсін растаңыз
9. **Растай** батырмасын басыңыз.

Тұрып қалған қағазды айналмалы науадан шығарып алу


1. Тұрып қалған қағазды шығарып алу үшін, оны өзіңізге тартыңыз.



2. Егер қағаз жыртылған болса, принтердің ішінде үзіктерінің қалмағанын тексеріп, оларды мұқият шығарып алыңыз. Егер қағаз үзіктері шығарылмайтын болса, Xerox® өкілдігіне хабарласыңыз.
3. Қағазды айналмалы науаға салудың алдында парақтарды бұрыштары бойынша тегістеу үшін, желпіп алыңыз.
4. Егер басқару панелінде сұрату пайда болса, «Қағаз параметрлері» экранында қағаздың форматын, түсін және түрін растаңыз.
5. **Растау** батырмасын басыңыз.

Тұрып қалған қағазды шығу науасынан шығарып алу


1. Шығу науасының учаскесінде тұрып қалған қағазды шығарып алыңыз, оны мұқият өзіңізге тартыңыз.




2. Егер қағаз жыртылып, шығарылмайтын болса, [Принтерден тұрып қалған қағазды шығарып алу](#) бөлімін қараңыз.
3. Қажеттілігіне қарай басып шығаруды жаңарту үшін принтерді басқару панелінде көрінетін қалған нұсқауларды орындаңыз.

Екі жақты басып шығару учаскесінде тұрып қалған қағазды шығарып алу


1. Ілгекті қысыңыз және принтердің бүйір қақпағын ашыңыз.




2. Тұрып қалған қағазды шығарып алу үшін, оны мұқият жоғары тартыңыз.



3. Егер қағаз роликте кептеліп қалса, роликті мұқият көтеріңіз және қағазды өзіңізге тартыңыз.



4. Тұрып қалған қағазды шығарып алғаннан кейін бүйір қақпақты жабыңыз.




5. Егер басқару панелінде сұрату пайда болса, Қағаз параметрлері экранында қағаздың форматын, түрін және түсін растаңыз.
6. **Растау** батырмасын басыңыз.

Принтерден тұрып қалған қағазды шығарып алу




Ескертпе. Егер тұрып қалған қағазды принтерден осы процедураның көмегімен шығарып алу мүмкін болмаса, Xerox® өкілдігіне хабарласыңыз.


1. Ілгекті қысыңыз және принтердің бүйір қақпағын ашыңыз.




2. Тұрып қалған қағазды тауып алыңыз.
 - a. Егер сіз тұрып қалған қағазды тауып алсаңыз, оны мұқият өзіңізге тартыңыз.




- b. Егер қағаз принт-картридждің жанына тұрып қалса, оны алдымен төмен, содан кейін өзіңізге тартыңыз.




- c. Егер қағаз жоғарғы роликте тұрып қалса, фьюзердің қақпағын төмен тартыңыз және қағазды өзіңізге суырып алыңыз.



- d. Егер қағаз тасымалдау роликінде тұрып қалса, роликті мұқият көтеріңіз және қағазды өзіңізге тартыңыз.




- e. Егер тұрып қалған қағазды өзіңізге тарту мүмкін болмаса, оны мұқият жоғары тартыңыз.



Ескертпе. Егер осыдан кейін де тұрып қалған қағазды тартып шығару мүмкін болмаса, Xerox® сервистік өкіліне хабарласыңыз.

3. Тұрып қалған қағазды шығарып алғаннан кейін бүйір қақпақты жабыңыз.



4. Егер басқару панелінде сұрату пайда болса, Қағаз параметрлері экранында қағаздың форматын, түрін және түсін растаңыз.
5. **Растау** батырмасын басыңыз.

Қағаздың тұрып қалуын жою

Бірнеше парақты біруақытта беру

Ықтимал себептері	Шешімдер
Науаға шамадан тыс көп қағаз жүктелген.	Қағаздың жартысын алып тастаңыз. Қағазды науаны максималды жүктеу сызығынан жоғары салмаңыз.
Қағаз жиектерін тегістелмеген.	Қағазды шығарыңыз, жиектерінің тегістеңіз және қағазды науаға қайта салыңыз.
Жоғары ылғалдың әсерінен қағаз ылғалданған.	Қағазды науадан шығарып алыңыз және оны жаңа құрғақ қағаз бумасымен ауыстырыңыз.
Статикалық электрдің үлкен заряды жинақталған.	Принтерге жаңа қағаз салыңыз.
Бұл қағаз принтерге арналмаған.	Тек қана Херох компаниясымен ұсынылған қағазды қолданыңыз. Қағаздың қолданылатын түрлері бөлімін қараңыз.

Қағазды дұрыс емес беру

Ықтимал себептері	Шешімдер
Қағаз науада дұрыс орналаспаған.	- Дұрыс берілмеген қағазды шығарып алыңыз және оны науаға дұрыс салыңыз. - Бағыттаушыларды науада олар қағаз форматтарына сәйкес келетіндей етіп орнатыңыз.
Науада қағаз тым көп.	Қағаздың жартысын алып тастаңыз. Қағазды науаны максималды жүктеу сызығынан жоғары салмаңыз.
Науадағы бағыттаушылар қағаздың өлшемі бойынша реттелмеген.	Науадағы бағыттаушыларды қағаз форматына сәйкес келетіндей етіп реттеңіз.
Науадағы қағаз жыртылған немесе мыжылған.	Қағазды шығарып алыңыз, оны тегістеңіз және науаға қайта салыңыз. Егер қағаз қате берілетін болса, оны қолданбаңыз.
Қағаз жоғары ылғалдың әсерінен ылғалданған.	Ылғалданған қағазды алып тастаңыз және оны құрғағымен ауыстырыңыз.
Сәйкес келмейтін форматтағы, тығыздықтағы немесе түрдегі қағаз.	Тек қана Xerox компаниясымен ұсынылған қағазды қолданыңыз. Қағаздың қолданылатын түрлері бөлімін қараңыз.

Қағаздың тұрып қалуы туралы хабарлама жоғалмайды

Ықтимал себептері	Шешімдер
Кептелген қағаздың бір бөлігі принтерде қалып қойды.	Қағаз жолын тексеріңіз. Ішінде кептелген қағаз қалмағанына көз жеткізіңіз.
Принтер қақпақтарының бірі ашық.	Принтер қақпақтарын тексеріңіз. Барлық ашық қақпақтарды жабыңыз.



Ескертпе. Беру жолында қағаз үзіктерінің болуын тексеріңіз және оларды шығарып алыңыз.

Автоматты екі жақты басып шығару кезіндегі кептелу

Ықтимал себептері	Шешімдер
Сәйкес келмейтін форматтағы, тығыздықтағы немесе түрдегі қағаз.	- Тек қана Xerox компаниясымен ұсынылған қағазды қолданыңыз. - Автоматты екі жақты басып шығару үшін қолданылған, бүлінген қағазды және тығыздығы 140 г/м² жоғары қағазды қолданбаңыз.
Қағаз сәйкес келмейтін науаға салынған.	Қағазды сәйкес келетін науаға салыңыз. Қағаздың қолданатын түрлері бөлімін қараңыз.
Науаға әртүрлі типтегі қағаздар салынған.	Науаға біркелкі түрдегі және форматтағы қағаздар салу керек.

Басып шығару сапасымен қиындықтар

Принтер жоғары сапалы таңбаларды тұрақты алуға мүмкіндік береді. Басып шығару сапасына қатысты қиындықтар болса, осы бөлімде келтірілген мәліметтерді сол қиындықтарды анықтау және жою үшін пайдаланыңыз. Егжей-тегжейлі мәліметтер www.xerox.com/office/B1022_B1025support бөлімінде келтірілген.



Назар аударыңыз! Xerox® кепілдігі, Xerox® компаниясының қызмет көрсету туралы келісімі және Total Satisfaction Guarantee кепілдігі (Жалпы сапа кепілдігі) қолданбайтын қағазды және басқа да баспа материалдарын пайдаланумен туындаған сынуларға қолданылмайды. Total Satisfaction Guarantee кепілдігі (Жалпы сапа кепілдігі) АҚШ-та және Канадада әрекет етеді. Басқа өңірлерде өзге кепілдік шарттар әрекет етуі мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін Xerox® өңірлік өкілдігіне хабарласыңыз.



Ескертпе. Басып шығарудың тұрақты сапасын қамтамасыз ету үшін тонер-картридждер мен кескіндемені қалыптастыру боктары белгілі бір қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін жұмыс істеуді тоқтатады.

Басып шығару сапасын бақылау

Таңбалардың сапасына түрлі факторлар әсер етуі мүмкін. Басып шығарудың тұрақты және оңтайлы сапасын қамтамасыз ету үшін, осы принтерге арналған қағазды пайдалану керек, сондай-ақ қағаз түрін дұрыс көрсету керек. Басып шығарудың оңтайлы сапасын қамтамасыз ету үшін осы бөлімде көрсетілген нұсқауларды орындаңыз. Таңбалар сапасы температураға және ылғалдылыққа байланысты. Басып шығарудың оңтайлы сапасы 10–30° C (50–86° F) температура және 20–80% ауа ылғалдылығы кезінде қамтамасыз етіледі.


Басып шығару сапасымен болатын қиындықтарды жою





Басып шығару сапасы төмен болған жағдайда, келесі кестеде ақаулықтың барынша ұқсас белгісін таңдап, оны жою үшін тиісті шешімді пайдаланыңыз. Басып шығару сапасы қиындығын дәл анықтау үшін демонстарциялық бетті басып шығаруға болады.


Егер сәйкесінше әрекеттерді орындағаннан кейін басып шығару сапасы жақсармаса, Xerox® өкілдігіне хабарласыңыз.



Ескертпе. Тонер біткен кезде, басып шығару сапасын сақтау үшін басқару панеліне ескерту шығарылады. Тонер картриджде қалмаған кезде, принтер басып шығаруды тоқтатады және тонер-картриджді ауыстыру туралы нұсқауы бар ескерту шығарылады. Жаңа тонер-картридж қойылғанша басып шығару қолжетімсіз болады.

Белгісі	Шешімдері
Кескіндеме тым ашық. 	- Тонер деңгейін басқару панелінде, принтер драйверінің интерфейсында немесе Xerox® CentreWare® Internet Services қосымшасында тексеруге болады. Егер тонер-картридж бос болса, оны ауыстыру керек. - Осы тонер-картридж принтерге арналғанына көз жеткізіңіз, және қажет болса оны ауыстырыңыз. Барынша жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін фирмалық Xerox® тонер-картридждерін қолданыңыз. - Басып шығару сапасының режімі үшін «Тонерді үнемдеу» мәні орнатылмағанына көз жеткізіңіз. Тонерді үнемдеу режімі қара басып шығаруға арналған. - Қағазды ұсынылатын түрдегі және форматтағы қағазға ауыстырыңыз және принтердегі және драйвер интерфейсында материал баптаулары дұрыс екеніне көз жеткізіңіз. - Қағаздың құрғақ және принтермен қолданылатынына көз жеткізіңіз. Қажеттілігіне қарай қағазды ауыстырыңыз. - Принтер драйверінің интерфейсында Қағаз түрі бөлімінде баптауларды өзгертіңіз. Драйвер терезесінде Басып шығару параметрлері мәзірін ашыңыз, Қағаз/Шығару қосымшасына өтіңіз және Қағаз түрі баптауын өзгертіңіз. - Принтерді теңіз деңгейінен едәуір биіктікте орналастырған кезде биіктік баптауын орнатыңыз. Қосымша мәліметтерді www.xerox.com/
Тонер таңбаларда жағылады немесе өшіріледі. Таңбалардың артқы жағындағы дақтар. 	- Принтер драйверінің интерфейсында Қағаз түрі бөліміндегі баптауды өзгертіңіз. Драйвер терезесінде Басып шығару параметрлері мәзірін ашыңыз, Қағаз/Шығару қосымшасына өтіңіз және Қағаз түрі баптауын өзгертіңіз. Мысалы, Кәдімгі түрдің орнына Жұқа картотекалық нұсқасын таңдаңыз. - Қағаздың форматын, түрін және тығыздығының баптауын тексеріңіз. Қажеттілігіне қарай қағаз баптауын ауыстырыңыз. - Принтер электр қуат көзінің дұрыс параметрлері бар желі розеткасына қосылғанына көз жеткізіңіз. Қажеттілігіне қарай маманмен бірге электр техникалық сипаттамаларды тексеріңіз. - Егжей-тегжейлі мәліметтер Электр қуат көзі
Таңбалардағы еркін орналасқан дақтар немесе бұлыңғыр кескіндеме.	- Тонер-картридж дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. - Берілген тонер-картридж принтерге арналғанына көз жеткізіңіз, қажет

Белгісі	Шешімдері
	оны ауыстырыңыз. Барынша жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін фирмалық Xerox® тонер-картридждерді пайдаланыңыз. - Қағаз түрін баптау үшін «Тығыз» немесе «Карточкалар» мәнін орнатыңыз немесе барынша тегіс беті бар қағазды қолданып көріңіз. - Үй-жайдағы ылғалдылық талаптарға сәйкес екендігіне көз жеткізіңіз. Салыстырмалы ылғалдылық бөлімін қараңыз. Принтерге арналған орнату орнын бөлімін қараңыз.
Таңба бос. 	Принтерді сөндіріңіз және қайта қосыңыз. Егер қателік жойылмаса, Xerox® өкілдігіне хабарлсыңыз.
Таңбадағы жолақтар. 	Жаңа принт-картриджде тапсырыс беріңіз. Принт-картриджді ауыстыру кезінде жаңа картриджде қоса берілген нұсқаулықты орындаңыз.
Таңбадағы дақтар. 	- Қағаздың форматын, түрін және тығыздығын тексеріңіз. Қажеттілігіне қарай қағаз баптауын өзгертіңіз. - Ылғалдылық қойылатын талаптарға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Принтерге арналған орнату орнын таңдаңыз бөлімін қараңыз.
Таңбадағы бөгде кескіндеме.	- Қағаздың форматын, түрін және тығыздығын тексеріңіз. Қажеттілігіне қарай қағаз баптауын өзгертіңіз. - Принтер драйверінің интерфейсінде Қағаз түрі бөліміндегі баптауды өзгертіңіз. Драйвер терезесінде Басып шығару параметрлері мәзірін ашыңыз, Қағаз/Шығару қосымшасына өтіңіз және Қағаз түрі баптауын өзгертіңіз.

Белгісі	Шешімдері
	Жаңа принт-картриджге тапсырыс беріңіз. Принт-картриджді ауыстыру кезінде жаңа картриджге қоса берілген нұсқаулықты орындаңыз.
Таңбадағы диагоналды жолақтар. 	- Тонердің деңгейін басқару панелінде, принтер драйверінің интерфейсында немесе Xerox® CentreWare® Internet® Services қосымшасында тексеруге болады. Егер тонер-картриджде бос болса, оны ауыстырыңыз. - Осы тонер-картридждің принтерге арналғанына көз жеткізіңіз, және қажеттілігіне қарай оны ауыстырыңыз. Барынша жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін фирмалық Xerox® тонер-картридждерін қолданыңыз. - Жаңа принт-картриджге тапсырыс беріңіз. Принт-картриджді ауыстыру кезінде жаңа картриджге қоса берілген нұсқаулықты орындаңыз.
Таңбаның иленуі немесе ластануы. 	- Басып шығару үшін сәйкесінше форматтағы, түрдегі және тығыздықтағы қағаз қолданылатынына және науаға дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз. Қажеттілігіне қарай қағазды ауыстырыңыз. - Принтерге қағаздың жаңа орамын салыңыз. - Принтер драйверінің интерфейсында Қағаз түрі бөліміндегі баптауды өзгертіңіз. Драйвер терезесінде Басып шығару параметрлері мәзірін ашыңыз, Қағаз/Шығару қосымшасына өтіңіз және Қағаз түрі баптауын өзгертіңіз.
Дұрыс емес жоғарғы өріс. 	- Қағаздың дұрыс салынғанын тексеріңіз. - Пайдаланылатын қосымшада өрістердің дұрыс орнатылғанын тексеріңіз. - Принтерді басқару панеліндегі «Қағаз параметрлері» бөлімінде қағаз бағдары дұрыс көрсетілгеніне көз жеткізіңіз.

Көшірмелеу және сканерлеу кезіндегі қиындықтар

Егер көшірменің немесе сканерленген құжаттың сапасы қанағаттанарлықсыз болса, келесі кестені қараңыз.

Белгілері	Шешімдері
Сызықтар немесе жолақтар түпнұсқалар бергішінен орындалған көшірмелерде ғана пайда болады.	Экспонирлеу шынысының ластануы. Сканерлеу кезінде түпнұсқалар бергішінен қағаз ластанған учаскеден өтеді, бұл сызықтың немесе жолақтың пайда болуына әкеледі. Барлық шыны беттерді түксіз
Дақтар экспонирлеу шынысынан жасалған көшірмелерде пайда болады.	Экспонирлеу шынысының ластануы. Сканерлеу кезінде ластанудың әсерінен кескіндемеде дақтар пайда болады. Барлық шыны беттерді түксіз матамен сүртіңіз.
Көшірмеде немесе сканерлеу кескіндемесінде түпнұсқаның кері жағының көрінуі.	Фонды басу таңдаңыз.
Кескіндеме аса ашық немесе аса қара.	Кескіндемені жарықтандыру немесе қаралау ету үшін сканерлеу немесе көшірмелеу бөлімінде «Ашығырақ/Қаралау»

Егер қиындық жойылмаса, [www.xerox.com/office/ B1022_B1025support](http://www.xerox.com/office/B1022_B1025support) мекен-жайы бойынша қолдауды пайдаланыңыз.

Факспен қиындықтар



Ескертпе. Егер факстерді жіберу және қабылдау мүмкін болмаса, Xerox принтері ұсынылған немесе сандық телефон жүйесіне қосылғанына көз жеткізіңіз.

Егер факстерді жіберу немесе қабылдау кезінде принтерде қиындықтар туындайтын болса, келесі кестелерді қараңыз.

Факстерді жіберу кезіндегі қиындықтар

Белгілері	Себептері	Шешімдері
Құжатты сканерлеу түпнұсқалар бергішінің көмегімен емес	Құжат тым қалың, тым жұқа немесе өлшемі тым кішкентай.	Факсті жіберу үшін экспонирлеу шынысын қолданыңыз
Құжат қисық сканерленеді.	Түпнұсқалар бергішінің бағыттаушылары құжаттың ені бойынша реттелмеген.	Түпнұсқалар бергішінің бағыттаушыларын құжаттың ені бойынша реттеңіз.
Алушы факсті әлемішті кескіндемемен алады.	Құжат дұрыс орналастырылмаған	Құжатты аппаратқа дұрыс
	Экспонирлеу шынысының ластануы.	Экспонирлеу шынысын тазалаңыз
	Құжаттағы мәтін тым ашық.	Рұқсатты реттеңіз. Контрастылықты реттеңіз.
	Телефон қосылысындағы	Телефон желісін тексеріңіз және факсті жіберуді
	Алушының факсимильді аппаратындағы ақаулық.	Принтердің жарамдылығына көз жеткізу үшін көшірмелеуді орындаңыз. Егер көшірме дұрыс басып шығарылса, алушыдан қабылдайтын факсимильді аппараттың жарамдылығын тексеруді
Алушы бос факсті қабылдайды.	Қағаздың дұрыс салынбауы.	- Түпнұсқалар бергішін қолданған кезде: түпнұсқаны бет жағымен жоғары қаратып салыңыз. - Экспонирлеу шынысын қолданған кезде: түпнұсқаларды беткі жағымен төмен қаратып
Факс жіберілмейді.	Факстің нөмірі дұрыс емес.	Факстің нөмірін тексеріңіз.
	Телефон желісіне дұрыс қосылмау.	Телефон желісіне қосылуды тексеріңіз.

Белгілері	Себептері	Шешімдері
		телефонның баусымы жалғанбаған болса, оны жалғаңыз.
	Алушының факсимильді аппаратының ақаулығы.	Алушымен хабарласыңыз.
	Факс орнатылмаған немесе қосылмаған.	Факстің орнатылғанына және қосылғанына көз жеткізіңіз.
	Факс- сервер қолданылмайды.	Шешім жоқ.

Егер қиындық жойылмаса, [www.xerox.com/office/ B1022_B1025support](http://www.xerox.com/office/B1022_B1025support) мекен-жайы бойынша қолдауды қолданыңыз.

Факстерді қабылдау кезіндегі қиындықтар

Белгілері	Себептері	Шешімдері
Қабылданған факс таза (бос).	Телефон қосылысының немесе жіберушінің факсимильді аппаратының ақаулығы.	Принтердегі көшірмелеу мен таңбалар таза екендігіне көз жеткізіңіз. Егер принтерде таңбалар таза болмаса, жіберушіден факсті тағы да жіберуін сұраңыз
	Жіберуші бетті дұрыс жүктемеген.	Жіберушімен хабарласыңыз.
Принтер қоңырауға жауап береді, бірақ келіп түскен деректерді қабылдамайды.	Принтердің жады жеткіліксіз. Егер жұмыстың құрамында бірнеше графикалық кескіндемелер бар болса, принтерге оны қабылдау үшін жады жетпеуі мүмкін. Егер жады жеткіліксіз болса, принтер жауап бермейді.	Сақталған құжаттар мен жұмыстарды алып тастаңыз және ағымдағы жұмыстың аяқталуын күтіңіз. Сақталған құжаттар мен жұмыстар жойылғаннан кейін бос жадының көлесі ұлғаяды.
Алынған факстің өлшемі басып шығару кезінде кішірейеді.	Принтердегі қағаз жіберілген түпнұсқаның өлшеміне сәйкес келмейді.	Түпнұсқалардың бастапқы өлшемін тексеріңіз. Түпнұсқалардың өлшемі принтердегі қағаз форматына байланысты
Факстер автоматты қабылданбайды.	Принтер үшін факстерді қолмен қабылдау орнатылған.	Автоматты қабылдау режимін қосыңыз
	Принтердің жады толып кеткен.	Егер науа бос болса, қағаз салыңыз және жадыда сақталған факстерді басып шығарыңыз.

Белгілері	Себептері	Шешімдері
	Телефон желісіне дұрыс қосылмау.	Телефон желісіне қосылуды тексеріңіз. Егер телефонның баусымы жалғанбаған болса, оны жалғаңыз.
	Жіберушінің факсимильді аппаратының ақаулығы.	Принтердің жарамдылығына көз жеткізу үшін көшірмелеуді орындаңыз. Егер көшірме дұрыс басып шығарылса, алушыдан қабылдайтын факсимильді аппараттың жарамдылығын тексеруді

Егер қиындық жойылмаса, транится, [www.xerox.com/office/ B1022_B1025support](http://www.xerox.com/office/B1022_B1025support) мекен-жайы бойынша қолдауды пайдаланыңыз.

Көмек алу

Басып шығарудың жоғары сапасын және өнімділік деңгейін тиісті деңгейін қамтамасыз ету үшін Xerox® компаниясы автоматты диагностика құралдарын ұсынады.

Басқару панеліндегі хабарламалар

Принтерді басқару панелінде ақаулықтарды жою жөніндегі ақпарат пен нұсқаулар шығарылады. Егер ақаулық немесе ескертулер жағдайы туындайтын болса, басқару панелінде сәйкесінше хабарлама көрсетіледі. Көбінесе мәселенің пайда болу орнын, мысалы, қағаздың кептелу орнын көрсететін анимациялық графика шығарылады. Басқару панеліндегі жай-күй мен ескертулер туралы көптеген хабарламалар үшін қосымша мәліметтер қарастырылған.

Басқару панеліндегі ескертулерді қарап шығу

Егер ескерту жағдайы туындаса, басқару панелінде сәйкесінше хабарлама көрсетіледі. Осылайша пайдаланушылар олардың араласуын талап ететін, шығын материалдарының аз қалдығы және ашық қақпақтар сияқты, принтердің жай-күйі туралы біледі. Осындай бірнеше жағдайлар пайда болған кезде басқару панелінде тек бір ғана хабарлама пайда болады.

Қателіктер және ескертулер туралы хабарламаларды қарап шығу

Егер қателік пайда болса, басқару панелінде сәйкесінше хабарлама көрсетіледі. Қателіктер туралы хабарламалар принтердің басып шығаруға кедергі келтіретін немесе оның сапасын нашарлататын жай-күйі туралы хабардар етеді. Бірнеше қателік пайда болған кезде басқару панелінде тек бір ғана хабарлама пайда болады. Басқару панелінде ағымдағы қателіктер тізімін қарап шығу:

1. **Аппараттың мәртебесі** батырмасын басыңыз және **Белсенді хабарламалар** қосымшасына өтіңіз.
2. **Ақаулықтар және ескертулер** мәзіріндегі нұсқалардың бірін таңдаңыз.
 - **Ақаулықтар** — принтердің жұмысына әсер ететін қателіктер туралы хабарламалар, және қателіктердің сәйкесінше кодтары көрсетіледі.
 - **Ескертулер** — принтердің ағымдағы жұмысының жай-күйі туралы ескертулер және сәйкесінше кодтары көрсетіледі.

Ақаулықтарды жоюдың кіріктірілген құралдарын пайдалану

Принтерде басып шығаруға арналған есептер жиынтығы қарастырылған. Кейбір мәселелерді жою үшін мұндай осындай екі есеп көмектесе алады — демонстрациялық бет және қателіктер туралы хабарламалар есебі. Демонстрациялық бетте басып шығару сапасын тексеру үшін кескіндеме басылады. Қателік туралы хабарламалар есебінде принтердің соңғы қателіктері туралы мәліметтер мазмұндалады.

Конфигурация туралы есепке және ақпараттық беттерге қолжетімділік құқықтарын орнату

Келесі нұсқалардың бірінде пайдаланушылардың қолжетімділік құқықтарын өзгерту үшін жүйелік әкімшіге хабарласыңыз.

- Принтердің қуат көзі қосылған кезде конфигурация есебін автоматты түрде басып шығаруға тыйым салу.
- Жеке немесе барлық пайдаланушылардың ақпараттық беттер мен конфигурация есебін басып шығара алмауы үшін кіру құқықтарын шектеу.
- Ақпараттық беттер мен конфигурация есебін басып шығару үшін жеке немесе барлық пайдаланушылардың кіру құқықтарын өзгерту.



Ескертпе. Қосымша мәліметтерді www.xerox.com/office/B1022_B1025doks мекен-жайы бойынша *System Administrator Guide* (Жүйелік әкімші нұсқаулығы) жарияланымынан қараңыз.

Ақпараттық беттерге қолжетімділік және оларды басып шығару

Принтерге арналған ақпараттық беттерге қолжетімділік:

1. Принтерді басқару панелінде **Өз-өзіне қызмет көрсету (?)** батырмасын басыңыз.
Басып шығаруға арналған ақпараттың беттердің тізімі көрсетіледі.
2. Беттер тізімін жылжыту үшін мәзір түймесіне қол тигізіңіз, оны жоғары немесе төмен жылжытыңыз. Бетті таңдап, **Басып шығару** батырмасын басыңыз.



Ескертпе. Барлық ақпараттық беттерді басып шығару үшін, **Барлық ақпараттық беттер** және **Басып шығару** басыңыз.

3. Негізгі режимдер экранына оралу үшін **X** батырмасын басыңыз.

Ақпараттық беттер

Ақпараттық беттерде ақаулықтарды жоюға және принтерді пайдалануды талдау жасауға көмектесетін маңызды мәліметтер мазмұндалады. Ақпараттық беттерді принтерді басқару панелінен басып шығаруға болады.

Ақпараттық бет	Сипаттамасы
Конфигурация туралы есеп	Конфигурация туралы есепте орнатылған опциялар, желілік баптаулар, порттар баптаулары, науалар туралы және т.б. қоса алғанда, аппарат туралы ақпарат
Сервистік қызмет	«Сервистік қызмет» бөлімінде Xerox® қолдау қызметіне жүгінген кезде қажет болуы мүмкін ақпарат мазмұндалады.
Демонстрациялық бет	Демонстрациялық бет басып шығару сапасын тексеруге арналған.
Шығын материалдарын пайдалану жөніндегі есеп	Шығын материалдарын пайдалану жөніндегі есепте беттерді толтыру дәрежесі туралы ақпарат мазмұндалады.
Эл.поштаның жіберілген хабарламалары	Электронды поштаның жіберілген хабарламалары туралы есепте, жіберушелірді, алушыларды, күні мен уақытын, тақырыбы мен нәтижесін қоса алғанда, жіберілген хабарламалар туралы
Қателіктер туралы хабарламалар есебі	Қателіктер туралы хабарламалар есебінде, кодын, пайда болу күні мен уақытын қоса алғанда, қателіктер туралы хабарлама

Ақпараттық бет	Сипаттамасы
Факсті көпадресі жіберу туралы есеп	Факсті көпадресі жіберу туралы есепте сканерленген беттердің жалпы санын, қашықтағы станцияны, уақыты мен нәтижесін қоса алғанда, жіберілген факстер туралы
Факстің параметрлері туралы есеп	Факстің параметрлері туралы есепте факстің ағымдағы баптаулары мазмұндалады.
Факстің телефон кітапшасы	Факстің телефон кітапшасында факстер атаула мен нөмірлерінің тізімі мазмұндалады
Факстерді табыстау хаттамасының есебі	Факстерді табыстау хаттамасының есебінде факсті басқару өрістерінің деректері және факстер туралы ақпараттар, сонымен қатар табыстау және қабылдау туралы мәліметтер мазмұндалады.
Факстерді қабылдау туралы есеп	Факстерді қабылдау туралы есепте қабылданған факстер туралы мәліметтер
Факсті табыстау туралы есеп	Факстерді табыстау туралы есепте жіберілген факстер туралы мәліметтер
Топтың мекен-жай кітабы	Топтың мекен-жай кітбында, топтың нөмірін, топтың атын, пайдаланушылардың аттарын және элекронды поштаның мекен-жайын қоса алғанда, мекен-жай кітабы туралы ақпарат
Қалаусыз факстер туралы есеп	Қалаусыз факстер туралы есепте қабылданған қалаусыз факстер мен олар жіберілген нөмірлер туралы мәліметтер
Соңғы 40 қателік туралы хабарламалар есебі	Соңғы 40 қателік туралы хабарламалар есебінде нөмірін, кодын, күні мен уақытын қоса алғанда, қателіктер туралы мәліметтер
Жергілікті мекен-жай кітабы	Жергілікті мекен-жай кітабында жергілікті мекен-жай кітабы туралы ақпарат
Кезектегі жұмыстар туралы есеп	Кезектегі жұмыстар туралы есепте күтілетін шығыс және кіріс жұмыстардың тізімі мазмұндалады.
Пайдаланушыны сәйкестендіру туралы есеп	Пайдаланушыны сәйкестендіру туралы есепте сәйкестендірілген пайдаланушылардың және кіруге арналған сәйкестендіргіштерің тізімі мазмұндалады.

Ақпараттық беттер турал ымәліметтер [Ақпараттық беттерге қолжетімділік және оларды басып шығару](#) бөлімінде келтірілген.

Online Support Assistant (Онлайн қолдай көмекшісі)

Online Support Assistant (Онлайн қолдай көмекшісі) жүйесінде принтердің ақаулықтарын жою жөніндегі нұсқаулықтар мен кеңестер мазмұндалады. Онда, мысалы, басып шығару сапасымен, қағаздың кептелуімен және бағдарламалық қамтамасы етуді орнатумен байланысты қиындықтарға арналған шешімдер қолжетімді.

Online Support Assistant (Онлайн қолдай көмекшісі) жүйесіне қолжетімділік www.xerox.com/office/B1022_B1025support мекен-жайы бойынша жүзеге асырылады.

Қосымша мәліметтер

Принтер туралы қосымша мәліметтерді келесі көздерден алуға болады:

Ресурс	Орналасқан жері
Орнату жөніндегі нұсқаулық	Принтер жиынтығына кіреді және сондай-ақ www.xerox.com/office/B1022_B1025docs мекен-жайы бойынша қолжетімді
Принтерге арналған өзге құжаттама	www.xerox.com/office/B1022_B1025docs
Принтерге арналған техникалық қолдау, соның ішінде интернет – қолдау қызметі, Online Support Assistant (Онлайн қолдау көмекшісі) жүйесі және жүктеуге арналған	www.xerox.com/office/B1022_B1025support
Ақпараттық беттер	Ақпараттық беттерге қолжетімділік және оларды басып шығару
Мәзір және қателіктер туралы хабарламалар туралы ақпарат	Басқару панеліндегі анықтама (?) батырмасы.
Принтерге арналған шығын материалдарына тапсырыс беру	http://www.support.xerox.com
Өңірлік сауда және техникалық қолдау орталықтары	www.xerox.com/office/worldcontacts
Принтерді тіркеу	www.xerox.com/office/register
Xerox® Direct интернет-дүкені	www.direct.xerox.com/

Сипаттамалары

Бұл тарауда мазмұндалады:

- Принтердің конфигурациялары мен опциялары 170
- Габариттік өлшемдері мен салмағы 173
- Қоршаған ортаға қойылатын талаптар 175
- Электр қуат көзі..... 176
- Пайдалану сипаттамалары 177

Принтердің конфигурациялары мен опциялары

Қолжетімді конфигурациялар

Принтер келесі стандартты және қосымша конфигурацияларда қолжетімді:

- Стандартты конфигурация: 1 науамен түпнұсқалар бергіші
- Стандартты конфигурация: 1 науамен экспонирлеу шынысы
- Қосымша конфигурация: 1 науамен түпнұсқалар бергіші және 1 опционалдық науа
- Қосымша конфигурация: 1 науамен экспонирлеу шынысы және 2 опционалдық науа



Ескертпе. Стандартты және қосымша конфигурацияларды Wi-Fi опционалдық жиынтықпен және факспен толықтыруға болады.

Стандартты конфигурациялар

Түпнұсқалар бергіші мен 1 науасы бар стандартты конфигурация

Принтер келесі стандартты конфигурацияларда қолжетімді:

- Дербес компьютерден жергілікті басып шығару
- Желілік басып шығару
- Электронды поштаға сканерлеу
- Желілік компьютерге сканерлеу
- USB-жинақтағыштарға сканерлеу және олардан басып шығару
- Көшірме жасау, соның ішінде жеке куәліктерді
- 250 бетке арналған 1 науа
- 100 бетке арналған айналмалы науа
- Түпнұсқалар бергіші
- Екі жақты басып шығару
- Xerox® CentreWare® Internet Services

Экспонирлеу шынысы және 1 науасы бар стандартты конфигурация

Бірінші стандартты конфигурацияға, түпнұсқалар бергішінен басқа, барлық атқарымдар мен мүмкіндіктер кіреді.

Қосымша конфигурациялар

Принтер келесі қосымша конфигурацияларда қолжетімді:

Түпнұсқалар бергіші және 2 опционалдық науасы бар қосымша конфигурация	Экспонирлеу шынысы және 2 опционалдық науасы бар қосымша конфигурация
Стандартты конфигурацияға барлық атқарымдар мен мүмкіндіктер, сонымен қатар 250 бетке арналған 2 опционалдық науа кіреді.	Бірінші стандартты конфигурацияға, түпнұсқалар бергішінен басқа, барлық атқарымдар мен мүмкіндіктер кіреді. Сондай-ақ 2 опционалдық науа кіреді.

Стандартты атқарымдар

Басып шығару жылдамдығы	Бір жақты басып шығару жылдамдығы: - Макс.: (210 x 297 мм) A4 форматы үшін 25 бет/мин - Макс.: (8,5 x 11 дюйм) Letter форматы үшін 25 бет/мин Бір жақты басып шығару жылдамдығы: - Макс.: (210 x 297 мм) A4 форматы үшін 13 бет/мин - Макс.: (8,5 x 11 дюйм) Letter форматы үшін 13 бет/мин
Макс.басып шығару рұқсаты	Дюймге 1200 нүктеге дейін
Стандартты жады (ОЗУ)	1,5 ГБ
Флэш-жады (ПЗУ)	NAND 512 МБ
Деректер жинағышы	8 ГБ-ке арналған MicroSD жады картасы
Сақтауға арналған құрал	—
Қағаз бойынша сыйымдылық	100 бетке арналған айналмалы науа 250 бетке арналған 1 науа 250 бетке арналған 2 опционалдық науа 100 бетке арналған опционалдық бергіш
Таңбаның макс. өлшемі	297 x 432 мм (11,68 x 17 дюйм)
Таңбаның мин. өлшемі	125 x 101,6 мм (4,92 x 4 дюйм)
Көшірмелеу жылдамдығы	Бір жақты көшірмелеу: минутына 25 көшірме Екі жақты көшірмелеу: минутына 13 көшірме
Көшірмелеу кезіндегі рұқсат	Дюймге 600 x 600 нүкте
Көшірменің макс. өлшемі	297 x 432 мм (11,68 x 17 дюйм)
Түпнұсқалар бергіші	Түпнұсқалардың дуплекстік автобергіші
Түпнұсқалар бергішінің сыйымдылығы	100 бет
Сканерлеу кезіндегі рұқсат	Дюймге 600 x 600 нүкте
Бір жақты сканерлеу жылдамдығы	Минутына 30 кескіндеме
Сканерлек режимі	- USB - Электронды пошта - Жергілікті компьютерге сканерлеу - Желілік компьютерге сканерлеу
Сканерлеудің макс. облысы	- Экспонирлеу шынысы: 297 x 432 мм (11,69 x 17 дюйм) - Түпнұсқалар бергіші: A3 (279 x 432 мм), 11 x 17 дюйм дейін

Сипаттамалары

Сканерлеуге және электронды поштаға арналған файлдар форматтары	• JPG • PDF: бір- және көп бетті • TIFF: бір- және көп бетті
Басқару панелі	Пернетақтасы бар 109-мм (4,3-дюймдік) сенсорлық СК-экран
Қосылу интерфейсі	• USB 2.0 • USB-жинақтағыш • Ethernet 10/100 Base TX, кіріктірілген • Опционалдық Wi-Fi
Қашықтықтан кіру	Xerox® CentreWare® Internet Services
Факсимильдік байланыс	33,6 Кбит/с
Факстің рұқсаты	• Стандартты: 8 x 3,85 пиксель/мм (дюймге 203 x 98 нүкте) • Жоғары: 8 x 7,7 пиксель/мм (дюймге 203 x 196 нүкте) • Шамадан жоғары: 11,8 x 11,8 пиксель/мм (дюймге 300 x 300 нүкте)
Қысу	MN, MR, MMR, JBIG, JPEG
Факс атқарымдары	Факстерді тікелей аппараттан жіберу, желілік факс, тікелей факс, факстерді электронды поштаға қайта адресту

Габариттік өлшемдері мен салмағы

Салмағы және габариттік өлшемдері




Ескертпе. Екі стандартты және 2 қосымша конфигурациялар көзделген:

- 1 науасы бар түпнұсқалар бергіші болатын стандартты конфигурация
- 1 науасы бар экспонирлеу шынысы болатын стандартты конфигурация
- 1 науасы және 2 опционалдық науасы бар түпнұсқалар бергіші болатын қосымша конфигурация
- 1 науасы және 2 опционалдық науасы бар экспонирлеу шынысы болатын қосымша конфигурация

Параметр	Стандартты конфигурация, 1 науасы бар түпнұсқалар	Стандартты конфигурация, 1 науасы бар экспонирлеу шынысы
Ені	56,0 см (22,0 дюйм)	56,0 см (22 дюйм)
Терңдігі	59,9 см (23,6 дюйм)	55,5 см (21,9 дюйм)
Биіктігі	50,6 см (19,9 дюйм)	41,7 см (16,4 дюйм)
Салмағы	30,4 кг (67 фунт)	25,9 кг (57 фунт)


Параметр	Қосымша конфигурация, 1 науасы бар экспонирлеу шынысы	Қосымша конфигурация, 1 науасы және 2 опционалдық науасы бар экспонирлеу шынысы
Ені	56,0 см (22,0 дюйм)	56,0 см (22,0 дюйм)
Тереңдігі	59,9 см (23,5 дюйм)	55,5 см (21,9 дюйм)
Биіктігі	62,5 см (24,6 дюйм)	53,6 см (21,1 дюйм)
Салмағы	35,8 кг (78,9 фунт)	31,3 кг (69 фунт)

Стандартты конфигурациядағы аппараттар өлшемдері



Габариттік талаптар

Сол жақта суретте 1 науасы бар принтерге арналған габариттік талаптар көрсетілген. Оң жақта суретте 1 науасы және 2 опционалдық науасы бар принтерге арналған габариттік талаптар көрсетілген.



Қоршаған ортаға қойылатын талаптар

Температура

- Оңтайлы температура: 16–30° C (61–86° F)
- Пайдалану кезіндегі температура: 10–30 °C (50–86 °F)

Салыстырмалы ылғалдылық

Ылғалдылықтың қолжетімді диапазоны: 10–90%, орамда 90% аз.

- Оңтайлы ылғалдылық: 30–70%
- ПАЙдалану кезіндегі ылғалдылық: салыстырмалы ылғалдылық 20–80%



Ескертпе. Экстремалдық қоршаған жағдайларда, мысалы 10° C (50°F) температура және 85% салыстырмалы ылғалдылық кезінде, конденсациямен шарттастырылған ақаулықтар байқалуы мүмкін.

Теңіз деңгейінен биіктік

Барынша жақсы өнімділік теңіз деңгейінен 2500 м (8 202 фут) дейінгі биіктікте қамтамасыз етіледі.

Электр қуат көзі

Кернеу және қуат көзінің жиілігі

- **Кіру жиілігі:** 110–127 В айнымалы т. ($\pm 10\%$), 220–240 В айнымалы т. ($\pm 10\%$)
- **Номиналды жиілік:** 50–60 Гц ($\pm 3\%$)

Энергия тұтынуы

- Энергия үнемдеу немесе ұйқы режимі: 1,5 Вт аз
- Үздіксіз баып шығару кезінде: 650 Вт аз
- Дайындық немесе күту режимінде: 80 Вт аз

Пайдалану сипаттамалары

Принтердің қызу уақыты

- Жүктеу ұзақтығы: 43 секундтан аз.
- Төмен энергия тұтыну режимінен шығу: 18 секундтан аз.



Ескертпе. Қызу уақыты 40% салыстырмалы ылғалдылық кезінде 22° C (89,6° F) температура үшін көрсетіледі.

Басып шығару жылдамдығы

- Бір жақты басып шығару жылдамдығы: A4 (210 x 297 мм) форматы үшін 25 бет/мин дейін және Letter (8,5 x 11 дюйм) форматы үшін 25 бет/мин .
- Екі жақты басып шығару жылдамдығы: A4 (210 x 297 мм) форматы үшін 13 бет/мин дейін және Letter (8,5 x 11 дюйм) форматы үшін 13 бет/мин.

Басып шығару жылдамдығы келесі факторларға байланысты: баспып шығару режимі, қағаздың форматы мен түрі.

- Басып шығару режимі: стандартты режимде басып шығару жылдамдығы барынша үлкен. Жоғары сапа режимінде таңбалар барынша жақсы сапала алынады, бірақ басып шығару жылдамдығы стандартты режимге қарағанда екі есе төмен.
- Қағаз форматы: A4 (210 x 297 мм) және Letter (8,5 x 11 дюйм) форматтағы қағазда басып шығару ең жылдам.
- Қағаз түрі: әдеттегі қағазда басып шығару карточкаларда және тығыз қағазда басып шығаруға қарағанда жылдамырақ орындалады.

Сәйкестік туралы ақпарат

Бұл қосымшада мазмұндалады:

- Негізгі стандарттарға сәйкестік 180
- Көшірмелеуге қойылатын шектеулер 184
- Факстерді табыстауға қойылатын шектеулер 185
- Material Safety Data Sheets (Материалдардың қауіпсіздігі туралы деректер) 186

Негізгі стандарттарға сәйкестік

Херох компаниясы осы принтерге электр магниттік сәулелену және кедергіге төзімділік бойынша стандарттарға сәйкестікке сынақ жүргізді. Бұл стандарттар принтермен құрылатын немесе кеңсенің әдеттегі жағдайларында оның жұмысына әсер ететін кедергілер деңгейін төмендету үшін әзірленген.

Аппарат ENERGY STAR® талаптарын қанағаттандырады



Аппарат аппарат кескіндемелерді өңдеу құрылғыларына арналған ENERGY STAR бағдарламасының талаптары шеңберінде ENERGY STAR® стандарты бойынша сертифицирталған.

ENERGY STAR және ENERGY STAR белгісі АҚШ-та тіркелген тауар белгісі болып табылады.

ENERGY STAR Imaging Equipment Program бағдарламасы АҚШ, Еуропалық Одақ және Жапония үкіметтерінің және көшірмелер, принтерлер, факсимильдік аппараттар, көпфункционалды принтерлер, компьютерлер мен энергияны аз тұтынатын мониторларды дамыту бойынша ұйымдастыру техникасын өндірушілердің бірлескен бастамасын білдіреді. Энергия тұтынудың төмендеуі түтіннің, қышқылды жаңбырлардың және климаттың жахандық өзгерістерінің азаюына ықпал етеді, өйткені бұл ретте электр энергиясын өндіру кезінде пайда болатын зиянды шығарындылар қысқартылады.

ENERGY STAR таңбаламасы бар Херох жабдығы дайындаушы-зауытта бапталады. Бұл аппарат соңғы таңба немесе көшірмелер орындалғаннан кейін бір немесе екі минуттан соң энергияны үнемдеу режиміне өтудің кіріктірілген таймерімен жеткізіледі. Бұл режимнің егжей-тегжейлі сипаттамасы осы нұсқаулықтың «[Энергияны үнемдеу режимі](#)» бөлімінде келтірілген.

Еуропалық Одақ



Осы аппараттағы ЕО белгісі 2014 жылы 16 сәуірде қабылданған: 2014/53/ЕО радиобайланыс құралдары туралы ЕО Директивасы Еуропалық Одақтың келесі директиваларына сәйкестік туралы Херох корпорациясы мәлімдемесінің болуын білдіреді.

Осымен Херох компаниясы, радиотехникалық жабдыққа жататын B1022/B1025 аппаратының моделі 2014/53/ЕО директивасының талаптарына сәйкес келетінін куәландырады. ЕО сәйкестік туралы мәлімдеменің толық мәтінімен www.xerox.com/environment_europe мекен-жайы бойынша танысуға болады.

Бұл аппарат нұсқаулықтарға сәйкес тиісті дәрежеде пайдаланылған кезде пайдаланушылар мен қоршаған ортаға қауіп төндірмейді.



ЕСКЕРТУ.

- Херох корпорациясының ерекше рұқсатынсыз осы аппаратқа өзгерістер енгізу және оны түрлендіру осы аппаратты пайдалануға арналған құқықтан айырылуға алып келуі мүмкін.
- Өнеркәсіптік, ғылыми және медициналық жабдықтардың сыртқы сәулеленуі осы Херох аппаратының жұмысына кедергі келтіруі мүмкін. Егер өнеркәсіптік, ғылыми немесе медициналық жабдықтардың сыртқы сәулеленуі осы аппараттың жұмысына кедергі келтірсе, кеңес алу үшін Херох компаниясының өкілдігіне хабарласу керек.
- Бұл аппарат А сыныптағы цифрлық құрылғыларға жатады. Тұрғын үй-жайда бұл аппарат радио кедергілер көзі болуы мүмкін – бұл жағдайда пайдаланушы оларды басу бойынша сәйкесінше шаралар қолдануы тиіс.
- Еуропалық Одақтың нормативтік талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында экрандалған интерфейстік кабельдерді пайдаланыңыз.

Кескіндемелер жасауға арналған жабдық жөніндегі ЕО келісімі (4 топ). Экологиялық ақпарат

Экологиялық көрсеткіштерді жақсартуға және шығындарды қысқартуға арналған экологиялық ақпарат

Келесі ақпарат ЕО энергия тұтынатын өнім жөніндегі Директивасына, соның ішінде кескіндемелерді жасауға арналған жабдық жөніндегі 4-топтың зерттеуіне сәйкес келтіріледі. Бұл директива өндірушілерден шығарылатын өнімнің экологиялық көрсеткіштерін жақсарту және ЕО энергия тиімділігі жөніндегі жоспарын сақтауды жақсартуды талап етеді.

Бұл келесі өлшемдерді қанағаттандыратын тұрмыстық техникаға және кеңсе жабдығына жатады.

- минутына А4 66 кескіндемеге дейінгі максималды жылдамдығы бар монохромды форматтағы стандартты техника.
- минутына А4 51 кескіндемеге дейінгі максималды жылдамдығы бар түрлі-түсті форматтағы стандартты техника.

Дуплекстік басып шығарудың экологиялық артықшылықтары

Көптеген Xerox аппараттары дуплексті (екі жақты) басып шығару функциясымен жабдықталған. Бұл автоматты түрде қағаз парағының екі жағында қағаздың тұтынылуын азайту есебінен ресурстарды жұмсауды қысқарта отырып, басып шығаруға мүмкіндік береді.

Кескіндемелер (4-топ) жасауға арналған жабдық жөніндегі ЕО келісіміне сәйкес басып шығару жылдамдығы түрлі-түсте 40 бет/ мин немесе қара-ақ режимде 45 бет/мин болатын модельдерде драйверлерді баптау және орнату кезінде екі жақты басып шығару атқарымы автоматты түрде қосылуы тиіс. Екі жақты басып шығару жылдамдығы принтердің драйверін баптау және орнату кезінде автоматты қосылады. Басып шығару жылдамдығы барынша төмен кейбір Xerox аппараттарының модельдерінде орнату кезінде сондай-ақ екі жақты басып шығару баптаулары да автоматты қосыла алады. Екі жақты басып шығаруды пайдалану қоршаған ортаға осындай жабдықты қолданудан келетін зиянды азайтады. Бір жақты басып шығару қажет болған жағдайда, тиісті баптауларды принтер драйверінің интерфейсінде өзгертуге болады.

Қағаз түрлері

Бұл аппарат экологиялық талаптарға және EN12281 сапа стандартына немесе соған ұқсас сапа стандарттарына сәйкес келетін екінші шикізаттан жасалған қағазда да, бірінші рет шығарылған қағазда да басып шығаруға арналған. Белгілі бір мақсаттарда неғұрлым жұқа қағаз (60 г/м²) пайдаланылуы мүмкін, оны дайындау үшін шикізат аз талап етіледі, сондықтан ол ресурстарды үнемдейтін болады. Сіз оны басып шығару үшін пайдалана аласыз ба, тексеру ұсынылады.

ENERGY STAR: Еуропалық Одаққа арналған ақпарат

ENERGY STAR қоршаған ортаға келтірілетін залалды төмендететін энергиялық тиімді модельдерді әзірлеу мен сатып алудың ерікті бағдарламасынан тұрады. ENERGY STAR бағдарламасы мен оның талаптарын қанағаттандыратын модельдер туралы мәліметтер www.energystar.gov мекен-жайы бойынша мазмұндалады.

Энергия тұтыну және белсенділік жағдайында болу уақыты

Аппараттың энергия тұтынуы оны пайдалану режиміне байланысты. Бұл аппаратты электр энергиясына төленетін төлемге жұмсалатын шығын аз болатындай етіп баптауға болады. Соңғы таңбаны орындағаннан кейін аппарат дайындық режиміне өтеді. Бұл

режимде басып шығару кідіріссіз басталады. Егер аппарат қандай да бір уақыт аралығында қолданылмайтын болса, ол энергия үнемдеу режиміне ауысады. Бұл режимде тек қана негізгі атқарымдар электр энергиясының үнемделуі үшін белсенді болып қалады. Энергия үнемдеу режимінен шыққаннан кейін аппаратқа бірінші таңбаны басып шығару үшін дайындық режимінен басып шығару кезіндегіге қарағанда көбірек уақыт қажет болады. Мұндай энергия үнемдеу режимінен шығу кезіндегі іркіліс осыған ұқсас жабдықтардың көпшілігіне тән.

Энергия үнемдеу режиміне өту уақытын ұлғайтуға немесе бұл режимді ажыратуға болады. Аппаратқа төмендетілген энергия тұтыну режиміне көшу үшін көбірек уақыт қажет етілуі мүмкін.

Херох компаниясының экологиялық тұрақтылық жөніндегі бастамаларға қатысуы туралы қосымша мәліметтер www.xerox.com/about-xerox/environment/enus.html мекенжайы бойынша мазмұндалады.

CCD-035 стандарты бойынша кеңсе жабдығын Environmental Choice сертификаттау



Бұл аппарат кеңселік жабдыққа арналған Environmental Choice стандарты бойынша сертификатталған және қоршаған ортаға келтірілетін зиянды азайту жөніндегі барлық талаптарды қанағаттандырады. Херох корпорациясы осы аппараттың энергия тиімділігі бойынша Environmental Choice стандартының талаптарына сәйкестігін растайды. Сертификатталған көшірмелер, принтерлер, көпфункционалды құрылғылар мен факстер химиялық заттарды бөлуге және қайталама қайта өңдеуден кейін алынған шығыс материалдарын ауыстыруға байланысты талаптарға сәйкес болуы тиіс. 1988 жылы қабылданған Environmental Choice бағдарламасы тұтынушыларға қоршаған ортаға аз шығынмен ерекшеленетін өнімдер мен қызметтерді таңдауға көмектеседі. Environmental Choice стандарты бойынша экологиялық сертификаттау ерікті, көп жоспарлы және өнімнің барлық өмірлік циклына арналған. Аппаратта осы сертификаттаудың болуы оның қатаң экологиялық стандарттарға сәйкестігін тексеру кезінде ғылыми негізде мұқият тестілеуден немесе түгел қамтитын аудиттен (немесе тағы басқа) өткенін білдіреді.

Еуразиялық экономикалық қауымдастық сертификаттауы



Ресей, Беларусь және Қазақстан Еуразиялық экономикалық қауымдастық (ЕурАзЭС) шеңберінде Кедендік Одақ құрды. Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа қатысушы-елдер бірыңғай реттеқ шаралары мен ЕврАзЭС өнімінің айналысының Бірыңғай белгісі – ЕАС бірыңғай белгісін қолданады.

Германия

Германия: Blue Angel (Көгілдір періште)



RAL, неміс сапа бақылауы және таңбалау институты, осы құрылғыға Blue Angel (Көгілдір періште) экологиялық белгісін берді. Бұл белгі аппарат әзірлеу, өндіру және пайдалану саласындағы Blue Angel экологиялық өлшемдерге сәйкес келетінін куәландырады. Егжей-тегжейлі мәліметтерді www.blauer-engel.de қараңыз.

Blendschutz

Das Gerät ist nicht für die Benutzung im unmittelbaren Gesichtsfeld am Bildschirmarbeitsplatz vor- gesehen. Um störende Reflexionen am Bildschirmarbeitsplatz zu vermeiden, darf dieses Produkt nicht im unmittelbaren Gesichtsfeld platziert werden.

Lärmemission

Maschinenlärminformations-Verordnung 3. GPSGV: Der höchste Schalldruckpegel beträgt 70 dB (A) oder weniger gemäß EN ISO 7779.

Importeur

Xerox GmbH
Hellersbergstraße 2-
4
41460 Neuss
Deutschland

Түркия үшін зиянды заттардың құрамын шектеу ережелері

7 (d) Бапқа сәйкес осымен «аппараттың ЕЕЕ нормативтік талаптарына сәйкестігі» расталады.
«EEE yönetmeliğine uygundur.»

2,4 ГГц сымсыз желісінің адаптеріне арналған нормативтік ақпарат

Бұл аппараттың құрамында 2014/53/ЕО ЕО Кеңесі директивасының талаптарына сәйкес келетін 2,4 ГГц сымсыз жергілікті желіге арналған радио таратқыш құрылғының модулі бар. Сы аппараттың радиосәулеленуінің шығыс қуаттылығы барлық жиілікті диапазондарда 20 дБм аспайды.

Осы аппаратты пайдалану кезінде келесі шарттарды есепке алу қажет:

1. Аппарат кедергі көз болмауы тиіс.
2. Аппарат жұмыста бұзушылық тудыруы мүмкін кедергілерді қоса алғанда, кез келген кедергілер болған кезде жарамды болып қалуы тиіс.

Херох корпорациясының ерекше рұқсатынсыз осы аппаратқа өзгерістер енгізу немесе оны түрлендіру осы аппаратты пайдалану құқығынан айырылуға алып келуі мүмкін.

Көшірмелеуге қойылатын шектеулер

Көшірмелеуге қойылатын талаптар

Бірқатар құжаттарды көшірмелеу сіздің елде заңсыз болуы мүмкін. Сондай құжаттардың дайындалуына кінәлі тұлғаларға айыппұл салынады немесе түрмеге қамалады.

- Ақша белгілері.
- Банкноттар мен чектер.
- Банктік және мемлекеттік бағалы қағаздар.
- Паспорттар мен жеке куәліктер.
- Иеленушілерінің рұқсатынсыз авторлық құқықпен қорғалатын материалдар мен тауар белгілері.
- Пошта маркалары мен басқа да айналым құжаттары.

Бұл тізім толық емес және толықтығы мен дәлдігін талап етпейді. Күмән туындаған жағдайда заң кеңесшісіне хабарласыңыз.

Факстерді табыстауға қойылатын шектеулер

Жіберілетін факстердің тақырыптарына қойылатын талаптар

1991 жылғы Телефон қызметтерін тұтынушыларды қорғау туралы заң хабарламаны электрондық құрылғылардың көмегімен, оның ішінде факс арқылы жіберуге рұқсат береді, тек жіберілетін хабарламаның әрбір немесе ең болмағанда бірінші бетінде жөнелту күні мен уақыты, кәсіпорынның атауы көрсетілген жоғарғы немесе төменгі өрісі болған жағдайда ғана, немесе хабарламаны жіберген адамның тегі, сондай-ақ жіберуші құрылғының, кәсіпорынның, ұйымның немесе тұлғаның телефон нөмірі бар болған шарттарда. Жергілікті, қалааралық немесе халықаралық телефон сөйлесулеріне тарифтерден аспайтын телефон нөмірін көрсету керек; оның ішінде 900-ден басталатын телефон нөмірін пайдалануға болмайды.

Еуразиялық Одақ

Радиобайланыс құралдары мен телекоммуникациялық түпкі жабдық жөніндегі директива

Факсимильдік аппарат 1999/5/ЕО директивасының талаптарына сәйкес жалпы пайдаланудағы коммутацияланатын телефон желісіне (ЖПТф) бір терминалды қосуға сертификатталған. Алайда, әртүрлі елдердегі ЖПТф желілерінің сипаттамалары арасындағы айырмашылықтарға байланысты мұндай сертификаттау ЖПТф желілерінің барлық шеткі нүктелерінде аппараттың дұрыс жұмыс істеуіне кепілдік бермейді. Қиындықтар туындаған кезде авторластырылған өңірлік дилерге хабарласыңыз. Бұл аппарат Еуропалық экономикалық аймақ елдеріндегі аналогты коммутацияланатын телефон желілері үшін түпкі жабдыққа арналған ES 203 021-1, -2, -3 техникалық шарттарға сәйкес келеді. Аппаратта елдің кодын енгізу керек. Ел кодын аппаратты желіге қосқанға дейін енгізу қажет. Ел кодын баптау рәсімі пайдаланушыларға арналған құжаттамада сипатталған.



Ескертпе. Аппарат импульстік, сондай-ақ тоналды жиынтықты да (DTMF) қолданады, алайда сенімді және жылдам байланысты қамтамасыз ету үшін тоналды жиынтықты қолдану ұсынылады. Херох компаниясы осы аппаратты түрлендіруді жүргізуге, оны сыртқы басқару бағдарламасына қосуға рұқсат бермейді. Мұндай әрекеттер сертификаттың күшін жоюға әкеп соқтырады.

ОАР факстерді табыстауға қойылатын шектеулер

Бұл модемді кернеуді секіруден қорғайтын құрлғымен бірге пайдалану қажет.

Material Safety Data Sheets (Метариалдардың қауіпсіздігі туралы деректер)

Еуропалық Одаққа арналған материалдар қауіпсіздігі жөніндегі ақпаратты алу үшін www.xerox.com/environment_europe сайтына кіріңіз.

Техникалық қолдау орталығының телефондарын www.xerox.com/office/worldcontacts мекен-жайы бойынша табуға болды.

C

Қайта өңдеу және кәдеге жарату

Бұл қосымшада мазмұндалады:

- Барлық елдер 188
- Еуропалық Одақ..... 189
- Басқа елдер..... 191

Барлық елдер

Егер сіз Херох аппаратын кәдеге жаратуға жауап беретін болсаңыз, онда оның құрамында қорғасын, сынап, перхлораттар және басқа да материалдар болуы мүмкін екеніне назар аударыңыз, оларды кәдеге жарату қоршаған ортаны қорғау ережелерімен реттелуі мүмкін. Бұл материалдардың құрамы аппараттың нарыққа шығуы кезінде қабылданған әлемдік стандарттарға толық сәйкес келеді. Аппаратты қайта өңдеу және кәдеге жарату тәсілдері туралы ақпарат алу үшін жергілікті уәкілетті органдарға хабарласыңыз.

Хлорлы қышқылды материал

Бұл аппараттың құрамында аккумулятор сияқты хлорлы қышқылды материалы (перхлорат) бар бір немесе бірнеше құрылғы болуы мүмкін. Олар үшін жұмыс істеудің ерекше тәртібі қарастырылуы мүмкін. www.dtsc.ca.gov/hazardouswaste/perchlorate бөлімін қараңыз.

Еуропалық Одақ

Кейбір жабдықты тұрмыстық, сол сияқты коммерциялық жағдайларда да қолдануға болады.

Тұрмыстық пайдалану



Аппаратта бұл белгінің болуы оны тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратуға болмайды дегенді білдіреді.

Еуропалық Одақ заңнамасына сәйкес, электр техникалық және электрондық жабдықтың қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін, оны тұрмыстық қалдықтардан бөлек кәдеге жарату қажет.

ЕО-қа мүше-елдердегі жеке меншік иелері қолданылған электрлік және электрондық жабдықтарды арнайы арналған жинау пункттеріне тегін қайтара алады. Қосымша ақпарат алу үшін жергілікті уәкілетті органдарға хабарласыңыз.

Бірқатар елдерде жабдықты бөлшек сатып алу кезінде сатушы-ұйыммен ескі жабдықты тегін қабылдау туралы келісуге болады. Егжей-тегжейлі ақпаратты сатушыдан алуға болады.

Кәсіби пайдалану



Жабдықта бұл белгінің болуы оны белгіленген ережелерге сәйкес кәдеге жарату керек екендігін білдіреді.

Еуропалық Одақ заңнамасына сәйкес, электр техникалық және электрондық жабдықтың қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін, оны белгіленген ережелерге сәйкес кәдеге жарату қажет.

Кәдеге жаратудың алдында жабдықтың қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін жабдықты қайтару жөнінде ақпарат алу үшін жергілікті дилерге немесе Хегох өкілдігіне хабарласыңыз.

Еуропалық Одақтағы корпоративтік пайдаланушылар

Электр техникалық және электрондық жабдықты кәдеге жарату жөнінде ақпарат алу үшін сәйкесінше дилерге немесе жеткізушіге хабарласыңыз.

Еуропалық Одақ шегінен тыс кәдеге жарату

Бұл таңбалар тек Еуропалық Одақ елдеріне арналған. Бұл бұйымдарды кәдеге жарату жөнінде ақпарат алу үшін жергілікті уәкілетті органдарға немесе сәйкесінше дилерге хабарласыңыз.

Аккумуляторларға арналған ескерту белгілері



Бұл қоқыс себетінің белгісі химиялық элемент белгісімен үйлесімде қолданылуы мүмкін. Бұл белгі көрсетілген директивамен көзделген талаптардың бар екенін білдіреді.

Аккумуляторларды шығарып алу

Аккумуляторларды ауыстыру дайындаушымен уәкілеттік берілген сервистік ұйымдармен ғана жүргізуге рұқсат етіледі.

Басқа елдер

Кәдеге жарату жөніндегі ақпарат үшін қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі жергілікті уәкілетті органға хабарласыңыз.

Атқарымдар

Баптау	Сипаттамасы	Көшірмеле	Электронды пош	Факс	Сканерлеу (қайда)	USB	Сақталған жұмыстар	Күәлікті көшірме
2-жақты көшірмелеу және сканерлеу	Екі жақты сканерлеу опциялары түпнұсқаны көшірмелеу немесе сканерлеу нұсқасын таңдау үшін қызмет етеді – бір жағын немесе екі жағын да. Мысалы, көшірмелеу және сканерлеу жұмыстары үшін бір немесе екі жақты таңбаларды көрсетуге болады. Беттерді бұру үшін екінші жағынан Таңбаның бұрылуы опциясы	X	X	X	X	X		
Автоцентр	Кескіндемені беттің ортасына орналастыру үшін Автоорталық баптауын қолданыңыз.	X						
Фонды басу	«Автобасу» баптауы ашық фон түсінің өзгерістеріне принтердің сезімталдығын азайту үшін қызмет етеді.	X	X	X	X	X		X
Кітапты көшірмелеу	«Кітапты көшірмелеу» атқарымы кітаптарды, журналдар мен басқа да бекітілген құжаттарды көшірмелеу үшін қызмет	X						
Брошюра жасау	«Брошюра жасау» режимін қолдана отырып, қағаз бетінің әрбір жағына екі беттен басып шығаруға болады. Беттер оларды жинағанда беттер нөмірлеу ретімен орналасатындай етіп реттеледі.	X						
Іріктеу	Көшірмелеудің көп беттік жұмыстары үшін	X						

Баптау	Сипаттамасы	Көшірмеле	Электронды пошта	Факс	Сканерлеу (қайда)	USB	Сақталған жұмыстар	Күәлікті көшірме
	автоматты түрде іріктеу қарастырылған. Мысалы, құжаттың алты беттен тұратын үш бір жақты көшірмесі жасалған кезде көшірмелер келесі тәртіппен басылады: 1, 2, 3, 4, 5, 6; 1, 2, 3, 4, 5, 6;							
Мұқабалар	Алдыңғы, артқы немесе алдыңғы және артқы мұқабаларды жұмысқа қосуға болады. Бұл ретте басқа науадан мұқабалар үшін арнайы қағаз пайдаланылады. Мұқабалар мөрмен және	X						
Кейінгі қалдырылған табыстау	Факсті жіберу көрсетілген уақытта жүргізілуі мүмкін. Факсті жіберудің 24 сағатқа дейінгі мерзімге кейінге қалдыруға болады.			X				
Алушыны енгізу	Сенсорлық экранның пернетақтасынан әрбір алушының факс нөмірін енгізіңіз.			X				
Файл форматы	Сақталатын кескіндеменің форматын орнату үшін Файл форматы баптауын қолданыңыз.		X		X	X		
Кімнен	«Кімнен» баптауы пошта хабарламасын жіберушіні немесе сканерлеу файлын көрсету үшін қызмет етеді.		X					
Егер файл бар болса	Бұл баптау берілген аты бар файл бар болған кезде орындалатын әрекеттерді көрсету үшін қолданылады.				X			
Кескіндемені жылжыту	Кескіндеменің беттегі орналасуын өзгерту үшін Кескіндемені жылжыту таңдаңыз. Кескіндеме	X						

Баптау	Сипаттамасы	Көшірмеле	Электронды пош	Факс	Сканирлеу (қайда)	USB	Сақталған жұмыстар	Күәлікті көшірме
	қағазды әр бетінде X және Y осьтері бойынша							
Ашығырақ/Қаралау	«Ашығырақ/Қаралау» жүгірткісін қолдана отырып, шығу кескіндемесін немесе таңбаны ашығырақ немесе қаралау етіп жасауға	X	X	X	X	X		X
Пошталық жәшіктер	Қашықтан алынатын факстерді сақтау үшін Пошталық жәшіктер опциясы көзделген. Ол факс атқарымымен қашықтағы аппаратпен алынатын факстерлі сақтауға арналған. Пошта жәшігіне қолжетімділік үшін оның нөмірін білу қажет. Құпия құжаттарды қорғау			X				
Қолмен теру режимі	Қолмен теру режимі опциясы факс-модемнің динамигін уақытша қосу үшін қолданылады. Бұл атқарым халықаралық нөмірлерді теру үшін, сондай-ақ телефон желісінде белгілі бір дыбыстық сигналды күту қажет болған жағдайда қолданылады.			X				
Өрістерді жылжыту	Өрістерді солға, оңға, жоғары немесе төмен жылжыту үшін өрістерді жылжыту баптауларын	X						
Хабарлама	«Хабарлама» опциясы пошталық хабарламаны алып жүретін ақпаратты енгізу үшін қызмет етеді.		X					
Түпнұсқа бағдары	«Бағдар» баптауы кескіндеменің бағдарын көрсету үшін қызмет етеді. Осы ақпараттың негізінде көшірмелер жасау кезінде	X	X	X	X	X		

Баптау	Сипаттамасы	Көшірмеле	Электронды пош	Факс	Сканерлеу (қайда)	USB	Сақталған жұмыстар	Күелікті көшірме
	кескіндемені бұру қажет пе, анықталады.							
Формат оригинала	Түпнұсқаның қажетті облысын дұрыс сканерлеу үшін оның өлшемін көрсету қажет.	X	X	X	X	X		
Түпнұсқаның түрі	Кескіндеме сапасы түпнұсқалардың түріне және оларды жасау тәсіліне байланысты	X	X	X	X	X		
Дайын жұм.түрі	«Дайын жұм.түрі» баптауы кескіндемедегі және таңбадағы түс беруді түзету үшін қызмет етеді.		X		X	X		
Беттің макеті	Қағаздың бір бетінде беттердің таңдалған санын басып шығаруға болады. Бірнеше бетті бір парақта басып шығаруды таңдау қағаз үнемдейді және құжат макетін қарап шығуға мүмкіндік береді.	X						
Қағазбен жабдықтау	Баспа жұмысына арналған науаны таңдау үшін, Қағазбен жабдықтау баптауын қолданыңыз. «Авто» нұсқасын таңдау кезінде науа түпнұсқаның өлшеміне және берілген баптауларға байланысты таңдалады.	X						X
Сауалнама	Сауалнама атқарымы принтердегі факсимильді хабарламаларды сақтауға және оларды басқа аппараттармен сұратуға қолжетімді етуге мүмкіндік береді. Ол сауалнама атқарымымен факсимильдік аппараттарда сақталған факстерді шығару үшін			X				
Саны	Сан өрісіне жұмыс үшін қажетті көшірмелер санын енгізіңіз.	X					X	X

Баптау	Сипаттамасы	Көшірмеле	Электронды пош	Факс	Сканирлеу (қайда)	USB	Сақталған жұмыстар	Куәлікті көшірме
Азайту/ұлғайту	Кескіндемені бастапқы өлшемнен 25% - ға дейін азайтуға немесе 400% - ға дейін арттыруға болады.	X						
Кімге жауап беру керек	«Кімге жауап беру» баптауы хабарламаға эл. поштаны қосуға мүмкіндік береді, сол арқылы алушыға жауап хабарлама жіберу керек. Ол алушыдан жауап, электронды поштаның хабарламалары принтерге емес, пайдаланушыға келуі қажет кезде қолданылады.  Ескертпе. Бұл баптау алдын ала жүйелік әкімшімен орнатылуы мүмкін.		X					
Рұқсат	Рұқсат графикалық кескіндердің сапасын анықтайды. Сурет ажыратымдылығы дюйм (dpi) нүктелерінде		X	X	X	X		
Тақырыптың мәтінін жіберу	Факсті жіберілетін факстің тақырыбында қажетті ақпаратты көрсетпей жіберу заңсыз болып табылады. Барлық факстерге келесі ақпаратты енгізу үшін Тақырыптың мәтінін жіберу опциясын қолданыңыз: - Жіберушінің аты және телефон нөмірі - Табыстау күні мен			X				
Тақырып	«Тақырып» баптау тақырыпты электронды поштаның хабарламасына қосу үшін қызмет етеді.		X					